

«Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің сырттай
отырысының
2026 жылғы 22 маусымдағы
№ 277 шешіміне
№4 Қосымша

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП

Мазмұны

| | |
|---|----|
| Есеп туралы..... | 4 |
| Директорлар кеңесі мүшесінің үндеуі..... | 5 |
| Басқарма Төрағасының үндеуі..... | 7 |
| Қор туралы..... | 10 |
| 1. Тұрақты даму стратегиясы және оны басқару | 15 |
| 1.1. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау | 16 |
| 1.2. Жасанды интеллект стратегиялық құрал ретінде..... | 18 |
| 1.3. Корпоративтік басқару | 21 |
| 1.4. Директорлар кеңесі..... | 22 |
| 1.5. Басқарма | 26 |
| 1.6. Комплаенс..... | 28 |
| 1.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 29 |
| 1.8. Омбудсмен..... | 30 |
| 1.9. Тәуекелдерді басқару | 31 |
| 1.10. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, ашықтық және айқындық..... | 32 |
| 1.11. Қоғамдық кеңес | 33 |
| 2. Экономикалық өркендеуге қосылған үлес | 35 |
| 2.1. Экономикалық тиімділік цифрларда | 35 |
| 2.2. Мемлекетке төлемдер..... | 37 |
| 2.3. Қаржылық нәтижелер және тұрақты өсу | 37 |
| 2.4. «Жасыл» қаржыландыру..... | 38 |
| 2.5. Біздің инвестициялық жобаларымыз | 39 |
| 2.6. Отандық кәсіпкерлікті қолдау | 42 |
| 2.7. Ғылыми-зерттеу қызметі..... | 43 |
| 3. Біздің адамдар..... | 46 |
| 3.1. Оқыту және кәсіби даму | 49 |
| 3.2. Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық | 52 |
| 3.3. Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету..... | 56 |
| 3.4. Қайырымдылық | 58 |
| 4. Қоршаған ортаға әсерді басқару | 63 |
| 4.1. Климаттың өзгеруі..... | 65 |
| 4.2. Энергия тиімділігі | 69 |
| 4.3. Су ресурстарын басқару | 72 |
| 4.4. Атмосфералық ауаның сапасы | 78 |
| 4.5. Қалдықтармен жұмыс істеу..... | 79 |
| 4.6. Биоәртүрлілік | 81 |
| 5. 2026 жылдың негізгі басымдықтары..... | 83 |
| 6. Қосымшалар..... | 84 |
| 1-қосымша. Есепті дайындау әдістемесі | 84 |
| 2-қосымша. БҰҰ ТДМ-ге қол жеткізудегі ілгерілеу..... | 87 |

| | |
|--|-----|
| 3-қосымша. БҰҰ Жаһандық шартына қатысу..... | 92 |
| 4-қосымша. Халықаралық ынтымақтастық..... | 94 |
| 5-қосымша. Әріптестік және мүшелік | 97 |
| 6-қосымша. ESG-тәуекелдер тізбесі..... | 101 |
| 7-қосымша. Негізгі климаттық тәуекелдер..... | 103 |
| 8-қосымша. Байланыс ақпараты | 105 |
| 9-қосымша. Кері байланыс сауалнамасы | 106 |
| 10-қосымша. Есептілік шекаралары..... | 108 |
| 11-қосымша. GRI мазмұн көрсеткіші..... | 137 |
| 12-қосымша. SASB мазмұн көрсеткіші | 154 |
| 13-қосымша. ESG Data | 155 |
| 14-қосымша. Сыртқы растау | 176 |
| 15-қосымша. Глоссарий..... | 177 |

Есеп туралы

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның *(бұдан әрі – Қор)* 2025 жылғы Тұрақты даму саласындағы есебі *(бұдан әрі – Есен)* Қордың тұрақты даму бойынша оныншы дербес есебі болып табылады және ол Қор мен оның портфельдік компаниялары *(бұдан әрі – Қор тобы)* туралы 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге шоғырландырылған ақпаратты қамтиды. Есепте Қор тобы қызметінің нәтижелері мен оның Қазақстан Республикасының экономикалық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік дамуына қосқан үлесі туралы ақпарат берілген.

Осы құжатты Директорлар кеңесі 2026 жылғы 11 маусымда бекітті және 2026 жылғы 30 маусымда жариялады. Алдыңғы басылымдармен біздің ресми сайтымызда танысуға болады. ^{GRI 2-3} ^{GRI 2-14}

Есеп бойынша, сондай-ақ Қордың тұрақты даму саласындағы қызметі бойынша кері байланысқа арналған байланыс ақпараты 8-қосымшада ұсынылған.

Осы Есеп тұрақты даму саласындағы есептіліктің Жаһандық бастамасы стандарттарына GRI (*Global Reporting Initiative Standards 2021*) сәйкес, сондай-ақ SASB және TCFD стандарттарының қағидаттары мен тәсілдерін пайдалана отырып дайындалды.

Есепті қалыптастыру кезінде біз елеулілік қағидатын негізге алдық және экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға ықпалымызды барынша көрсететін мәселелерді қостық.

Барлық ақшалай көрсеткіштер, өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық теңгеде берілген.

Есепті кезең қаржылық есептіліктің кезеңіне сәйкес келеді. ^{GRI 2-3} Осы Есепте берілген деректер 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың Шоғырландырылған қаржылық есептілігінің шекараларына кіретін Қор тобының қызметін қамтиды. ^{GRI 2-2}

Құжат бойынша навигацияны жеңілдету үшін беттің жоғарғы бөлігіне баннерлер орналастырылған.

Директорлар кеңесі мүшесінің үндеуі

Құрметті оқырмандар,

Он жыл бұрын алғашқы Тұрақты даму саласындағы есеп «Тұрақты болашаққа жол» деген тақырыппен жарық көрген еді. Бүгін сіздердің алдарыңызда оныншы шығарылым тұр. Осы он жыл ішінде тұрақты даму күн тәртібі есеп тақырыбынан Қордың Даму стратегиясының үш тірегінің біріне айналды – активтерді басқару және бәсекелестікті дамытумен қатар.

Бұл мерейлі шығарылымның тақырыбы жасанды интеллект болуы белгілі бір символдық мәнге ие. Қор үшін бұл жай ғана технологиялық тренд емес, ұзақ мерзімді тұрақты дамудың маңызды элементі әрі негізі. Қор шешімдер көбіне үлкен деректерді талдауға сүйенетін жүйені дәйекті түрде қалыптастырып келеді, бұл болашақта икемді, тұрақты және бәсекеге қабілетті болып қалуға мүмкіндік береді. Бұл басқару сапасын арттыруға, адам факторының әсерін төмендетуге және одан әрі өсу үшін берік негіз қалыптастыруға бағытталған жүйелі өзгерістің бір бөлігі.

Бүгінде «Самұрық-Қазына» АҚ активтерінің құны бойынша әлемдегі ірі егемен қорлар арасында 22-орында тұр. Біз үшін жүйелі қайырымдылық ерекше маңызға ие. Қор тобы жыл сайын таза табысының 7%-ын өткір әлеуметтік мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бағыттайды. Бұл қаражат атаулы көмекке: қымбат дәрі-дәрмектерді сатып алуға, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға және өңірлердегі білім беру инфрақұрылымын дамытуға жұмсалады.

Алайда, қаржылық көрсеткіштер біз үшін өндірістік қауіпсіздіктен ажырамайды. LTIF жарақаттану коэффициентінің 0,12-ге дейін төмендеуі – Қордың кәсіби кемелдігінің оның табыстылығымен теңдей маңызды индикаторы.

Халықаралық серіктестердің сенімі ақпаратты ашудың әлемдік стандарттарын ұстанбай мүмкін емес. Көрсеткіштерімізді сырттай растау және Global SWF (2025 жылы 10 балдан 9 балл) сияқты жаһандық институттардың жоғары бағалары: «Самұрық-Қазына» АҚ әлемнің жетекші егемен қорларының деңгейіне сәйкес екенін растайды. Жеті ірі компаниямызда ESG-рейтингтердің болуы – жай ғана формальдылық емес, олардың жаһандық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігінің расталуы.

Қордың Қоғамдық кеңесінің төрағасы ретінде мен оны қажетті теңгерім және кері байланыс құралы деп есептеймін. 2025 жылы біз алты отырыс өткіздік, оның ішінде өңірлердегі көшпелі кездесулер де болды. Әлеуметтік жауапкершілік, энергетикалық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мәселелері сараптамалық қауымдастықпен тікелей диалогта талқыланды. Мен үшін бұл жұмыс Директорлар кеңесіндегі қызметті толықтырады: бұл Қорға қоғамның күтулері тұрғысынан қараудың тәсілі.

Біздің мақсатымыз өзгеріссіз қалуда: ашықтық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, ел ресурстарын болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді әл-ауқатқа айналдыру.

Жәмішев Болат Бидахметұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Тәуелсіз директоры

Басқарма Төрағасының үндеуі

2025 жылы Қор тобы тұрақты нәтижелер көрсетіп, нарықтық құбылмалылық жағдайында активтердің табыстылығын қамтамасыз ету қабілетін растады.

Есепті жылдың соңындағы активтер құны 44,2 трлн теңгені құрады. Кірістер 15%-ға артып, 21,2 трлн теңгеге жетті, ал ел бюджетіне төленген салықтар көлемі 9%-ға өсіп, 2,3 трлн теңгеге жетті. Мемлекеттік салық түсімдерінің әр он екінші теңгесін Қор тобы қамтамасыз етеді. 2021 жылдан бері Қордың меншікті ресурстары негізінде активтер ұлттық валютада шамамен 46%-ға өсті. Соңғы жылдары Қор бюджетке түсетін негізгі көздердің бірі ретінде тұрақты орнын сақтап келеді.

Топтың қаржылық тұрақтылығы «үлкен үштіктің» рейтингтерімен расталды: Fitch (BBB, тұрақты), Moody's (Baa1, тұрақты), S&P (BBB-, позитивті). Біз қарыз жүктемесінің консервативті деңгейін ұстап тұра аламыз: таза қарыздың EBITDA-ға қатынасы 1,44 құрайды. Мұндай қаржылық тәртіп бізді ірі егемен қорлармен бір қатарға қойып, Топтың барлық міндеттемелерді орындау және ұзақ мерзімді даму стратегияларын жүзеге асыру үшін қаржылық тұрақтылық қоры жеткілікті екенін көрсетеді.

Бүгінде Топтың жеті компаниясының акциялары халықаралық биржаларда саудаланады, олардың жалпы нарықтық капиталдандыруы 44,9 млрд АҚШ долларын құрайды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша).

Жалпы құны 1,1 трлн теңгені құрайтын, елдің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтуға, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жаңа жоғары технологиялы өндірістерді құруға бағытталған 10 инвестициялық жобаны іске асыру аяқталды. «Талдықорған–Үшарал» газ құбырын салу Жетісу облысының 84 елді мекенін газбен қамтамасыз етеді. «Достық–Мойынты» теміржолын жаңғырту (2-ші жолдар) Қытай–Еуропа дәлізінің өткізу қабілетін бес есеге арттыруға мүмкіндік берді. Кендірлідегі тұщыландыру зауыты Маңғыстау облысындағы ауыз су тапшылығы мәселесін шешті.

Бүгінде Қор ұзақ мерзімді тұрақтылыққа, декарбонизацияға және цифрлық трансформацияға назар аударып отыр. Біз бүкіл Топта ESG (экология, әлеуметтік жауапкершілік және басқару) қағидаттарын енгізу, сондай-ақ активтерді басқару тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллектіні белсенді пайдалану бойынша мақсаттар қойып отырмыз.

Қордың басымдығы ретінде қауіпсіздік стандарттарына адалдық сақталуда: 2025 жылы жарақаттану коэффициенті (LTIF) 0,12-ге дейін төмендетілді.¹

¹ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту стратегиясына сәйкес LTIF көрсеткіші (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті) мына әдіс бойынша есептеледі: еңбекке жарамсыздыққа әкелген жазатайым оқиғалардан зардап шеккен Қор тобы қызметкерлерінің саны 1 миллион адам-сағатқа көбейтіліп, есепті 12 айда жұмыс істелген адам-сағаттың жалпы

Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы шеңберінде Жаңаөзенде қуаты 50 МВт күн электр станциясы (КЭС) іске қосылды және елде алғаш рет SANY RE жел турбиналарының компоненттерін өндіру қолға алынды. Іске асырылып жатқан жаңартылатын және төмен көміртекті жобалардың жалпы қуаты 6 ГВт-тан асады – бұл елдегі осындай бастамалардың шамамен 60%-ы. Топтың көміртек сыйымдылығы кіріс бірлігіне шаққанда 14%-ға төмендеді. Елдің гидроэнергетикалық әлеуеті белсенді дамуда: жалпы қуаты шамамен 900 МВт ірі гидроэлектр станциялары (ГЭС) және гидроаккумуляциялаушы станциялар жобалары іске асырылуда. Сонымен қатар заманауи отын инфрақұрылымы құрылуда, оның ішінде орнықты авиациялық отынға көшуді қамтамасыз ету үшін Ақтөбедегі жаңа кешен бар.

Қор тобында жасанды интеллект қолданылатын 62 жоба іске асырылуда. Топтың 236 000 қызметкері цифрлық дағдыларға оқудан өтті. Алдағы екі жылда басқарушылық шешімдердің 70%-ы жасанды интеллектінің қолдауымен қабылданатын модельге өту жоспарлануда.

Қайырымдылықтың бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры арқылы 2025 жылы денсаулық сақтау, білім беру, спорт және мәдениет саласында 13,2 млрд теңгеге 39 жоба іске асырылды. 1 миллионнан астам адамға көмек көрсетілді, 600 жұмыс орны құрылды.

Инклюзия мәселелеріне ерекше назар аударылады. «Ainala» жобасы аясында Түркістан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында жылына 800 баланы қамтитын 5 оңалту орталығы ашылды. 2021 жылдан бері елімізде ерте араласу орталықтарынан бастап менталды бұзылыстары бар балаларға арналған мекемелерге дейін жалпы саны 55 осындай орталық ашылды. 21 000-нан астам бала тегін көмек алды.

Бүкіл ел бойынша 700 000-нан астам тұрғынға қызмет көрсететін 19 спорттық кешен мен 2 000-нан астам ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін 31 инклюзия қолдау кабинеті жұмыс істейді. Кадрларды дамыту саласында 160 мыңнан астам адам біліктілігі мен кәсіби дағдыларын арттырды, ал Топтың мамандары AtomSkills және Hi-Tech 2025 халықаралық чемпионаттарында 15 жүлделі орын иеленді.

Орта мерзімді келешекте Қор корпоративтік басқарудың озық стандарттары мен тұрақты инвестициялық стратегияларды енгізу арқылы портфельдік компаниялардың құнын ұлғайтуға назар аударады. 2026 жылдың соңына дейін басқарудағы активтерді 50 трлн теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда. 2032 жылға қарай – таза активтер құнын екі есе арттыру, ESG-рейтингінің 70-ші перцентиліне жету, көміртек ізін 10%-ға азайту.

Алматы ЖЭО-2 жаңғырту мен жаңа теміржол желілерін салуды қоса алғанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың қатары іске асырылуда. 2020–2025 жылдары 23 млрд АҚШ доллары инвестициясы тартылды; 2026–2030 жылдарға тағы 27 млрд АҚШ долларын тарту мақсаты қойылған.

Біздің мақсатымыз – тек сандық өсу ғана емес, сонымен бірге бүкіл портфельдің тұрақтылығын, технологиялылығын және жалпы инвестициялық тартымдылығын нығайту.

Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы

Қор туралы

«Самұрық-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2008 жылы құрылған. Қор стратегиялық маңызы бар мемлекеттік активтерді басқара отырып, ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуде басты рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың Жалғыз акционері болып табылады. GRI 201-4 Үкімет пен Қор тобы арасындағы өзара қарым-қатынас корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Қордың мақсаты – Топ құрамына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құндылығын арттыру, сондай-ақ оның активтерін тиімді басқару есебінен Қазақстан Республикасының (ҚР) ұлттық әл-ауқатын арттыру.

Қор экономиканың әртүрлі секторларындағы стратегиялық активтерді басқарады. Портфельге мұнай-газ, мұнай-химия және химия, көлік-логистика, тау-кен металлургия кешені, электр энергетикасы және телекоммуникация секторларының компаниялары кіреді.

Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүзеге асырады². GRI 2-1 GRI 2-6

| Үкімет (ҚР) | Құрылған жылы | ТОП 25 | Кірістер | Салықтар (ҚР) |
|-------------|---------------|--|---------------------------------|-------------------------------|
| 100% | 2008 | Активтер көлемі бойынша әлемнің ірі қорлары арасында 22-орын (SWFI, 2025) | 21,2 трлн теңге 2024-ке +15% | 2,3 трлн теңге 2024-ке +9% |

| | | |
|----------------------------------|--|--|
| Moody's Baа1 (Тұрақты) | S&P Global Ratings BBB- (Позитивті) | FitchRatings BBB (Тұрақты) |
|----------------------------------|--|--|

Миссия

Қазақстан Республикасы халқының мүддесіне сай әртараптандырылған активтер портфелін тиімді басқару және бизнесті қолдау арқылы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құн жасау.

Біздің пайымдауымыз

² Қордың ірі портфельдік компаниялары қызметінің географиясы туралы толығырақ ақпарат Қордың 2025 жылғы Жылдық есебінің «Активтер портфелі» бөлімінде берілген.

Жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарында инновациялық дамуда серпіліс жасайтын ұлттық экономикадағы көшбасшы болу.

«Самұрық-Қазына» АҚ – Қазақстан экономикасының жүйе құраушы элементі. Бұл – жарық пен жылу, отын мен қозғалыс, байланыс пен инфрақұрылым.

| |
|--|
| 26% – мұнай мен конденсат өндірудегі үлес |
| 57% – мұнайды тасымалдаудағы үлес |
| 80% – мұнайды өндеудегі үлес |
| 21% – дүниежүзілік уран өндірудегі үлес |
| 74% – темір жол жолаушылар тасымалындағы үлес |
| 77% – темір жол жүк тасымалындағы үлес |
| 38,1% – көмір өндірудің жалпы көлеміндегі үлес |
| 31,3% – электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі үлес |

2025 жылы біз мемлекеттің цифрландыру басымдықтарына, сондай-ақ басқару мен өндірістік үдерістердің тиімділігін арттыру міндеттеріне сәйкес жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді дамытып, енгіздік. Қор ЖИ-ді қолданудың бірыңғай тәсілін қалыптастырады, меншікті шешімдерді әзірлейді және оларды портфельдік компаниялар деңгейіне дейін кеңейтеді.

ЖИ құралдары барлық негізгі үдерістерге – өндірістік міндеттерді басқарудан бастап Директорлар кеңесі деңгейінде шешім қабылдауды қолдауға дейін – интеграцияланып жатыр.

Инфографика: Бизнес-модель

| Капиталдар | Құнды құру |
|--|---|
| <p>Қаржылық капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 44,2 трлн теңге – активтер құны • 1,7 трлн теңге – Қордың ҚР экономикасын субсидиялауы | <p>Қаржылық капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 3,2 трлн теңге – таза пайда • 2,8 трлн теңге – мемлекетке төленген төлемдер |
| <p>Адами капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 62 млрд теңге – қызметкерлерді сауықтыру мен оқытуға шығыстар • 189 млрд теңге – өндірістік қауіпсіздікке инвестициялар | <p>Адами капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 25% – персонал құрылымындағы әйелдер үлесі • 0,12 – жарақаттану коэффициенті (LTIF)³ |
| <p>Өндірістік капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 32 трлн теңге – инвестициялық портфель • 588 млрд теңге – күрделі салымдар | <p>Өндірістік капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2,3 трлн теңге – ҚР бюджетіне салықтар • 2,3 трлн теңге – инвестициялық жобалар бойынша игеру |

³ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту стратегиясына сәйкес LTIF көрсеткіші (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті) – өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесі туралы қорытындыға сәйкес ауыр өндірістік жарақатқа жатқызылған, еңбекке жарамсыздыққа әкелген жазатайым оқиғалардан зардап шеккен компания қызметкерлерінің саны, оның ішінде қаза тапқандар, 1 миллион адам-сағатқа көбейтіліп, есепті 12 айда жұмыс істелген адам-сағаттың жалпы санына бөлінеді.

| | |
|---|--|
| <p>Табиғи капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 57 млрд теңге – қоршаған ортаны қорғауға шығыстар • 452,3 млн ГДж – энергия тұтыну • 331,1 млн м³ – өндірістік қажеттіліктерге арналған су тұтыну⁴ | <p>Табиғи капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • ~6,6 ГВт – жаңартылатын және төмен көміртекті энергетика жобаларының қуаты • 14,5%-ға парниктік газдар шығарындыларының қысқаруы |
| <p>Әлеуметтік капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 50 млрд теңге – өңірлерді әлеуметтік қолдау шығыстары • 104 млрд теңге – қайырымдылыққа жұмсалған шығыстар, оның ішінде «Қазақстан халқына» ҚҚ-ға 75 млрд теңге бөлінген | <p>Әлеуметтік капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 55 – инклюзивті инфрақұрылымның мамандандырылған нысандары • > 21 мың бала тегін көмек алды |
| <p>Зияткерлік капитал «Самғау» Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығының (ҒТБО) ғылыми-техникалық қызметінің бірыңғай операторы</p> | <p>Зияткерлік капитал</p> <ul style="list-style-type: none"> • 160 мың адам біліктілігін арттырып, кәсіби дағдыларын жетілдірді • 1 қызметкерге 27 академиялық сағат оқыту |

Инфографика: Тұрақты дамудың негізгі көрсеткіштері

| Экономикалық аспект | Әлеуметтік аспект | Экологиялық аспект |
|--|---|--|
| ESG рейтингі 65,6 перцентиль (2024 ж. 63 перцентиль) | LTIF 0,12 (2024 ж. – 0,13) | Таза көміртек ізін 2032 жылға қарай 2021 жылмен салыстырғанда 10%-ға төмендету (базалық 2021 ж. – 72,2 млн тонна CO ₂ -экв.) |
| ЕБИТДА 5,6 трлн (2024 ж. 4,9 трлн) | ДК/БК құрамындағы және ПК Басқармасындағы әйелдер үлесі 17% және 13% (2024 ж. 17% және 15%) | Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну 452 млн ГДж (базалық 2021 ж. 492 млн ГДж) |
| Отандық жеткізушілерден сатып алу 3 746 млрд теңге (2024 ж. – 3 505 млрд теңге) 94% – жергілікті қамту үлесі | Қайырымдылық 104 млрд теңге (2024 ж. 101 млрд теңге) | Қоршаған ортаны қорғауға шығыстар 57 млрд теңге (2024 ж. 51 млрд) |
| Қор тарапынан ҚР экономикасын субсидиялау 1 696 млрд теңге (2024 ж. 1 259 млрд теңге) | Өңірлерді әлеуметтік қолдау 50 млрд теңге (2024 ж. 45 млрд теңге) | Көміртек ізі 61,9 млн тонна CO ₂ -экв. (базалық 2021 ж. – 72,2 млн тонна CO ₂ -экв.) |

⁴ СЭС есебінсіз

| | | |
|--|--|--|
| <p>ҒТБО портфеліндегі ғылым және инновациялар</p> <p>9,2 млрд теңге құнындағы 32 жоба (2024 ж. 6,6 млрд теңге құнындағы 24 жоба)</p> | <p>«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына қаражат бөлу</p> <p>75 млрд теңге (2024 ж. 50 млрд теңге)</p> | <p>Жалпы қуаты 6,6 ГВт-қа дейінгі ЖЭК саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру</p> <p>(2024 ж. 6,3 ГВт-қа дейін)</p> |
|--|--|--|

2025 жылы аяқталған инвестициялық жобалар

| Жоба | Ел үшін әсер |
|--|--|
| «Талдықорған – Үшарал» магистральды газ құбырын салу | <ul style="list-style-type: none"> Ұзындығы > 300 км; Жетісу облысының 84 елді мекенін газдандыруға жәрдемдесу. |
| «Достық-Мойынты» темір жол дәлізін жаңғырту (екінші жолдарды салу) | <ul style="list-style-type: none"> Ұзындығы 836 км; Қытай–Еуропа дәлізінің өткізу қабілетін 5 еседен арттыру (тәулігіне 60 жүп пойызға дейін). |
| Алматы станциясының темір жол торабын айналып өтетін темір жол желісін салу | <ul style="list-style-type: none"> Ұзындығы 77 км; Алматы көлік торабының жүктемесін 40%-ға азайту; Жүктерді жеткізу уақытын 24 сағатқа қысқарту; 2034 жылға қарай жүк тасымалының өсуі > 14 млн тонна. |
| Жаңаөзенде ENI-мен бірлесіп қуаты 50 МВт КЭС салу | <ul style="list-style-type: none"> Жалпы қуаты 247 МВт болатын гибридті кешен шеңберінде (күн, жел және газ генерациясы) мұнай-газ нысандары үшін таза энергия өндіру. |
| Кендірлі поселкесінде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу | <ul style="list-style-type: none"> Маңғыстау облысындағы су тапшылығын жою: тәулігіне 50 мың м³ тұщы су. |
| ZHETYSU контейнерлік терминалын салу | <ul style="list-style-type: none"> Қуаты жылына 115 000 ЕФЭ-ге дейін;⁵ «Бір белдеу – бір жол» бағытына тікелей қол жеткізу; Қазақстандық бизнес үшін логистикалық шығындарды төмендету. |
| Ақтау порты базасында контейнерлік хаб құру | <ul style="list-style-type: none"> Транскаспий бағытының транзиттік әлеуетін жылына 240 000 ЕФЭ қуатына дейін арттыру. |
| «СП «CASPI BITUM» ЖШС битум өндірісін кеңейту | <ul style="list-style-type: none"> Битум өндірісін 50%-ға арттыру (750 мың тоннаға дейін); Битумға ішкі сұранысты толық жабу. |
| Жамбыл облысында SANY RE-мен бірлесіп жел генераторларының компоненттерін өндіру | <ul style="list-style-type: none"> Жылына қуаты 2 ГВт-қа дейінгі жел генераторларының компоненттерін өндіруді оқшаулау. |
| Gold card бар цифрлық газ есептегіштерін өндіру | <ul style="list-style-type: none"> Газды дәл есепке алу және оны жоғалтуды болдырмау үшін жылына 500 мың цифрлық аспап шығару. |


ESG-рейтингтер

| Рейтинг | Компания | Балл |
|---------|----------|------|
|---------|----------|------|

⁵ Ұзындығы 6,1 м болатын бір стандартты контейнер көлеміне сәйкес келетін контейнер паркі мен жүк айналымын есепке алудың халықаралық бірлігі.

| | | |
|---|------------------------------|-------------------|
| Global SWF | «Самұрық-Қазына» АҚ | 72/100 |
| S&P Global Ratings | «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ | 75/100 |
| | «KEGOC» АҚ | 62/100 |
| | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ | 51/100 |
| | «Қазақтелеком» АҚ | 51/100 |
| MSCI  | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | BBB |
| | «QazaqGaz» ҰК АҚ | A |
| Sustainable Fitch | «Самұрық-Энерго» АҚ | «3» (балл 57/100) |

Климаттық рейтингтер

| Рейтинг | Компания | Климаттық рейтинг | Су қауіпсіздігі бойынша рейтинг |
|---|---------------------------|-------------------|---------------------------------|
|  | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ | B | C |
| | «QazaqGaz» ҰК АҚ | B | - |
| | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ | B- | C |
| | «Самұрық-Энерго» АҚ | D | D |

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024 жылғы Тұрақты даму саласындағы есебі Қазақстан қор биржасының (KASE) есептер рейтингінде екінші орынды иеленді (2026 жылғы наурыз).

РwC Қазақстанның жыл сайынғы «ESG-ақпаратты ашу бойынша ТОП-50 үздік компания» рейтингінің қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024 жылғы Тұрақты даму саласындағы есебі «Тұрақты даму саласындағы стратегияны үздік ашу» номинациясында жеңімпаз деп танылды (2025 жылғы желтоқсан).

Несиелік емес рейтингтер саласындағы Ресейдің ірі агенттігі – RAEX (РАЭК-Аналитика) жыл сайынғы рейтингінің қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ көпшілікке арналған қаржылық емес есептіліктің ең жоғары сапасы үшін 5 жұлдыз алды (2025 жылғы желтоқсан).

1. Тұрақты даму стратегиясы және оны басқару

Біз қызметімізді 2023–2032 жылдарға арналған Стратегияға (*Даму жоспарына*) сәйкес жүзеге асырамыз, ол негізгі Жалпыұлттық басымдықтарға сәйкес келеді және «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыруға ықпал етеді. GRI 2-22

2023–2032 жылдарға арналған Стратегия: үш бағыт

| Стратегиялық бағыттар | Активтер портфелін тиімді басқару | Бизнес үшін экожүйе | Тұрақты даму |
|-----------------------|---|---|---|
| Мақсаттар | Таза активтердің құнын ұлғайту | Бәсекелестікті дамыту | ESG қағидаттарын енгізу |
| Міндеттер | 1. Еңбек өнімділігін арттыру; 2. Қаржылық тұрақтылық; 3. Бизнес-процестерді оңтайландыру және жетілдіру; 4. Активтерді жаңғырту және цифрландыру; 5. Жаңа қайта бөліністерге шығу және индустриялар құру; 6. ҒЗТКЖ және инновацияларды, жоғары технологиялы өндірістерді дамыту. | 7. IPO/SPO және экономикадағы үлестің төмендеуі; 8. Ірі инфрақұрылымдық жобалар; 9. Ресурстық базаны дамыту; 10. Жаһандық әріптестік және инвестициялық қызметті үйлестіру; 11. Жауапты және нарықтық тариф белгілеу; 12. Инфрақұрылым мен нарықтарға тең қол жеткізу. | 13. Корпоративтік басқару; 14. Ашықтық, мөлдірлік және комплаенс; 15. Әлеуметтік жауапкершілік; 16. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің алдыңғы қатарлы тәжірибесі; 17. Адами капиталды дамыту; 18. Ресурс үнемдеу; 19. Декарбондау; 20. «Жасыл» қаржыландыру. |
| ҚНҚ | 1. Еңбек өнімділігі; 2. NAV. | 3. Негізгі капиталға инвестициялар; 4. Қордың экономикадағы үлесін азайту; 5. Шетел инвестицияларының жалпы ағыны. | 6. ESG-рейтинг; 7. Нетто көміртек ізін азайту. |

Тұрақты даму саласындағы стратегиялық ҚНҚ

| | |
|---|--|
| <p>Қор тобының ESG-рейтингі</p> <p>Мақсат – 2032 ж. қарай 70-перцентиль⁶</p> <p>2040 ж. қарай мақсат – 77-перцентиль</p> <p>2050 ж. қарай мақсат – 100-перцентиль</p> | <p>Таза көміртек ізін төмендету</p> <p>Мақсат – 2032 ж. қарай 2021 ж. деңгейінен 10%</p> <p>2060 ж. қарай мақсат – Net zero</p> |
|---|--|

⁶ Қордың «ESG-рейтинг» ҚНҚ-і портфельдік компаниялардың салмақтары мен рейтинг деңгейіне қарай орташа өлшенген рейтинг ретінде есептеледі.

| | |
|---|--|
| 2024 ж. – 63-перцентиль 2025 ж. – 66-перцентиль 2040 ж. тренді – 77-перцентиль 2050 ж. тренді – 100-перцентиль | 2024 ж. – 57,8 млн т CO ₂ -экв. (2021 ж. деңгейінен -20%) 2025 ж. – 61,8 млн т CO ₂ -экв. (2021 ж. деңгейінен -14,5%) |
|---|--|

Тұрақты даму саласындағы стратегиялық мақсаттар

| Корпоративтік басқару | Әлеуметтік жауапкершілік | Ресурс үнемдеу және декарбонизация |
|---|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> – Басқару органдарындағы әйелдердің үлесі 2030 жылға қарай 30%; – ДК-дегі тәуелсіз директорлардың үлесі – 60%; – Барлық ПК үшін ISO 37001 және ISO 37301 бойынша сертификаттау. | <ul style="list-style-type: none"> – 2028 жылға қарай 0,12 LTIF көрсеткішіне қол жеткізу; – Төмен жалақы алатын мамандықтар мен лауазымдардағы қызметкерлердің жалақысын арттыру; – Қауіпсіздік мәдениетін дамыту; – Кадрлық әлеуетті арттыру, жаңа салалардағы құзыреттерді нығайту. | <ul style="list-style-type: none"> – 2027 жылға қарай энергия сыйымдылығын 10%-ға төмендету; – Төмен көміртекті сатып алынатын энергия үлесі – 2032 жылға қарай 45%; – Офсеттік жобалар портфелі – 2032 жылға қарай 5,8 млн т CO₂-экв.; – Өндірудегі ЖЭК және ГЭС үлесі – 2032 жылға қарай 26%. |

Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі прогресс

| | | |
|--|---|--|
| Директорлар кеңестері/ Қадағалау кеңестері құрамындағы әйелдер үлесі 2025 ж. – 17% (2024 ж. – 17%) 2032 ж. қарай мақсат – 30% | Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлар үлесі 2025 ж. – 50% (2024 ж. – 57%) 2032 ж. қарай мақсат – 60% | LTIF 2025 ж. – 0,12 (2024 ж. – 0,13) 2028 ж. қарай мақсат – 0,12 Vision zero |
| Өндірістік қызметтің энергия сыйымдылығы 2025 ж. – 452 млн ГДж (2021 ж. – 492 млн ГДж) 2027 ж. қарай мақсат – 443 млн ГДж | Электр энергиясын өндірудегі ЖЭК және ГЭС үлесі 2025 ж. – 17% (2024 ж. 18%) 2032 ж. қарай мақсат – 26% | Офсеттік жобалар портфелі, млн т CO ₂ -экв. 2025 ж. – 0,5 млн т CO ₂ -экв. (2024 ж. – 0,5 млн т CO ₂ - экв.) 2032 ж. қарай мақсат – 5,8 млн т CO ₂ -экв. |

2025 жылғы Жылдық есепте стратегияның басқа бағыттары бойынша нысаналы көрсеткіштер туралы толығырақ

1.1. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау Қордың бизнес тұрақтылығы мен қызметінің үздіксіздігін қолдайды. Цифрландыру және кибер-қатерлердің өсуі жағдайында Қор ақпараттық активтерді қорғауды қорғаныс архитектурасына, тәуекелдерді басқаруға, ішкі аудитке және қол жеткізу

құқықтарын шектеуге қойылатын талаптарды белгілейтін бірыңғай Ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік стандарты негізінде басқарады.

2025 жылы біз ISO 27001 талаптарын ескере отырып, тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүйенің дамуын жалғастырдық. IT-инфрақұрылымды талдау және оңтайландыру, сондай-ақ процестердің қорғалу деңгейі мен кемелдігін бағалау жүргізілді. Нәтижелер бойынша рәсімделген процестер, жауапкершілікті бөлу және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі мәселелері бойынша басшылықты ақпараттандыру жүйесінің жұмыс істеуі расталды. GRI 3-3

Инфрақұрылымның қорғалуын қамтамасыз ету бөлігінде IT-жүйелерді тексеру жүргізілді, ықтимал істен шығу нүктелері мен осалдықтар анықталды, OSINT-талдауды қолдана отырып, сыртқы веб-ресурстар оңтайландырылды. Қорғаныс «қара жәшік» моделі бойынша, оның ішінде ішкі инфрақұрылым, ілеспе жүйелер және қызметкерлердің әлеуметтік-инженерлік әсерлерге төзімділігі бойынша тестіленді.

Орташа және сыни деңгейдегі осалдықтар жойылды; инфрақұрылымды бақылауды бұзуға әкеліп соқтыруы мүмкін елеулі ымыраға келу сценарийлері анықталмаған. Істен шығуға төзімділікті арттыру үшін сервер және желілік жабдықты орналастыру оңтайландырылды, сыни инфрақұрылым үшін георезервтеу қамтамасыз етілді, ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу, ағып кетудің алдын алу және осалдықтарды сканерлеуге арналған заманауи шешімдер енгізілді. GRI 3-3

Кибертұрақтылық жүйесінің маңызды элементі – оқиғаларды орталықтандырылған мониторингтеу және оларға ден қою. Кибершабуылдарға қарсы тұру үшін Қор тобында «QazCloud» ЖШС негізінде Қордағы және портфельдік компаниялардағы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тәулік бойы мониторингтеуді қамтамасыз ететін «Киберщит» жобасы іске асырылып жатыр.

Қор инфрақұрылымды мамандандырылған лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып үнемі сканерлейді, тәуекел көздері мен киберқауіпсіздік оқиғаларының тізбесін қалыптастырады, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тұрақты есептерді дайындайды.

Корпоративтік стандарт аясында портфельдік компаниялар тоқсан сайын инциденттер туралы ақпаратты жібереді, ол компаниялардың өздерінің деңгейінде де, Қор деңгейінде де талданады. Бұл орталықтандырылған бақылауды және ақпараттық жүйелердің құпиялылығына, тұтастығы мен қолжетімділігіне төнетін қатерлерді барынша азайту жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауды қамтамасыз етеді. GRI 3-3

2025 жыл қорытындысы бойынша Топта 2024 жылмен салыстырғанда 8,05%-ға көп болатын 27 164 инцидент тіркелді. Көрсеткіштің өсуі ең алдымен мониторинг қамтуын кеңейтуге және анықтау жүйелерінің сезімталдығын арттыруға байланысты. Сыни деңгей бойынша төмен және орта деңгейдегі

инциденттер басым, бұл ерте сатыда анықталатын оқиғалардың жоғары үлесін көрсетеді.

1-кесте. 2025 жылғы ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің саны

| Инцидент түрі | Саны |
|--------------------------------|--------|
| Зиянды бағдарламалық жасақтама | 8 605 |
| Рұқсатсыз қол жеткізу/бұзу | 3 153 |
| Өзгелер | 15 406 |

Инциденттердің негізгі шоғырлануы Топтың бірқатар ірі ұйымдарында, оның ішінде «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «QazaqGaz» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, сондай-ақ Топтың жекелеген IT-компанияларында байқалды.

Есепті кезеңде деректер қауіпсіздігі саласындағы оқудан 9 194 қызметкер өтті, олардың 40%-дан астамы Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті талаптарынан асатын бағдарламалар бойынша оқыды. Білім беру іс-шараларының жиынтық көлемі 113 тренинг аясында 17 077 сағатты құрады, бұл бір қызметкерге орташа есеппен 0,54 сағатқа сәйкес келеді. Бұл тәсіл нормативтік талаптарды орындауға ғана емес, киберқауіпсіздіктің озық тәжірибелерін енгізу есебінен ақпараттық қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді.

1.2. Жасанды интеллект стратегиялық құрал ретінде

Цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту саласындағы біздің қызметіміз Қазақстан Республикасының басымдықтарымен айқындалады. 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасы және «Жасанды интеллект туралы» Заң технологияларды дамытудың құқықтық негізін қалыптастырды, сондай-ақ Қор үшін инфрақұрылым, құзыреттер және ЖИ-ді басқарушылық пен операциялық процестерге практикалық енгізу бойынша бағдар берді.

Қордың 2023–2032 жылдарға арналған Стратегиясына сәйкес цифрландыру мен озық технологияларды енгізу активтер құнының өсуі мен бәсекеге қабілеттіліктің артуының негізгі факторлары болып табылады. Бұл модельде жасанды интеллект Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің практикалық құралы ретінде көрінеді.

Инфографика: ЖИ дамуының индикаторлары

| | | | |
|--|---|---|---|
| 62 инвестициялық портфельдегі ЖИ және автоматтандыру жобалары | 236 000 қызметкерлер ЖИ дағдылары бойынша оқытылды | 711 млрд теңге 2030 жылға қарай болжамды экономикалық әсер | +5% 2026 жылға қарай ЖИ-ді енгізу есебінен EBITDA нысаналы өсуі (барлық портфельдік компаниялар үшін) |
|--|---|---|---|

2025 жылы Қор пилоттық жобаларды іске асырудан жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді жүйелі енгізуге өтті. ЖИ қызметтің үш деңгейіне интеграцияланған:

- ұлттық – Қазақстанның егемен есептеу инфрақұрылымын дамытуға қатысу арқылы;
- корпоративтік – ЖИ-ді басқару, комплаенс және персоналды басқару процестеріне енгізу арқылы;
- операциялық деңгейде – ЖИ-шешімдерді операциялық қызметке енгізу арқылы.

Ұлттық деңгей: AI-Farabium: ЖИ-ін дамытуға арналған ұлттық негіз.

Біз Қазақстанда жасанды интеллект модельдерін оқыту және қолдану үшін өзіндік есептеу инфрақұрылымын дамытудамыз. Оның негізгі элементтерінің бірі – AI-Farabium, Орталық Азиядағы қуаты бойынша екінші суперкомпьютер, әлемдік TOP500 рейтингінде 103-орынды иеленді.

AI-Farabium базасында SKAI жүйесі орналастырылған, сондай-ақ мұнай-газ секторы, энергетика және көлік үшін салалық ЖИ-модельдерді әзірлеу жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта инфрақұрылымды Топтың бірқатар компаниясы мен сыртқы пайдаланушылар қолданады:

- «KEGOC» АҚ – энергожүйенің режимдерін модельдеу үшін;
- «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ – өндіру процестерін оңтайландыру үшін;
- «Қазақтелеком» АҚ – AI Мектеп сервистерін әзірлеу үшін;
- Қазақстанның стартаптарымен және технологиялық компанияларымен.

Корпоративтік деңгей: SKAI: ЖИ басқарушылық шешімдердің негізі ретінде.

Корпоративтік деңгейде 2025 жылғы қыркүйектен бастап Директорлар кеңесінің жұмысында қолданылып келе жатқан SKAI платформасы маңызды рөл атқарады. Платформа 2008 жылдан бергі шешімдер тарихын, сондай-ақ бүкіл инвестициялық портфель бойынша ақпаратты талдай отырып, аналитика сапасын арттырады және басқарушылық шешімдердің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Қосымша түрде біз бизнес-процестерді оңтайландырудың қолданбалы құралы ретінде ЖИ-агенттер⁷ бағытын дамытудамыз. Қазіргі уақытта персоналды басқару, қаржы, сатып алу, құқықтық сүйемелдеу, инвестициялық қызмет, әлеуметтік саясат және өндірістік қауіпсіздік функцияларын қамтитын 35-тен астам агент енгізілген.

Шешімдер деректерге қол жеткізуді және басқарушылық шешім қабылдауды қолдауды қамтамасыз ететін бірыңғай «SKAI Ассистент» платформасына біріктірілген. 2026 жылдан бастап олардың портфельдік компанияларға масштабталуы көзделіп отыр, екі жыл ішінде шешімдердің 70%-ы ЖИ қолданылып қабылдану нысаналы бағдары қойылған.

⁷ ЖИ-агент – берілген бизнес-процестер шеңберінде тапсырмаларды өз бетінше орындайтын, деректерді талдайтын және шешім қабылдауға көмектесетін жасанды интеллект негізіндегі цифрлық көмекші.

Операциялық деңгей: операциялық қызметтегі ЖИ-жобалары

Операциялық деңгейде біз жасанды интеллект саласындағы жобаларды мұнай-газ, электр энергетикасы, телекоммуникация, көлік-логистика және тау-кен металлургия секторларында іске асырамыз.

Олар өнеркәсіптік процестердің өнімділігін арттыруға, тоқтап қалулар мен аварияшылдықты азайтуға, клиенттік және мемлекеттік сервистерді дамытуға, сондай-ақ жұмыс орнындағы жарақаттануды төмендетуге бағытталған.

2-кесте. Секторлар бойынша ЖИ жобалары

| Сектор | Жобаның атауы | Іске асырудан болатын әсер |
|-----------------------------|--|--|
| Мұнай-газ секторы | АВАІ – мұнай барлау және өндіру процестерін оңтайландыру | <ul style="list-style-type: none"> • 2025 жылы мұнай өндіруді 12 мың тоннаға арттыру және 1,5 млрд теңге экономикалық әсер; • Суландыру бойынша шешімдерді дайындау уақытын 95%-ға қысқарту;⁸ • 450 миллион теңге үнемдеу; • 2030 жылға қарай экономикалық әсер – 326 млрд теңге. |
| | КМГ.АІАН ЖИ-ассистенті – мұнай өнімдерінің тапшылығын/профицитін болжау | <ul style="list-style-type: none"> • Жергілікті отын тапшылықтарын болдырмау; • Авариялық жағдайлардың тәуекелін төмендету; • 2030 жылға қарай экономикалық әсер – 22,5 млрд теңге; • Әлеуетті үнем – 34 млрд теңге. |
| Электр энергетикасы секторы | Зияткерлік электр желілері | <ul style="list-style-type: none"> • Энергияны тиімді бөлу; • Апаттар ықтималдығын төмендету; • Генерациялаушы қуаттардың жүктемесін оңтайландыру. |
| | Жабдықтың жұмыс сенімділігін арттыру және тоқтап қалуларды барынша азайту мақсатында МАЭС-1 және АлЭС-те ақаулардың болжамды анықталуы | <ul style="list-style-type: none"> • 2030 жылға қарай экономикалық әсер – 36 млрд теңге. |
| Телекоммуникациялар секторы | Мемлекеттік қызметтерге интеграциялау мен жобаларды басқару үшін eGov цифрлық платформасы | <ul style="list-style-type: none"> • Мемлекеттік қызметтерді басқаруды автоматтандыру және жақсарту. |
| | Мұнай-газ және тау-кен металлургия секторларының нысандарында өнеркәсіптік | <ul style="list-style-type: none"> • Апат деңгейін 20%-ға дейін төмендету; |

8 Қабатты суландыру – мұнай өндіруді ұлғайту үшін қабатқа су айдау технологиясы. Бұл нақты есептеулер мен тұрақты бақылауды талап ететін процесс.

| | | |
|-----------------------------|---|--|
| | Private LTE/5G желілерін өрістетуге | <ul style="list-style-type: none"> Желілік инфрақұрылымды жөндеуге шығыстарды 50%-ға дейін қысқарту. |
| Көлік-логистика секторы | Ақылды теміржол | <ul style="list-style-type: none"> Қозғалыс кестелерінің дәлдігін 30%-ға арттыру; Мультипликативті экономикалық тиімділік – жылына 31 млрд теңге (2027 жылдан бастап). |
| | Пошта маршруттарын оңтайландыру | <ul style="list-style-type: none"> Жүгірісті 15%-ға азайту; Жеткізудің уақтылығын 97%-ға дейін арттыру. |
| | Пошта жөнелтілімдерін тіркеуге арналған компьютерлік көру жүйесі | <ul style="list-style-type: none"> Жөнелтілімдерді өңдеуді 40%-ға жеделдету; Сұрыптау қателіктері деңгейін 0,5%-ға дейін төмендету. |
| Тау-кен металлургия секторы | Геологиялық барлау тиімділігін арттыру үшін тау жыныстарының ЖИ-аналитикасы | <ul style="list-style-type: none"> Тау жыныстары үлгілерін талдау уақытын 50%-ға дейін қысқарту; Талдау дәлсіздіктерінің үлесін 25%-ға дейін төмендету. |

АВАІ: флагмандық кейс

Мұнай-газ секторындағы жасанды интеллект

АВАІ (Advanced Base and Artificial Intelligence) – үлкен деректер (Big Data) және жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, мұнай барлау және өндіру процестерін оңтайландыруға арналған отандық ақпараттық жүйе.

2025 жыл қорытындысы бойынша жүйені енгізу мынаны қамтамасыз етті:

- 12 мың тонна көлемінде қосымша мұнай өндіру, экономикалық тиімділігі 1,5 млрд теңге;
- суландыру бойынша шешімдерді дайындау уақытын 40 сағаттан 2 сағатқа дейін (95%-ға) қысқарту.

2030 жылға қарай болжанатын экономикалық әсер 326 млрд теңгені құрайды. (ЖИ жобаларымыз және олардың нәтижелері туралы қосымша ақпаратты «Біздің адамдар» және «Қоршаған ортаға әсерді басқару» бөлімдерінен табуға болады).

1.3. Корпоративтік басқару

Тұрақты даму мәселелерін басқару Қордың корпоративтік басқару жүйесіне құрылған және үш деңгейге бөлінген:

- стратегиялық деңгейде – Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және оның комитеттері;
- атқарушы – Басқарма және Қордың құрылымдық бөлімшелері;
- операциялық – портфельдік компаниялар.

Корпоративтік басқару жүйесінің егжей-тегжейлі сипаттамасы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2025 жылғы Жылдық есебінің «Корпоративтік басқару жүйесі» бөлімінде ашылған. GRI 2-12 GRI 2-13

Тұрақты даму мәселелерін басқару құрылымы GRI 2-9

- Жалғыз акционер (*жоғары орган*);
- Директорлар кеңесі (*басқару органы*);
- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Басқарма (*атқарушы орган*);
- Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет;
- Тұрақты даму жөніндегі комитет;
- Инвестициялық-стратегиялық комитет;
- Ғылыми-техникалық кеңес;
- Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі комитет;
- Кадр комитеті.

1.4. Директорлар кеңесі

Қордың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Оның өкілеттіктеріне Қордың Даму стратегиясын бекіту, Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру, Басқарма Төрағасын тағайындау, қаржылық нәтижелер мен дивидендтерді бекіту жатады.

Қор Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып табылады. Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Қордың Басқарма Төрағасы бір мезгілде Қор Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымын атқара алмайды немесе Қор Директорлар кеңесінің комитеттері құрамына кіре алмайды. GRI 2-11 GRI 2-9

Директорлар кеңесі – Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы, стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі Корпоративтік басқару кодексі ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді, тұрақты даму саласындағы стратегиялық мәселелерді қарайды және Тұрақты даму саласындағы есепті бекітеді. GRI 2-14

Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, олардың қызметіне қанағаттанарлық баға берілген жағдайда осындай мерзімге кейіннен қайта сайлану мүмкіндігімен.

Қор Директорлар кеңесі 8 мүшеден тұрады, олардың 4-уі тәуелсіз директорлар. Тәуелсіз директорлардың үлесі 50%-ды құрайды. GRI 2-9

Тәуелсіз директорлардың негізгі мәселелерді қарауға қатысуы стратегиялық қадағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді және қабылданатын шешімдердің теңгерімділігіне ықпал етеді. GRI 2-9

Қор Директорлар кеңесінің құрамы

| ДК кіру күні | құрамына | Директорлар кеңесінің мүшесі | Лауазымы |
|------------------|----------|------------------------------|--|
| 2024 жылғы ақпан | 6 | Бектенов Олжас Абайұлы | Директорлар кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі |
| 2026 жылғы | 24 | Байбазаров Нұрлан Серікұлы | «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---------------------|----|--|--|
| сәуір ⁹ | | Президентінің экономика мәселелері жөніндегі көмекшісі | |
| 2023 жылғы сәуір | 4 | Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы | Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы |
| 2024 жылғы қазан | 19 | Вонг Хэн Файн | Тәуелсіз директор |
| 2023 жылғы тамыз | 17 | Мохаммед Джамиль Исмаил Әл-Рамахи | Тәуелсіз директор |
| 2022 жылғы шілде | 1 | Жәмішев Болат Бидахметұлы | Тәуелсіз директор |
| 2020 жылғы шілде | 9 | Сутера Лука | Тәуелсіз директор |
| 2025 жылғы қыркүйек | 26 | SKAI (Samruk-Kazyna Artificial Intelligence) ¹⁰ | «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі |

| | |
|------------------|--------------------------|
| 21 ДК отырысы | 79 Қаралған мәселелер |
|------------------|--------------------------|

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі стратегиялық қадағалау, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін, оның ішінде Қор Басқарма Төрағасының өндірістік және қаржылық көрсеткіштер бойынша оперативті деректермен, отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларымен және ҒЗТКЖ-ны дамытумен есептерін қарады.

Күн тәртібіне ірі инвестициялық жобаларды іске асыру тәуекелдерін, өтімділік, кибертәуекелдерді, өндірістік қауіпсіздік тәуекелдерін, әлеуметтік және беделдік тәуекелдерді қоса алғанда, сыни тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептер де кірді. Директорлар кеңесі сондай-ақ Жылдық есепті және Тұрақты даму саласындағы есепті қарады. GRI 2-12 GRI 2-14

Аудит жөніндегі комитеттің құрамына тек тәуелсіз директорлар кіреді және келесі мәселелер бойынша бақылауды жүзеге асырады:

- тұрақты даму саласындағы тәуекелдер, сондай-ақ қаржылық емес ақпарат пен есептілік сапасы;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі;
- корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау;
- сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігі.

Тағайындау және сыйақы беру комитеті келесі мәселелер бойынша ұсыныстар береді:

- Қордың кадр саясаты;

9 2025 жылы Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды: Жамаубаев Ерулан Кенжебекұлының өкілеттігі 2025 жылғы 17 ақпанда аяқталды. 2025 жылғы 12 сәуірден 25 қыркүйекке дейін Директорлар кеңесінің құрамына Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы кірді. 2025 жылғы 20 желтоқсаннан 2026 жылғы 25 наурызға дейін Директорлар кеңесінің құрамына Досаев Ерболат Асқарбекұлы кірді.

10 SKAI-Орталық Азиядағы бірінші AI-Директорлар Кеңесі құрамындағы жүйе. Егеменді инфрақұрылымда жұмыс істейді - деректер Қордың периметрінен шықпайды. Тольғырақ-5.1-бөлімде.

- Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасынан басқа);
- Қордың корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштері (ҚНҚ) және Басқарма мүшелерінің функционалдық ҚНҚ;
- Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының және Омбудсменнің қызметін бағалау.

2025 жылы комитеттердің жұмысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат Жылдық есепте ашылған. GRI 2-12 GRI 2-14 GRI 2-19 GRI 2-20

Тұрақты дамуды корпоративтік басқару жүйесі Директорлар кеңесіне есеп беретін құрылымдардың қызметіне негізделеді: Корпоративтік хатшы қызметі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі және Омбудсмен. GRI 2-13 GRI 2-16

Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу

Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу мен сайлау өлшемдері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы талаптарына сәйкес белгіленеді және Қор Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде, Директорлар кеңесі туралы ережеде және Тәуелсіз директорларды конкурстық іріктеу қағидаларында бекітілген. GRI 2-9

Қор Директорлар кеңесінің құрамы мынадай тұлғалардың қатарынан қалыптасады: Қордың Жалғыз акционері сайлайтын Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері.

Портфельдік компаниялардың акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. GRI 2-10

Қордың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар ескеріледі: GRI 2-10

- басшы лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- жұмыс өтілі;
- білімі мен мамандығы, оның ішінде халықаралық сертификаттардың болуы;
- бейіндік бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (*салалар активтер портфеліне қарай өзгеруі мүмкін*);
- іскерлік бедел;
- Директорлар кеңесінің құрамына сайлану кезінде тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болмауы.

Қор тобының комплаенс-бөлімшелері Директорлар кеңесінің немесе Бақылау кеңесінің құрамына сайлауға арналған кандидаттардың тізіміне қосылғанға дейін портфельдік компаниялардың басқару органдарына

кандидаттардың¹¹ тәуелсіздік өлшемдеріне¹² сәйкестігі, сондай-ақ аффилиирлілік пен мүдделер қақтығысының болмауы туралы қорытындылар береді. GRI 2-10

Қордың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын үлесі оның мүшелерінің жалпы санының 60%-ына дейін құрайды.

Директорлар кеңесі деңгейіндегі мүдделер қақтығыстарын басқару Корпоративтік басқару кодексімен және Мүдделер қақтығысын реттеу саясатымен реттеледі. Директорлар кеңесінің мүшелері қызметке кіріскен кезде және тұрақты түрде мүдделер қақтығыстарын мәлімдейді. Қақтығыс болған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі тиісті мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды, бұл отырыс хаттамасында тіркеледі.

2025 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін сыйақылау саясатына өзгерістер енгізілмеді. GRI 2-15

Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, сондай-ақ тұрақты даму мәселелерін қоса алғанда, өз білімдерінің деңгейін тұрақты негізде арттырып отырады. Қорда Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуы туралы қағидалар әрекет етеді. GRI 2-17

Біз Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерінің, оның Төрағасы мен мүшелерінің қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалаймыз. GRI 2-18

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Кеңестің және оның жекелеген мүшелерінің Қордың ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуына қосқан үлесін айқындауға, сондай-ақ жақсарту бағыттарын анықтап, тиісті ұсынымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорда оның объективтілігі мен сапасын арттыру үшін өзін-өзі бағалау әдістері де, тәуелсіз кеңесшіні тарта отырып бағалау да қолданады. Тәуелсіз кеңесшінің қатысуымен бағалау үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін қайта сайлау немесе мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі. GRI 2-18

2025 жылы Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен Корпоративтік хатшы қызметінің мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы 2024 жыл қорытындысы бойынша Қор Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Толық ақпарат Жылдық есептің «Директорлар кеңесінің қызметін бағалау» бөлімінде берілген. GRI 2-18

11 «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңестері мен бақылау кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес.

12 Тәуелсіздік өлшемдері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында айқындалған.

1.5. Басқарма

Басқарма Қордың тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағдарларын іске асыруға жауап береді. Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады, ал Басқарма мүшелері Қор Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма Топ компанияларына қатысты бірыңғай қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, кадрлық және әлеуметтік саясатты қалыптастырады, ұлттық компаниялардың атқарушы органдары басшыларының тағайындауларын келіседі, инвестициялық шешімдер мен жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды, бағынышты ұйымдар үшін әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді, сондай-ақ компаниялардың қызметінің нәтижелерін қарап, тиісті есептерді Қор Директорлар кеңесіне ұсынады.

Басшы қызметкерлер арасындағы міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу Қордың ішкі құжаттарында бекітілген, бұл басқару құрылымының ашықтығын қамтамасыз етеді. ^{GRI 2-13}

Қор Басқармасының құрамы: ^{GRI 2-9}

- Жақыпов Нұрлан Қаршағаұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы;
- Рысқұлов Айдар Қайратұлы – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- Сатжан Салтанат Ерболқызы – Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор;
- Отыншиев Елжас Мұратұлы – Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
- Қазутин Николай Юрьевич – Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор;
- Таубаев Бақытжан Рыспекұлы – Стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірге басқарушы директор;
- Оспанов Аблайхан Есенұлы – Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор.

2025 жылы Басқарма құрамында өзгерістер болды. Стратегия және активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директор лауазымын атқарған Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлының өкілеттіктері 2025 жылғы 26 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды. Бұл лауазымға бұрын стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірге басқарушы директор лауазымын атқарған Отыншиев Елжас Мұратұлы сайланды. Стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірге басқарушы директор лауазымына Таубаев Бақытжан Рыспекұлы сайланды.

Қор қызметі үшін цифрлық трансформацияның маңыздылығын ескере отырып, Басқарма құрамына Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор лауазымы енгізілді. Бұл лауазымға Оспанов Аблайхан Есенұлы сайланды. ^{GRI 2-9}

Басқарма мүшелерінің сыйақысы тұрақты және өзгермелі бөліктерден тұрады. Өзгермелі бөлік орта мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге байланысты және Директорлар кеңесі бекітетін корпоративтік және функционалдық ҚНҚ-ге сәйкес белгіленеді. ESG-көрсеткіштер оның ажырамас бөлігі болып табылады. ^{GRI 2-19 GRI 2-20}

2025 жылы Басқарма мүшелерінің тиімділіктің негізгі көрсеткіштері құрамына тұрақты даму саласындағы мынадай көрсеткіштер кірді: ^{GRI 2-19 GRI 2-20}

- сатып алулардағы ел ішіндегі құн үлесі;
- инвестициялық және төмен көміртекті жобаларды іске асыру;
- әлеуметтік тұрақтылық;
- қауіпсіздік мәдениетін дамыту;
- ашықтықты арттыру;
- қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік қолдау.

Жекелеген бағыттарды үйлестіру және пысықтау үшін Басқарма жанында алқалы органдар қызмет етеді.

- **Тұрақты даму жөніндегі комитет** Қор Басқармасына және портфельдік компаниялардың директорлар кеңесіндегі Қор өкілдеріне ұсынымдар әзірлейді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыруды үйлестіреді.

- **Ғылыми-техникалық кеңес** ҒЗТКЖ және инновациялар саласындағы жобаларды іріктеу, есепке алу, мониторингтеу және бақылауды жүзеге асырады.

- **Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет** Қор Басқармасына және портфельдік компаниялардың директорлар кеңестеріндегі Қор өкілдеріне ұсынымдар әзірлейді, сондай-ақ портфельдік компаниялардың еңбекті қорғау және денсаулық сақтау, өрт, өндірістік және көлік қауіпсіздігі саласындағы қызметін үйлестіреді.

- **Кадр комитеті** Қордың кадр саясаты мен HR-стратегиясын іске асыруды үйлестіреді, әдістемелік қолдау көрсетеді және грейдтеу, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, персоналды бағалау және дамыту мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

- **Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі комитет** Қор тобындағы деректерді қорғаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру бойынша ұсынымдар әзірлейді, IT-инфрақұрылым мен инциденттерді басқаруды үйлестіреді, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік саласындағы кадрлық және ұйымдастырушылық мәселелерді қадағалайды.

- **Инвестициялық-стратегиялық комитет** Қордың және портфельдік компаниялардың инвестициялық жобаларын қарайды. ^{GRI 2-13}

Операциялық деңгейде тиісті бастамаларды іске асыру жекелеген ESG аспектілерін басқаруға, тиісті ұйымдар қызметінің ерекшелігін ескере отырып,

бағдарламаларды, іс-шаралар жоспарларын және тұрақты даму саласындағы өзге де міндеттерді орындауға жауапты портфельдік компаниялардың басшылары арқылы қамтамасыз етіледі. ^{GRI 2-13}

1.6. Комплаенс

Қорды және портфельдік компанияларды қамтитын бірыңғай комплаенс-функция сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатты айқындайды, тиісті іс-шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады, ашықтық пен адалдық қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастырады, сондай-ақ қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасына және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді. ^{GRI 2-24 GRI 3-3}

Комплаенс қызметтерінің қызметі Мінез-құлық кодексімен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен, Мүдделер қақтығысын реттеу саясатымен, Бастамашыл хабарлау саясатымен, Үшінші тараптардың сенімділігін тексеру қағидаларымен және комплаенс-бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ететін өзге де ішкі құжаттармен реттеледі.

Қордың Комплаенс қызметі ұйымдастырушылық тұрғыдан Қор Директорлар кеңесіне бағынатын және функционалдық тұрғыдан есеп беретін тәуелсіз құрылымдық бөлімше болып табылады. Қызмет портфельдік компаниялардың комплаенс қызметтерінің қызметін, коммуникациялар мен оқытуды үйлестіреді, бастамашыл хабарлау желісін (Сенім желісін) сүйемелдейді, тексерулер мен тергеулер жүргізеді, мүдделер қақтығыстарын анықтайды және реттейді. Сот растаған немесе беделге, экологияға және адам құқықтарына нұқсан келтіретін, ірі қаржылық немесе ақшалай емес санкциялары бар бұзушылықтар елеулі деп танылады.

Үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеру, сондай-ақ контрагенттердің аффилиирлілігін бағалау процедураларын автоматтандыру және орталықтандыру үшін E-Compliance цифрлық құралы пайдаланылады. Пайдаланушылармен өзара іс-қимылдың қолжетімділігі мен оперативтілігін арттыру мақсатында жүйеге жасанды интеллект негізіндегі цифрлық комплаенс-ассистент біріктірілген.

2026 жылы одан әрі дамыту аясында комплаенс-тәуекелдер тізілімін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг құралдары мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу құралдарын қоса алғанда, жаңа модульдерді енгізу есебінен жүйенің функционалдылығын кеңейту көзделген. ^{GRI 3-3}

2025 жылы біз әдіснамалық базаны жүйелі түрде жаңартып алдық. ISO 37001 және ISO 37301 халықаралық стандарттарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға және корпоративтік талаптарға сәйкестіктің бірыңғай өлшемдерін бекітетін Топтың комплаенс-функциясының тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілді.

Өтініштерді қарау, ішкі тергеулер жүргізу және жеткізушілерді тексеру бөлігінде комплаенс-функция жөніндегі Корпоративтік стандарт жаңартылды.

Бастамашыл хабарлау саясаты өзектендірілді: бұзушылықтардың санаттары, хабарламаларды қарау тәртібі және адал хабарлаушыларды қорғау шаралары нақтыланды.

1.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қор, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметінде артықшылықтар алу мақсатында саяси партияларды немесе қоғамдық бірлестіктерді қаржыландырмайды, сондай-ақ қызметтік міндеттерді біреудің мүдделері үшін орындағаны немесе орындамағаны үшін сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер алуға, оның ішінде олардың отбасы мүшелері тарапынан осыған ұқсас әрекеттерге тыйым салуды қатаң сақтайды. GRI 415-1

Біз Қор мен портфельдік компаниялардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СЖТІТ) арқылы анықтап, бағалаймыз. Нәтижелерді Басқарма Төрағасы бекітеді және анықталған қатерлерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеу үшін негіз ретінде пайдаланылады.

Осы процесті цифрландыру үшін біз E-Compliance жүйесінде тәуекелдерді жүйелі құжаттауды, деректер ашықтығын және оларды комплаенс-тәуекелдердің бірыңғай тізіліміне автоматты түрде біріктіруді қамтамасыз ететін мамандандырылған модульді дамытамыз. GRI 205-1

2025 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытумен 131 487 қызметкер қамтылды. Топ деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 120 613 адамның қатысуымен 1 380 іс-шара өткізілді, оның ішінде 695 іс-шара – жоғары басшылықтың қатысуымен. GRI 205-2

Тексеру іс-шаралары контрагенттерді де, лауазымдарға кандидаттарды да қамтыды. Контрагенттердің 17 711 комплаенс тексеруі жүргізілді, олардың 1 780-іне жоғары тәуекел деңгейі берілді. Кандидаттарға қатысты 4 515 тексеру жүргізілді, 640 адамда комплаенс тәуекелдері анықталды.

Мүдделер қақтығыстары жұмысқа қабылдау кезінде және тұрақты негізде мәлімделеді. 2024 жылғы желтоқсаннан бастап бұл процесс E-Compliance жүйесінде автоматтандырылды. 2025 жылы 873 мүдделер әлеуетті қақтығысын өзі ашу жағдайы тіркелді, қосымша 34 жағдай анықталды. GRI 2-15 GRI 3-3

Бастамашыл хабарлау арналары бойынша 2025 жылы 737 сыртқы және 122 ішкі өтініш келіп түсті. 282 тексеру мен қызметтік тергеу жүргізілді. 72 жағдайда өтініштерде баяндалған фактілер растауды немесе ішінара растауды тапты. Ең көп расталған бұзушылықтар заңнаманы және шарттық міндеттемелерді, ішкі құжаттарды, іскерлік этиканы сақтамаумен, сондай-ақ мүдделер қақтығыстарымен байланысты болды. GRI 2-26

Комплаенс қызметіне жүгінуге арналған қолжетімді арналар

| | | | | |
|---|------------------------|-------------------------------|--|---|
| телефон нөмірі бойынша 8 800 080 4747 | электрондық поштаға | интернет- портал арқылы | Онлайн- платформа e-Otinish | WhatsApp мессенджері арқылы нөмір |
|---|------------------------|-------------------------------|--|---|

| | | | |
|------------------------------|--------------------|-------------------|-----------------|
| (ҚР аумағында қоңырау тегін) | mail@sk-hotline.kz | www.sk-hotline.kz | +7 771 191 8816 |
|------------------------------|--------------------|-------------------|-----------------|

1.8. Омбудсмен

Омбудсмен институты Қор тобындағы әлеуметтік-еңбек мәселелерін қарауды, іскерлік этиканы қолдауды және әлеуметтік шиеленісті азайтуды қамтамасыз етеді. Бұл тетік сондай-ақ еңбек құқықтары мен адам құқықтарын қорғауға бағытталған. Қызметкерлер еңбек қатынастары, еңбек жағдайлары, іскерлік этика, кемсітушілік, қақтығыстар және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын өзге де жағдайлар бойынша өтініш бере алады.

Омбудсмен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі, Омбудсмен туралы ереже және өзге де ішкі құжаттар негізінде жұмыс істейді. Омбудсмен институты тәуелсіздік, бейтараптық, құпиялылық және бейресмилік қағидаттарын қолданады, қызметкерлермен өзара әрекеттестіктің сенімді форматын ұстайды және өзара қолайлы шешімдер табуға көмектеседі.

2025 жылы Омбудсмен институтының қызметі корпоративтік омбудсмендер желісі, Омбудсмендер кеңесі және әлеуметтік-еңбек жағдайын мониторингтеу жүйесі арқылы Қор мен Топ компанияларын қамтыды. GRI 2-24

Есепті кезеңде тәжірибе алмасуға және әдіснамалық қолдау көрсетуге бағытталған Омбудсмендер кеңесінің жеті отырысы өткізілді. Жыл соңындағы жағдай бойынша 12 портфельдік компанияның 8-інде омбудсменнің жеке лауазымы көзделген, тағы 3 компанияда бұл функция қоса атқарылатын модель бойынша бекітілген.

Топ компанияларының омбудсмендері мен жауапты қызметкерлеріне адам құқықтары саласындағы тәуекелдерге проактивті ден қою, тиісті сақтық рәсімдерін жүргізу және әлеуметтік шиеленіс жағдайында қақтығыстарды басқару дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды.

Еңбек дауларында және ереуілдер жағдайында басшылықтың еңбек ұжымдарымен өзара іс-қимылы бойынша іс-әрекеттердің болжамдылығын арттыруға және эскалация тәуекелін азайтуға бағытталған әдістемелік ұсынымдар әзірленді. GRI 2-4, GRI 2-25

Қор әлеуметтік-еңбек жағдайын мониторингтеу Топ компанияларында да, мердігер ұйымдарда да тұрақты негізде жүргізеді. Негізгі құрал – қызметкерлердің өтініштері, кадрлар тұрақсыздығы, сенім индексі және тәртіптік даулар туралы деректерді жинақтайтын әлеуметтік-еңбек тәуекелдерінің жылу картасы, бұл кеңейтілген контурда тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді. GRI 2-25 GRI 3-3

2025 жылы Әлеуметтік тұрақтылықты мониторингтеу орталығына төрт байланыс арнасы бойынша 4 659 өтініш келіп түсті, олардың 1 748-і релевантты деп танылды.

Өтініш көздері:

- «Нысана» колл-орталығы – 156 (8,92%);

- өңірлік қызметкерлер – 76 (4,34%);
- әлеуметтік желілер мен интернет-кеңістікті мониторингтеу – 17 (0,97%);
- ПК қауіпсіздік қызметтері – 1499 (85,75%).

Қарау қорытындысы бойынша релевантты өтініштердің 98,05%-ы «жасыл» мәртебе, 1,94%-ы – «сары» мәртебе алды; «қызыл» мәртебесі бар өтініштер тіркелмеді.

Қарау нәтижелері бойынша: 1 541 өтініш реттелді; 98 өтініш бойынша фактілер расталмады; 23 өтініш бойынша расталған бұзушылықтар жойылды; 7 өтініш бойынша тәртіптік сипаттағы шаралар қабылданды.

2024 жылмен салыстырғанда ереуілдер саны 23-тен 9-ға дейін, бейне-өтініштер 82-ден 42-ге дейін қысқарды. Келіп түскен сигналдарды талдау қызметкерлер үшін ең сезімтал тақырыптар жалдау мен еңбек шарттарының теңсіздігі, еңбекақы төлеу мәселелері, сондай-ақ еңбек құқықтарын сақтаудың жекелеген аспектілері болып қалатынын көрсетті. GRI 2-26

Омбудсменге жүгінуге арналған қолжетімді арналар

| | |
|---|---|
| Электрондық пошта: s.trumov@sk.kz | Телефон: +7 (7172) 55 26 33 + 7 701 489 33 30 |
|---|---|

1.9. Тәуекелдерді басқару

ESG-тәуекелдерді басқару тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің бөлігі болып табылады және COSO ұсынымдарын ескере отырып әзірленген Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты аясында реттеледі. Саясат тәуекелдер иелерінің жауапкершілігін, оларды анықтаудың, бағалаудың, мониторингтеудің және қайта қараудың бірыңғай тәсілдерін бекітеді, сондай-ақ тәуекел-менеджментті Қордың негізгі басқарушылық процестеріне интеграциялайды.

Жүйе үш қорғаныс желісі моделі бойынша жұмыс істейді: тәуекелдер иелері бизнес-процестер деңгейінде тәуекелдерді басқаруға жауап береді; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті Комплаенс қызметімен бірге әдіснама мен бақылау рәсімдерін үйлестіреді; Директорлар кеңесі қадағалауды жүзеге асырады; Ішкі аудит қызметі жүйенің тиімділігіне тәуелсіз баға береді. GRI 2-12 GRI 2-13 GRI 16

Біз ESG-тәуекелдерді ықтималдық пен әсерді талдауға негізделген бірыңғай әдіснама бойынша бағалаймыз. Әр тәуекел үшін тән және қалдық деңгейі айқындалады. Тән тәуекел басқару шаралары болмаған жағдайдағы әсердің әлеуетті деңгейін көрсетеді, ал қалдық тәуекел қолданыстағы бақылау және басқару шараларын ескере отырып, тәуекел деңгейін сипаттайды.

Тәуекелдер туралы ақпарат тәуекелдер факторларын, ықтимал салдарларын, тәуекелдер иелерін және оларды басқару бойынша іс-шараларды қамтитын тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі. Визуализациялау үшін тәуекелдер картасы қолданылады, онда тәуекелдер әлеуетті әсер мен ықтималдықты ескере отырып көрсетіледі.

ESG-тәуекелдер бойынша деректер портфельдік компаниялар деңгейінде қалыптасады, бұл жерде мұндай тәуекелдер операциялық қызмет аясында туындайды және басқарылады, содан кейін Қор деңгейінде шоғырландырылады. GRI 3-3

2025 жылы біз ESG-тәуекелдерді корпоративтік тізілімге және тәуекелдер картасына енгізу тәсілін сақтап қалдық. Оларда экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық қызмет аспектілерімен байланысты тәуекелдер, оның ішінде қоршаған орта мен климатпен байланысты тәуекелдер, оқыс оқиға тәуекелдері, кадрлық тәуекелдер, әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі, сондай-ақ комплаенс-және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көрсетілген.

Портфельдің салалық құрылымын ескере отырып, бұл тәуекелдер әртүрлі көріну профиліне ие. Экологиялық және климаттық тәуекелдер, сондай-ақ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер энергетикалық, мұнай-газ, көлік және өнеркәсіптік бағыттағы компаниялар үшін ең елеулі болып табылады. Әлеуметтік, кадрлық, комплаенс- және кибертәуекелдер кросс-секторалдық сипатта болады және Топтың барлық негізгі активтері үшін өзекті. GRI 2-12 GRI 3-3

ESG-тәуекелдерді бағалау нәтижелері тәуекелдер бойынша корпоративтік есептілік аясында қаралады. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті бағалаулардың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады, ақпаратты ашудың толықтығын талдайды және қажет болған жағдайда портфельдік компаниялардың директорлар кеңесіндегі Қор өкілдеріне ұсынымдар әзірлейді.

Шоғырландырылған тәуекелдер картасын Аудит жөніндегі комитет қарайды және Директорлар кеңесі бекітеді. Тәуекел профилі өзгерген жағдайда оны қайта бағалау және тәуекел класын түзету жүргізіледі, бұл бақылау шаралары мен басқарушылық шешімдердің өзектілігін қамтамасыз етеді.

Климаттық тәуекелдерді басқару GRI 201-2

Климаттық тәуекелдерді басқаруға Директорлар кеңесі, Аудит жөніндегі комитет, Басқарма және Тұрақты даму жөніндегі комитет тартылған. GRI 2-12 GRI 2-13 GRI 3-3 Климаттық тәуекелдерді анықтау және бағалау TCFD ұсынымдарын және IFRS S2 стандартының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Бағалау сценарийлік талдауды қолдана отырып жүргізіледі және активтерге, операциялық қызметке және қаржылық көрсеткіштерге әлеуетті әсерді қамтиды.

Бұл тәсіл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Қазатөнеркәсіп» ҰАК АҚ және «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ басқару процестерінде қазірдің өзінде қолданылады. «QazaqGaz» ҰК АҚ-да 2025–2033 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы аясында өтпелі климаттық тәуекелдерді басқаруға жүйелі тәсілді дамыту жалғасуда. GRI 3-3

1.10. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, ашықтық және айқындық

Ашықтық, айқындық және мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру Қордың өзара іс-қимыл тәсілінің негізінде жатыр.

Біз стратегияны, инвестициялық шешімдерді және әлеуметтік күн тәртібін қалыптастыру кезінде мүдделі тараптардың күтулерін ескеруге мүмкіндік беретін өзара іс-қимылдың әртүрлі тетіктерін қолданамыз. Бұл процесс басқару жүйесіне интеграцияланған және маңызды мәселелерді анықтауды, тәуекелдерді және олардың Қордың қызметі мен мүдделі тараптарына ықпалын бағалауды қамтамасыз етеді. ^{GRI 2-29}

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тетіктері ^{GRI 2-29}

| | |
|---|---|
| Топ | Өзара іс-қимыл форматтары |
| Жалғыз акционер | Басқару органдарының отырыстары мен шешімдері; тұрақты есептілік; стратегиялық және инвестициялық мәселелерді қарастыру. |
| Қызметкерлер | Ішкі коммуникациялар; басшылықтың қызметкерлермен кездесулері; кері байланыс арналары; өтініштерді қарастыру. |
| Портфельдік компаниялар | Басшыларды ай сайын тыңдау; Қор өкілдерінің директорлар кеңестеріне қатысуы; көшпелі отырыстар; негізгі көрсеткіштерді мониторингтеу. |
| Мемлекеттік органдар | Үкімет деңгейіндегі тыңдаулар; жұмыс кездесулері мен кеңестер; ведомствоаралық өзара іс-қимыл. |
| ҮЕҰ және қауымдастықтар | Форумдар мен консультациялар; бейінді мәселелер бойынша диалог; қоғамдық және салалық алаңдарға қатысу. |
| Инвестициялық қауымдастық және рейтингтік агенттіктер | Ақпаратты ашу; кездесулер мен презентациялар; рейтинг рәсімдеріне қатысу; сұрауларға жауап беру. |
| Қоғам | Қоғамдық кеңес; жария тыңдаулар; әлеуметтік және қайырымдылық бағдарламалар; азаматтардың өтініштерін қарастыру. |
| БАҚ | Баспасөз релиздері; сұхбаттар мен пікірлер; брифингтер; жария мәлімдемелер. |
| Мердігерлер мен жеткізушілер | Сатып алу рәсімдері; біліктілік іріктеуі; шарттық қатынастар; міндеттемелердің орындалуын бақылау. |
| Бизнес-қауымдастық және серіктестер | Іскерлік кездесулер мен форумдар; келіссөздер; ынтымақтастық туралы келісімдер; бірлескен жобалар. |

1.11. Қоғамдық кеңес

Қоғамдық кеңес – Қордың азаматтық қоғаммен диалогын қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші орган. Кеңес азаматтардың мүдделерін білдіреді және стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің ескерілуіне кепілдік береді.

Тәуелсіз қоғамдық бақылау органы ретінде Кеңес Қордың және портфельдік компаниялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды, стратегиялық мәселелерді талдайды және қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Отырыстар БАҚ өкілдеріне ашық. Кеңес талқылауға сыртқы сарапшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын және азаматтық қоғам өкілдерін тартады. ^{GRI 2-29}

2025 жылғы 8 ақпанда 15 адамды, оның ішінде Парламент депутаттарын, бизнес-қауымдастық, ғылыми және сараптамалық ұйымдар өкілдерін, сондай-ақ Қор өкілдерін қамтитын Қоғамдық кеңестің жаңа құрамы бекітілді. **GRI 2-29**

2025 жылы тұрақты даму, инфрақұрылымдық және энергетикалық жобалар, портфельдік компаниялардың қызметі жөніндегі мәселелер бойынша Қоғамдық кеңестің отырыстары өткізілді, оның ішінде Топтың қатысу өңірлерінде көшпелі форматта да. Қорытындысы бойынша Қор мен портфельдік компаниялар басшылығына ұсыныстар қалыптастырылды. Толық ақпарат Жылдық есепте және Қордың ресми сайтында ашылды. *Кеңес құрамы, күн тәртібі мен отырыстардың қорытындылары туралы толық ақпарат Жылдық есепте және Қордың ресми сайтында берілген.* **GRI 2-29**

2. Экономикалық өркендеуге қосылған үлес

Біз ел экономикасының әл-ауқатына кешенді тетіктер арқылы үлес қосамыз – инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды тікелей қаржыландырудан бастап отандық бизнесті қолдау және салық түсімдерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге дейін. ^{GRI 3-3}

Қордың инвестициялық қызметі көлемі көбіне жеке сектордың мүмкіндіктерінен асатын күрделі және капиталды қажет ететін жобаларды іске асыруға шоғырланған. Мұндай жобалар мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар салаларда, оның ішінде электр энергетикасы, көлік және логистика, телекоммуникация, мұнай-газ секторы және әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы салаларында іске асырылады.

Бұл жобаларды қаржыландыру үшін біз көпшілікке орналастыруларды (IPO), тікелей шетел инвестицияларын тарту және сыртқы жобалық қаржыландыруды қоса алғанда, кең спектрлі нарықтық құралдарды қолданамыз. Бұл елдің стратегиялық активтерін мемлекеттік бюджетке жүктемені бір мезгілде азайта отырып дамытуға мүмкіндік береді.

Қор сондай-ақ жария орналастыру бағдарламаларын – бастапқы (IPO) және қайталама (SPO) – іске асыру арқылы қор нарығының дамуына ықпал етеді. Портфельдік компаниялардың активтерін жария ортаға шығару экономиканы қаржыландыру көздерін әртараптандыруға және жаһандық инвесторлар үшін Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға септігін тигізеді. Жария компания мәртебесі озық басқару тәжірибелерін енгізуді және жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестікті ынталандырады.

Қор қызметі тек қана коммерциялық мүдделер шеңберінен шығады. Әлеуметтік жауапты даму институты бола отырып, Қор қысқа мерзімді перспективада қаржылық тиімсіз болуы мүмкін, бірақ қоғам үшін жоғары маңызы бар жобаларға инвестициялайды.

Біз сондай-ақ ішкі нарықты дәйекті түрде дамытамыз, өндірушілерге өнімді кепілдендірілген өткізуді бірнеше жылға қамтамасыз ететін офтейк-шарттар тетігі арқылы оның ішінде отандық жеткізушілерге басымдық береміз. ^{GRI 3-3}

Қор қызметінің қаржылық нәтижелері мемлекеттік бюджетке тұрақты түсімдерді қамтамасыз етеді. Қор жалпыұлттық бағдарламаларды іске асыру және Ұлттық қорды толтыру үшін ресурстық база қалыптастыра отырып, тұрақты салық төлемдерін жүзеге асырады.

2.1. Экономикалық тиімділік цифрларда

2025 жылы біз ел бюджетіне салық төлемдерін 2024 жылмен салыстырғанда 9%-ға арттырдық, сондай-ақ инвестициялық шығыстарды – өткен жылға 19%-ға айтарлықтай ұлғайттық.

Қор сондай-ақ мұнай өнімдері нарығын, теміржол тасымалдарын және ішкі газ нарығын қолдауды қоса алғанда, экономиканы субсидиялау көлемін кеңейтті.

Бұл халық пен бизнес үшін негізгі тауарлар мен қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, бағалар мен тарифтердің өсуін тежеуге ықпал етті.

Инфографика. Сандардағы экономикалық әсер, млрд теңге GRI 203-1 GRI 203-2

| Әсер ету түрі | Құрылған күн | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---------------|---------------|---------------|
| Экономикалық әсер | ҚР бюджетіне төленетін салықтар ¹³ | 1 993 | 2 086 | 2 264 |
| | Дивидендтер | 1 269 | 737 | 0 |
| | Инвестициялық жобалар ¹⁴ | 1 302 | 1 928 | 2 290 |
| | Отандық жеткізушілерден сатып алулар | 3 382 | 3 505 | 3 746 |
| Жалпы экономикалық әсер | | 7 946 | 8 256 | 8 300 |
| Қор тарапынан ҚР экономикасын субсидиялау ¹⁵ | Мұнай өнімдері ¹⁶ | 199 | 277 | 585 |
| | Пошта қызметтері | 17 | 21 | 13 |
| | Темір жол тасымалы ¹⁷ | 361 | 358 | 284 |
| | Ішкі газ нарығы ¹⁸ | 208 | 178 | 226 |
| | Тарифпен жабылмаған күрделі салымдар ¹⁹ | 382 | 436 | 588 |
| ҚР экономикасын субсидиялаудың жалпы көлемі | | 1 167 | 1 270 | 1 696 |
| Әлеуметтік әсер | Сауықтыру және білім беру | 25 | 83 | 62 |
| | Өңірлерді әлеуметтік қолдау | 54 | 45 | 50 |
| | Қайырымдылық ²⁰ | 76 | 101 | 104 |
| | Өндірістік қауіпсіздік | 109 | 119 | 189 |
| | Акционерге өзге бөлулер | 133 | 568 | 431 |
| Жалпы әлеуметтік әсер | | 397 | 916 | 836 |
| Экологиялық әсер | Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар | 61 | 51 | 57 |
| | Экологиялық төлемдер | 23 | 17 | 30 |
| | Қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеуге арналған резерв | 83 | 81 | 72 |
| | Тарту резервтері | 375 | 394 | 377 |
| Жалпы экологиялық әсер | | 542 | 543 | 536 |
| Барлығы | | 10 052 | 10 985 | 11 368 |

13 Жеке табыс салығын (ЖТС) есепке алмағанда.

14 ҚҚС-ты есепке алмағанда, есептеу әдісі бойынша.

15 Қордың әлеуметтік маңызы бар салаларды баға мен тарифтердің өсуін тежеу мақсатында кросс-субсидиялауы.

16 Субсидиялау мұнай өндіруші компаниялардың ішкі нарыққа жеткізілген мұнай көлемі бойынша экспорттық және реттелетін ішкі бағалар арасындағы айырма есебінен, экспорттық кедендік баждар мен тасымалдау шығындарын шегергендегі жіберіп алған пайдасы түрінде көрсетілген (нетбэк).

17 ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті (ТМРК) тарифтік сметада бекіткен шығындар «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның магистральдық теміржол желісі мен локомотивтік тарту қызметтеріне реттелетін тарифтер бойынша ішкі республикалық қатынастағы жүк және жолаушылар тасымалдары жөніндегі нақты шығындарын өтемейді. Тиісінше, субсидиялау нақты шығындар мен тарифтік сметада бекітілген реттелетін қызметтерге арналған шығындар арасындағы айырма ретінде есептелді.

18 Газды сатып алу және тасымалдау жөніндегі нақты шығындар ішкі нарықтағы тауарлық газға бекітілген тарифтер бойынша түсетін кірістерден асып түседі. Осылайша, субсидиялау түсімнен газдың өзіндік құны мен тасымалдау шығындарын шегеру арқылы айқындалады.

19 Бекітілген тарифтермен өтелмеген күрделі салымдар ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті бекіткен күрделі шығындар мен нақты күрделі шығындар арасындағы айырма ретінде есептеледі.

20 Оның ішінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлінген қаражат, есептеу әдісі бойынша.

2.2. Мемлекетке төлемдер

3-кесте. ҚР мемлекетіне төленген төлемдер, млрд теңге

| Төлем атауы | 2023 | 2024 | 2025 |
|--|--------------|--------------|--------------|
| ҚР бюджетіне төленген салықтар | 1 993 | 2 086 | 2 264 |
| Акционерге өзге бөлулер | 133 | 568 | 431 |
| «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына қаражат бөлу | 67 | 50 | 75 |
| Дивидендтер | 1 269 | 737 | 0 |
| Жиыны | 3 462 | 3 441 | 2 770 |

Қор салықтық ашықтықтың жоғары стандарттарын ұстануды жалғастырады және 2025 жылы салық базасының эрозиясын болдырмауға және ірі корпорацияларды әділ салық салуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық қағидаларға – Pillar Two талаптарына толық сәйкестікті қамтамасыз етті.

Салық салу функциясы қатысу елдеріндегі заңнаманың өзгеруін үздіксіз мониторингтейді, тиімді салық ставкаларын есептеп, Pillar Two аясында есептілікті қалыптастырады. ^{GRI 3-3}

Салық төлемдерінен басқа, Қор Жалғыз акционердің тапсырмалары аясында бірқатар әлеуметтік маңызы бар жобалардың қаржыландырылуын (акционерге өзге бөлулер) қамтамасыз етеді, сондай-ақ «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына тұрақты түрде қаражат бөлуді жүзеге асырады. Мұндай бөлулердің негізгі бағыттарына әлеуметтік нысандар салу, Қазақстан өңірлерін газдандыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту, сондай-ақ өзге де әлеуметтік бастамалар жатады.

2.3. Қаржылық нәтижелер және тұрақты өсу

Ұлттық экономиканың негізгі қозғаушысы бола отырып, біз негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша тұрақты оң динамиканы сақтап келеміз. Бұл мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттемелерді уақтылы және толық орындауды қамтамасыз етеді.

Есепті кезең қорытындысы бойынша активтер құны 44,2 трлн теңгені құрады (2024 жылы – 41,1 трлн теңге). ^{GRI 201-1}

Кірістердің 15%-ға өсуі сатылым көлемдерінің ұлғаюы мен сатып алушылардан түсетін ақшалай түсімдер аясында Қордың шикізаттық, газ-көлік және инфрақұрылымдық секторларындағы қызмет ауқымдарын кеңейтуімен байланысты. ^{GRI 201-1}

Мемлекеттік субсидиялардың көлемі 2025 жыл қорытындысы бойынша 64 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жыл көрсеткішінен 11%-ға асады.²¹ ^{GRI 201-4}

4-кесте. Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млрд теңге. ^{GRI 201-1}

²¹ Мемлекеттік субсидиялар Қорға тек Қазақстан Республикасы тарапынан ғана беріледі. Бұл ретте Қор тобы мемлекеттік қаржылық көмектің басқа нысандарын алмайды.

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|--|----------|----------|----------|
| <i>Құрылған тікелей экономикалық құн</i> | | | |
| Жиынтық кірістер ²² | 17 198 | 18 470 | 21 231 |
| <i>Бөлінген экономикалық құн</i> | | | |
| Жиынтық шығыстар ²³ | (14 947) | (15 405) | (16 898) |
| Операциялық шығыстар | (9 335) | (9 864) | (11 465) |
| Қызметкердің жалақысы және басқа да төлемдер мен жеңілдіктер | (1 992) | (2 231) | (2 487) |
| Капитал жеткізушілерге төлемдер | (2 212) | (1 683) | (1 263) |
| Мемлекетке төлемдер | (1 270) | (1 310) | (1 468) |
| Жергілікті қоғамдастықтарға инвестициялар | (138) | (317) | (216) |
| <i>Бөлінбеген экономикалық құн</i> | | | |
| | 2 251 | 3 065 | 4 333 |

2.4. «Жасыл» қаржыландыру

«Жасыл» қаржыландыру құралдарын дамыту – Қор Стратегиясының басым міндеттерінің бірі және ол Қордың Төмен көміртекті даму тұжырымдамасымен, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Жасыл» қаржыландыру саласындағы саясатымен реттеледі.

Біз тартылатын капитал Топтың ұзақ мерзімді дамуына бағытталатын және инфрақұрылымды дамытуды, энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыруды және қоршаған ортаға әсерді азайтуды қоса алғанда, нақты нәтижелерге қол жеткізумен қоса жүретін жүйені құрып жатырмыз.

2025 жылы инвестициялық портфельдегі «жасыл» және төмен көміртекті қаржыландыру үлесі 14%-ды құрады, ал айналыстағы облигациялардың жалпы көлеміндегі «жасыл» облигациялар үлесі – 2,4%.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Astana International Exchange биржасында айналым мерзімі 6,5 жыл және ставкасы 11,4% болатын 18,4 млрд теңге сомасына «жасыл» облигациялар орналастырды. Тартылған қаражат Шардара ГЭС-ін жаңғыртуға бағытталды, бұл оның жұмыс сенімділігін арттыруға және апаттық жағдайлар санын азайтуға мүмкіндік берді.

Біз сондай-ақ халықаралық нарықтардағы позицияларымызды нығайтудамыз. Көлемі 1,25 млрд юань Dim Sum форматындағы облигацияларды орналастыру және панда-бондтар бағдарламасын тіркеу азиялық институционалдық инвесторлардың кең тобына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ Тұрақты қаржыландырудың халықаралық рамалық тұжырымдамасы (Sustainable Financing Framework) аясында шығарылған облигацияларға 15 млн АҚШ доллары инвестициялады, бұл тұрақты қаржыландыруды тартып қана қоймай, оның жаһандық деңгейдегі қатысушысы ретінде де көрінуге мүмкіндік береді.

22 Жиынтық түсім мен өзге де кірістер шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есептен алынды.

23 Жиынтық шығыстар мен төлемдер шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есептен алынды.

Қосымша құрал – I-REC (International Renewable Energy Certificate) жаңартылатын энергия сертификаттары, олар жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіруді растайды және халықаралық стандарттарға (GHGP, CDP, RE100, ISO және т.б.) сәйкес келеді. Сертификаттарды пайдалану сатып алушыларға парниктік газдар шығарындыларын 2-қамту аясында ескеруге, ал өндірушілерге қосымша қаржыландыру тартуға мүмкіндік береді. 2025 жылы «Samruk-Green Energy» ЖШС сертификаттарды АХҚО алаңында сатып алып, өткізді, ал «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ бұл құралды корпоративтік есептілік аясында жанама шығарындыларды басқару үшін қолданды.

2.5. Біздің инвестициялық жобаларымыз

Инвестициялық жобаларды іске асыру Қордың 2023–2032 жылдарға арналған Даму стратегиясында көзделген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің негізгі құралы болып табылады. ^{GRI 3-3 GRI 203-1 GRI 203-2}

Қордың инвестициялық портфелі жалпы сомасы 52 трлн теңгені құрайтын 121 жобаны қамтиды. Оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламаларына сәйкес инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 32 трлн теңгені құрайтын 52 жоба іске асыру сатысында, 10 жоба есепті кезеңде аяқталды, 59 жоба жоспарлау сатысында. ^{GRI 3-3 GRI 203-1 GRI 203-2}

Жобалардың негізгі көлемі көлік-логистикалық, телекоммуникациялық, электр энергетикалық және өңдеуші өнеркәсіп секторларында шоғырланған.

Мұнай-газ секторы

Негізгі жобалар: ^{GRI 203-1}

1) *«Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші тармағын салу.*

Жоба отынға сұраныстың тұрақты өсуі байқалатын Алматы, Шымкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірлерін тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Іске асыру кезеңі: 2023–2029 жылдар.

2) *Жаңаөзенде және Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарын салу.*

Жоба жылына 1,9 млрд м³ газ өңдеу қуатын салуды көздейді.

Қуаты 900 млн м³ Жаңаөзендегі газ өңдеу зауыты тозған қуаттарды алмастырып, Маңғыстау облысының мұнай өндіруші активтерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Қашаған кен орнындағы қуаты 1 млрд м³ газ өңдеу зауыты ішкі нарыққа тауарлық және сұйытылған газдың ресурстық базасын және жеткізу көлемдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Іске асыру кезеңі: 2018–2027 жылдар.

Мұнай-химия және химия секторлары

Негізгі жобалар: ^{GRI 203-1}

1) *Полиэтилен өндіретін зауыт салу.*

Жылына 1 250 мың тонна қуатты жобаны іске асыру полиэтиленді импорттауға тәуелділікті азайтуға және жергілікті өндірісті дамытуға бағытталған. Жоба экономикалық өсімге, жұмыс орындарын құруға және елдің экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал ететін болады. Құрылыс кезеңінде 8 000-ға, пайдалану кезеңінде 800-ге дейін жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

Жобаны іске асыру кезеңі: 2023–2028 жылдар.

2) *Газ сепарациялау кешенін (ГСК) салу.*

Жылына 9 млрд м³-тен астам құрғақ газ өңдеу қуатына ие кешен полиэтилен зауытын қажетті шикізатпен – жылына 1,6 млн тоннаға дейін этанмен – қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қосымша пропанның экспорттық әлеуетін дамыту көзделген – жылына 350 мың тоннадан астам. Құрылыс кезеңінде 1 636-ға жуық уақытша жұмыс орындарын, пайдалану кезеңінде 400-ден астам тұрақты жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

Жобаны іске асыру кезеңі: 2018–2029 жылдар.

Электр энергетикасы секторы

Негізгі жобалар: GRI 203-1

1) *ЖЭК саласындағы жобалар.*

Біз Алматы, Қарағанды, Түркістан, Жамбыл және Павлодар облыстарын қамтитын, жалпы орнатылған қуаты 4,6 ГВт-тан асатын ЖЭК жобаларын іске асырамыз.

Негізгі көлем жел генерациясына тиесілі: Жамбыл облысында TotalEnergies және Masdar-мен бірлесіп, сондай-ақ Жамбыл және Павлодар облыстарында China Power International Holding Ltd.-мен бірлесіп әрқайсысы 1 ГВт қуаттылықтағы жел электр станцияларының үш жобасы іске асырылуда.

Портфельге сондай-ақ генерацияның гибриді құрылымы бар жобалар кіреді. Алматы облысында Power China-мен бірлесіп СЭС пен ЖЭС қуаттарын 810 МВт-қа дейін кеңейту іске асырылуда. Қарағанды және Түркістан облыстарында Energy China-мен әріптестікте жалпы қуаты 800 МВт КЭС пен ЖЭС біріктіретін жоба іске асырылуда.

Іске асыру кезеңі: 2022–2030 жылдар.

2) *Ертіс өзеніндегі Семей СЭС-ін салу.*

Қуаты 350 МВт-қа дейінгі ГЭС жобасы Жоғарғы Ертіс ГЭС каскадының маневрлік мүмкіндігін арттыруға және трансшекаралық Ертіс өзенінің ағынын реттеуге арналған су қоймасын құруға бағытталған. Жоба Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған Гидроэнергетика саласын дамыту жоспарына енгізілген. Жобаны іске асыру өңірлік табыстардың өсуіне, жұмыспен қамтуға және су тасқыны тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Іске асыру кезеңі: 2023–2032 жылдар.

3) *Алматы ЖЭО-2 жаңғырту және ЖЭО-3 қайта құру.*

Жоба станцияларды көмірден табиғи газға аударуды көздейді, бұл Алматы агломерациясындағы ауаның ластану деңгейін айтарлықтай төмендетуге және

қаланы экологиялық таза жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асыру кезеңі: 2021–2026 жылдар.

4) *Батыс Қазақстанның энергожүйесін Бірыңғай энергетикалық жүйемен (БЭЖ) біріктіру.*

Жоба Қарабатан тарату пунктiнен Үлке қосалқы станциясына дейiн ұзындығы 600 км-ден асатын кернеуi 500 кВ екiншi электр беру желiсiн салуды қамтиды. Жоба батыс өңiрiнiң оқшаулануын жоюға бағытталған. Бұл авариялық жағдайларда өңiраралық қуат ағындарын қамтамасыз ету мүмкiндiгi есебiнен сенiмдi энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етедi.

Іске асыру кезеңі: 2021–2026 жылдар.

5) *Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту.*

Жоба Шу-Жамбыл-Шымкент 500 кВ әуе желісін салу мен үш қосалқы станцияны кеңейтуді қоса алғанда, Жамбыл және Түркістан облыстарында кернеуі 500 кВ желілік инфрақұрылымды дамыту есебінен Оңтүстік аймақ тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға бағытталған.

Іске асыру кезеңі: 2021–2027 жылдар.

Көлік-логистика секторы

1) *Ұзындығы 320 км «Мойынты – Қызылжар» теміржол желісін салу.*

Жоба халықаралық нарықтардағы қазақстандық транзиттің бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, жүктерді жеткізу уақытын 10 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Іске асыру кезеңі: 2025–2026 жылдар.

2) *Абай облысында ұзындығы 303 км болатын «Бақты – Аягөз» темір жол желісін салу.*

Жобаны іске асыру ҚХР-мен үшінші шекаралық өткелді ашумен елдің транзиттік-көліктік әлеуетін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қытай Халық Республикасы бағытында тасымалдардың өткізу қабілеті 20 млн тоннаға дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Іске асыру кезеңі: 2025–2027 жылдар.

3) *Түркістан облысында ұзындығы 150 км-ден астам және тәулігіне 35 жұп пойызға дейін өткізу қабілеті бар «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісін салу.*

Ұзындығы 150 км-ден астам және өткізу қабілеті тәулігіне 35 жұп пойызға дейін болатын осы темір жол желісін салу қолданыстағы «Сарыағаш – Ташкент» учаскесіне түсетін жүктемені азайтуға және Өзбекстан бағытындағы экспорттық тасымалды 20 млн тоннаға арттыруға бағытталған.

Іске асыру кезеңі: 2022–2027 жылдар.

Телекоммуникациялар секторы

1) *5G стандартындағы ұлттық байланыс желісін өрістету*

Жоба халық пен бизнесті жоғары жылдамдықты мобильді интернетпен қамтамасыз ету мақсатында республикалық маңызы бар барлық қалалар мен облыс орталықтарында бесінші буын технологиясын енгізуге бағытталған.

2025 жылы ел бойынша 3 000-нан астам 5G базалық станциясы орнатылды. Жаңа буынды жоғары жылдамдықты интернетке 8 млн-нан астам адам қол жеткізді.

5G желілерін дамыту телемедицинаны дамыту, цифрлық теңсіздікті азайту, сондай-ақ жоғары жүктемесі бар аймақтарда желілердің өткізу қабілетін ұлғайту есебінен өмір сапасын арттыруға ықпал етеді.

Іске асыру кезеңі: 2023–2027 жылдар.

2) *Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) тарту*

2025 жылы AzerTelecom-мен бірлескен «Цифрлық Жібек жолы» жобасы теңіздегі іздестіру жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда, іске асырудың белсенді фазасына өтті.

Жоба 371 км кабельдік желіні тартуды көздейді, бұл Еуропа мен Азия арасындағы деректер берудің жылдамдығын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Іске асыру кезеңі: 2023–2026 жылдар.

2.6. Отандық кәсіпкерлікті қолдау

2025 жылы отандық жеткізушілерден сатып алу үлесі шамамен 94%-ға жетіп, ал сомасы 3,7 трлн теңгені құрады, бұл отандық кәсіпкерлерді өндірістік тізбектерге барынша тарту бағытын растайды.²⁴ GRI 3-3 GRI 203-1 GRI 203-2

Біздің сатып алу жүйеміз есепті кезеңде отандық бизнесті қолдау бағытын сақтайды. Негізгі шараларға мыналар жатады:

- **басым сатып алу** – қазақстандық өндірушілер арасында сатып алуларды бірінші кезекте жүргізу;
- **қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету** – келісімшарт сомасының кемінде 30%-ы мөлшерінде міндетті аванс белгілеу;
- **есеп айырысуды жеделдету** – жеткізілген тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу мерзімдерін 5 жұмыс күніне дейін қысқарту;
- **әкімшілік жүктемені азайту** – отандық жеткізушілерді қамтамасыз етулерді (*тендерлік өтінімдерді және шарттардың орындалуын*) ұсынудан босату.

Бұл тәсіл шағын және орта бизнеске айналым капиталын сақтап, оны өз қуаттарын жаңартуға бағыттауға мүмкіндік береді. ^{GRI 3-3}

Біз сондай-ақ игерілуі немесе іске қосылуы жоспарланған өнімді кепілдікпен сатып алу шарттарын білдіретін офтейк-шарттардың тетіктерін

²⁴ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген ұйымдар жергілікті өнім берушілерге жатады. Қордың қызметі тек ел ішінде ғана жүзеге асырылатындықтан, ҚР Топ қызметін жүзеге асырудың маңызды орны ретінде айқындалады. Ұзақ мерзімді келісім-шарттарды, соның ішінде топ ішіндегі сатып алуларды қоспағанда, сома тек ағымдағы жылға арналған сатып алу келісімшарттарын қамтиды.

белсенді қолданамыз. Бұл құрал кәсіпкерлерге сатудың болжамдылығын қамтамасыз етеді және банктік қаржыландыру мен инвестицияларды тартуға ықпал етеді. GRI 3-3

2025 жыл қорытындысы бойынша жалпы сомасы 257,5 млрд теңгеге 363 офтейк-шарт жасалды, сондай-ақ жалпы сомасы 2 трлн теңгеден астам отандық тауар өндірушілермен шамамен 9 мың шарт жасалды. Бұл жобаларды іске асыру ел экономикасына 150 млрд теңгеден астам жеке инвестицияны тартуға және өңдеуші өнеркәсіпте 500 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Офтейк-шарттар импортты алмастырудың негізгі құралдарының бірі: игеруге арналған ағымдағы тауарлар пулы бұрын шетелден сатып алынған 4 000-нан астам позицияны қамтиды. GRI 3-3 GRI 203-2

2025 жылы офтейк-шарттарды табысты іске асырудың мысалдарының бірі сатып алу моделінің отандық теміржол машина жасауын қолдаудағы тиімділігін көрсететін «Проммашкомплект» ЖШС кейсі болып табылады. Ұзақ мерзімді офтейк-шарттардың тетігін қолдану кәсіпорынға өнімді кепілдендірілген өткізуді қамтамасыз етіп, өндірісті оқшаулау үлесін 62%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2.7. Ғылыми-зерттеу қызметі

- 7 іске асырылған ғылыми-техникалық жоба;
- Ғылыми-техникалық кеңестің 13 отырысы;
- ҒТБО портфеліндегі жалпы сомасы 9,2 млрд теңге болатын 32 жоба;
- 2 млрд теңге – ғылыми-техникалық зерттеулерге жұмсалған шығындар көлемі;
- Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласында жұмыспен қамтылған 215 қызметкер.

2025 жылы ғылыми-зерттеу қызметі Топтың өндірістік және инфрақұрылымдық нысандарына арналған қолданбалы шешімдерді әзірлеуге шоғырланды. Қор деңгейінде ғылыми-техникалық бастамалардың бір бөлігін үйлестіру мен іріктеуді «Самғау» ҒТБО жүзеге асырады, ал Топ деңгейінде – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС, «QazaqGaz Ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС және «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-ні қоса алғанда, салалық құзыреттер орталықтары.

Зерттеу қызметі өндіру, өңдеу, өнеркәсіп және экологиялық технологиялар саласындағы жобаларды, сондай-ақ цифрландыру, болжамдық талдау және жасанды интеллект саласындағы жаңа буын әзірлемелерін қамтиды.

2025 жылы «Жоғары технологиялар институты» ЖШС жалпы сомасы 2 млрд теңге болатын 14 шарт аясында ҒЗТКЖ іске асырды. Зерттеулердің негізгі бағыттары уранды өндіру және өңдеу процестерін жетілдіруді, ұңғымаларды қалпына келтіру әдістерін, ілеспе сирек металдарды алу технологияларын, сондай-ақ экология және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу мәселелерін қамтиды. GRI 3-3

2025 жылғы негізгі ҒЗТКЖ жобалары:

1. «Атырау МӨЗ» ЖШС-де айналымдағы сумен жабдықтаудың сапасын арттыру және мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру.

Жоба активтендірілген алюминий кешенді реагенттерін пайдалана отырып, айналымдағы сумен жабдықтаудың сапасын арттыруға және мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіруге бағытталды. Шешім айналымдағы сумен жабдықтау жүйесіндегі су сапасын жақсартуға және ластанған топырақты тазартуға бағытталған.

Жобаны іске асырудан болатын әсер:

- айналымды суды тұрақтандыру коэффициенті – 96%;
- судың лайлылығын төмендету тиімділігі – 99%.

2. «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС ұңғымаларды бітеу сұйықтығына арналған жаңа суперабсорбциялық полимерлер.

Суперабсорбциялық полимерлер негізінде ұңғымаларды бітеуге арналған экологиялық қауіпсіз және өзі еритін сұйықтықты жасау бойынша жоба аяқталды. Шешім технологиялық операциялардың тиімділігін арттыруға және одан әрі масштабтауға дайындалуға бағытталған.

Жобаны іске асырудан болатын әсер:

Ұңғымаларды жөндеу мен бұрғылау операцияларының тиімділігін арттыру, өнімді қабаттарға зақым келтіру тәуекелін азайту, басқа кен орындарына және шетел нарықтарына масштабтау мүмкіндігі.

3. Бұрғылауға арналған тиімді реагент әзірлеу

Әзірленген арнайы химиялық реагентті қолдана отырып, бұрғылау кезінде сазды шөгінділерді еріту мен жою әдістерін тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау бойынша жоба аяқталды.

Жобаны іске асырудан болатын әсер:

Операциялық шығыстарды 3%-ға азайту, бұл 579 млн теңге үнемдеуге тең. Қосымша түрде ұңғымалар өнімділігінің артуы, қызмет көрсету шығындарының азаюы және ұңғымалардың пайдалану мерзімінің ұзаруы күтілуде.

Ғылым мен әзірлемелердегі ЖИ

«Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы – Қор тобының жасанды интеллект саласындағы салалық зерттеулер мен қолданбалы жобаларды іске асыруды қамтамасыз ететін технологиялық акселераторы.

2025 жылы ЖИ қолданылатын жобалар өңдеу процестерінің тиімділігін арттыруға, сейсмикалық барлау жұмыстарын оңтайландыруға, сондай-ақ көлік-логистикалық операцияларды жетілдіруге бағытталды.

Инфографика. ҒЗТКЖ-нің негізгі ЖИ жобалары

| ҒЗТКЖ жобасы | Нәтиже |
|--|--|
| Машиналық оқытуды қолданатын импульстік сейсмикалық барлау (Қаражанбасмұнай) | Ресурстық базаның өсуі – +33% Күтілетін табыстар – 5 жылда 187,8 млрд теңге |

| | |
|--|----------------------------|
| ІМГ өңдеудің цифрлық симуляторы (QazaqGaz) | Өңдеу көлемі – +33% |
| Көлік секторында ҒЗТКЖ басқару жөніндегі цифрлық платформа | Өсу – 5 жылда 3 млрд теңге |

3. Біздің адамдар

Қор тобының назарының орталығында адамдар, олардың дамуы, өмір сүру сапасы және олар жұмыс істейтін әрі тұратын жағдайлар тұр. Біздің тәсіліміз қызметкерлерді қолдауды – адами капиталды дамыту және әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету арқылы – және қайырымдылық пен басқа да қоғамдық маңызы бар бастамалар арқылы қатысу өңірлерінің дамуына қатысуды қамтиды. ^{GRI 3-3}

Әлеуметтік мәселелер ішкі құжаттармен реттеледі, оның ішінде:

- Әлеуметтік саясат саласындағы корпоративтік стандарт;
- Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт;
- Қайырымдылық саясаты;
- Қайырымдылық бағдарламасы;
- Мінез-құлық кодексі;
- Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және

қызметін бағалау қағидалары;

- Қызметкерлердің қызметтік іссапарлары туралы қағидалар;
- Қызметкерлерді іздеу және іріктеу қағидалары;
- Бос лауазымдарға конкурстық іріктеу, жұмысқа қабылдау және

персоналды бейімдеу қағидалары;

- Персоналды оқыту және дамыту қағидалары;
- Ішкі еңбек тәртібінің қағидалары және өзге де құжаттар. ^{GRI 3-3 GRI 2-23}

Адам құқықтарын қорғау

Біз адам құқықтарын құрметтейміз және әрбір қызметкерге қауіпсіздік, тең мүмкіндіктер және құрметпен қарауды қамтамасыз ететін жұмыс ортасын қалыптастыруға ұмтыламыз. Бұл қағидалар тек еңбек қатынастарына ғана емес, мердігерлермен, іскери серіктестермен, жергілікті қоғамдастықтармен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға да қолданылады. Олар Мінез-құлық кодексінде, ішкі саясаттарда және еңбек қатынастарын реттейтін рәсімдерде бекітілген.

Біз өз қызметімізде балалар мен мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейміз. Бұл қағиданы сақтауды бақылау кадрлық рәсімдер, комплаенс-тетіктер, Омбудсмен институты және бастамашыл хабарлау арналары арқылы қамтамасыз етіледі. Еңбек құқықтары мен адам құқықтарын ықтимал бұзумен байланысты өтініштер белгіленген тәртіппен қаралады.

Жалдау, еңбекке ақы төлеу және мансаптық даму процестері біліктілік, тәжірибе мен жұмыс нәтижелеріне негізделген. Жыныс, жас, ұлт, дін және өзге де жеке сипаттамалар қабылданатын кадрлық шешімдерге әсер етпейді.

2025 жылдың ақпанында Қор тобының он ірі компаниясы адам құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы жұмысты күшейту туралы өзара меморандумға қол қойды. Құжат кемсітушілікке жол бермеу, әйелдер мен ер адамдарға тең мүмкіндіктер беру және қауіпсіз жұмыс ортасын құру жөніндегі бірыңғай қағидаларды бекітті. Қол қою рәсіміне БҰҰ Даму бағдарламасының

Қазақстандағы өкілдері қатысты. Бұл қадам құрметке негізделген, қауіпсіз және әділ жұмыс ортасын дамыту жөніндегі жұмысымызды толықтырды.

Персонал

Қызметкерлерді іріктеуді біз ашық және бірыңғай қағидалар негізінде құрамыз. Жалдаудың негізгі құралы – вакансиялар жарияланатын және кандидаттарды іріктеу өтетін QSamruk.kz цифрлық платформасы. Цифрлық форматты пайдалану процестің ашықтығы мен ізденушілер үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

2025 жылы біз 60 мыңнан астам қызметкерді жұмысқа қабылдадық, бұл қызметтің ауқымын және өндірістік, техникалық және сервистік бағыттар үшін кадрларға тұрақты қажеттілікті көрсетеді. ^{GRI 401-1}

Жалдау тәсілінің негізінде меритократия, тең қол жеткізу және адам құқықтарын сақтау қағидағары жатыр. Тиісті құзыреттер болған жағдайда басымдық ішкі кандидаттарға беріледі, бұл жинақталған сараптаманы сақтауға, кәсіби сабақтастықты қамтамасыз етуге және қызметкерлердің мансаптық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Персоналдың жас құрылымы көбіне қызметтің салалық ерекшелігімен айқындалады. Ұжымның негізгі бөлігін 30–50 жас аралығындағы қызметкерлер құрайды. ^{GRI 405-1} Бұл жас тобында тәжірибе, біліктілік және тұрақты кәсіби дағдылар үйлеседі, бұл әсіресе өндірістік процестер, жабдықты пайдалану және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды.

Бір мезгілде біз жас мамандарға назар аударамыз: олар үшін мамандыққа тезірек бейімделуге және Қор ішінде мансаптық траекторияны құруға көмектесетін бейімделу, даму және кәсіби өсу бағдарламалары жұмыс істейді. Жасы үлкен қызметкерлер негізгі сараптаманы ұстаушылар болып табылады және командаларды дамытуға, оның ішінде тәлімгерлік және корпоративтік білім беру бағдарламаларына қатысу арқылы белсенді тартылған, бұл сараптаманы Қор ішінде сақтауға және оны қызметкерлердің келесі ұрпақтарына беруге көмектеседі.

Персоналдың гендерлік құрылымы да салалық ерекшелікті көрсетеді. Әйелдер персоналдың жалпы санының шамамен төрттен бірін құрайды. ^{GRI 405-1} Бұл дәстүрлі түрде ер адам персоналы басым болатын өндірістік және техникалық бағыттарда жұмыспен қамтудың жоғары үлесімен байланысты.

Сонымен бірге әйелдер басшы лауазымдарды қоса алғанда, басқарушылық, сараптамалық, қаржылық, заңды және әкімшілік функцияларда кеңінен ұсынылған. 2025 жыл қорытындысы бойынша 30 жасқа дейінгі басшылар арасындағы әйелдер үлесі 19%-ды құрады. ^{GRI 405-1}

Біз мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер үшін қолжетімді жұмыс ортасын құрамыз. Есепті жылы олардың саны 3 030 адамды құрады. Жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін QSamruk.kz платформасында осы санаттағы кандидаттар үшін вакансиялардың жеке бөлімі көзделген.

Еңбек жағдайлары

Еңбек жағдайлары қызметкерлердің кәсіби қызметі мен жеке қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдікті ұстауға, сондай-ақ олардың әлеуметтік әл-ауқаты мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі әлеуметтік жеңілдіктерге мыналар жатады:

- еңбек демалысына сауықтыруға материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты төлемдер;
- 1,5 жасқа толғанға дейін балаға күтім жасау бойынша демалыста жүрген қызметкерлерге ай сайынғы төлемдер;
- тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- еңбек шартын бұзу кезіндегі заңнамаға сәйкес өтемақы;
- ауыр өмірлік жағдайларға байланысты төлемдер, оның ішінде өндірістегі оқыс оқиға салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе қаза тапқан жағдайда қолдау. GRI 401-2, GRI 404-2

Базалық әлеуметтік пакетке қосымша түрде біз сақтандыру бағдарламалары шегінен асатын емдеуге және медициналық операцияларға ақы төлеуге көмек, баланың туылуымен, неке құрумен және басқа да маңызды оқиғалармен байланысты төлемдер, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қосымша қолдау береміз. GRI 401-2

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау үшін біз сауықтыру, санаторий-курорттық емдеу, демалыс және ауруларды алдын алу бағдарламаларын жүзеге асырамыз. Қызметкерлер бұл бағдарламаларға ішкі әлеуметтік бағдарламалар, ұжымдық шарттар және басқа да әлеуметтік қолдау тетіктері арқылы қол жеткізе алады. GRI 403-6

Қызметкерлерде сондай-ақ спорттық инфрақұрылымға, оқыту материалдарына және қажет болған жағдайда анонимді психологиялық консультацияларға қол жеткізу бар. GRI 403-6

Қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуы зейнетақы жүйесімен толықтырылады. Зейнетақы жинақтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында қалыптасады және міндетті зейнетақы жарналарын және заңнамада көзделген өзге де төлемдерді қамтиды. GRI 201-3

Әлеуметтік кепілдіктер жүйесі тұрақтылықтың негізін қалыптастырады, ал қызметкерлерді дамыту олардың нәтижелерін, әлеуетін және мансаптық мүмкіндіктерін жүйелі бағалау арқылы қамтамасыз етіледі. ҚНҚ-ні корпоративтік мақсаттардан жекелеген қызметкерлер деңгейіне дейін каскадтауды, басшыларға арналған «360 градус» жыл сайынғы бағалауды өткізуді және міндетті кері байланысты қамтитын бірыңғай әдістемелік тәсіл қолданылады. GRI 404-3

Бағалау нәтижелері еңбекке ақы төлеу мен қызметкерлер үлесін мойындау тәсілдерінде көрініс табады. 2025 жылы біз персоналдың төмен ақы төленетін санаттарының еңбегіне ақы төлеуді арттыруға, әкімшілік-басқару және өндірістік

блоктар арасындағы алшақтықтарды қысқартуға, сондай-ақ грейдтеу жүйесін енгізуге назар аудардық. Қосымша түрде біз корпоративтік сыйлықақылар, грамоталар, салалық және мемлекеттік марапаттар бердік.

Әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін «Нысана» колл-орталығының сенім желісін қоса алғанда, кері байланыс және өтініштерді қарау тетіктері жұмыс істейді. Есепті жылы «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-да кемсітушіліктің екі расталған жағдайы тіркелді. Әрбір жағдай бойынша тергеулер жүргізіліп, тиісті ден қою шаралары қабылданды. ^{GRI 406-1}

Жеке өтініштермен қатар әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғаудың жүйелі тетігі – қызметкерлердің бірлесу және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы әрекет етеді. 2025 жылы ұжымдық шарттармен 252 020 адам немесе қызметкерлердің жалпы санының 95%-ы қамтылды.^{25 GRI 2-30} Бұл әлеуметтік-еңбек қатынастарын ресімдеудің жоғары деңгейін және қызметкерлерді қосымша кепілдіктермен кең қамтуын куәландырады. Бұл процесте сезімтал мәселелерді талқылауға және әлеуметтік шиеленіс тәуекелдерін азайтуға көмектесетін кәсіподақтар маңызды рөл атқарады.

Біз қызметтегі елеулі өзгерістер туралы қызметкерлерді хабардар етудің белгіленген тәртібі арқылы еңбек қатынастарының айқындылығын қамтамасыз етеміз. Хабарлаудың ең төменгі мерзімі күнтізбелік 15 күннен кем емес, егер еңбек немесе ұжымдық шартта ұзағырақ мерзім белгіленбесе. ^{GRI 402-1}

Кадрлық процестердегі ЖИ

Есепті жылы кадрлық процестерді басқару құралдарының бірі жасанды интеллект технологияларын енгізу болды.

2025 жылы біз HR-функциясы үшін ЖИ-агент әзірлеп, енгіздік, сондай-ақ ЖИ-агенттердің корпоративтік платформасының базалық нұсқасын өрістеттік. Пилоттау сатысында шешім құжаттарды талдау, материалдарды дайындау және есептілікті қалыптастыру үшін қолданылды.

2026 жылы біз платформаны негізгі бизнес-процестерге масштабтауды, типтік ЖИ-агенттер мен салалық модульдердің жиынтығын кеңейтуді, интеграцияны тереңдетуді, сондай-ақ білімдердің орталықтандырылған қоймасын құруды жоспарлап отырмыз.

3.1. Оқыту және кәсіби даму

2025 жылы біздің оқыту және кәсіби даму саласындағы жұмысымыз цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллект құралдарын қолдану дағдыларын дамытуға, жұмысшы мамандықтарға, білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылды нығайтуға, сондай-ақ жас мамандар мен жобалық командаларды қолдауға шоғырланды. ^{GRI 3-3}

²⁵ Ұжымдық шарттың қатысушысы болып табылмайтын жұмыскерлер үшін еңбек жағдайлары жұмыс беруші компанияның ішкі кадрлық құжаттарымен айқындалады.

Цифрлық сауаттылық және ЖИ

Цифрлық трансформация басымдығын ескере отырып, біз жасанды интеллект саласындағы оқытуды күшейттік. Есепті жылы 56 мың қызметкер «ЖИ негіздері мен құралдары» бес сағаттық онлайн-курсын аяқтады. Қосымша түрде Қордың 110 қызметкері цифрлық сауаттылықты арттыруға және ЖИ-құралдарын қолданудың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған мамандандырылған оқудан өтті.

2025 жылы жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша оқудан барлығы 236 мың қызметкер өтті. Бұл базалық цифрлық құзыреттерді кеңейтуге және персоналдың күнделікті қызметте жаңа технологияларды қолдануға дайындығын арттыруға ықпал етті. GRI 404-2

Жұмысшы мамандықтары және өндіріс

Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында біз өндірістік кәсіпорындар үшін кадрларды даярлауды күшейттік және техникалық пен жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру жөніндегі жұмысты жүргіздік.

Өндірістік персоналды дамыту

| | | | |
|---|---|--|---|
| 190 мың жұмысшы мамандықтарының қызметкерлері | >160 мың қызметкерлер біліктілігін арттырды | > 5 000 студент кәсіпорындарда тәжірибеден және тағылымдамадан өтті. | > 200 жастармен өткізілген кәсіптік бағдарлау кездесулері |
|---|---|--|---|

Негізгі бастамалардың бірі TULGA жобасы болды. Өндірістік алаңдар қызметкерлері туралы материалдар сериясы арқылы біз еңбек адамдарын – кәсіпорындардың жұмысы соларға тәуелді аппаратшыларды, технологтарды, слесарьларды, операторларды және басқа да мамандарды – назардың орталығына шығардық. Бұл формат жұмысшы және инженерлік мамандықтардың әртүрлілігін көрсетуге, олардың танылуын арттыруға және көпшілік алаңда сирек көрінетін, бірақ күн сайын өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін мамандардың маңыздылығын атап өтуге мүмкіндік берді.

Біз бұл бағыттағы жұмысты оқушылар мен студенттерге арналған кәсіптік бағдарлау іс-шаралары арқылы жалғастырдық. 2025 жылы 200 мектепте іс-шара ұйымдастырып, өндірістік нысандарға 120 экскурсия өткіздік. Қатысушылар өндірістік ортамен, жұмысшы және техникалық мамандықтарға қойылатын талаптармен, сондай-ақ Қор тобы ішіндегі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен танысты.

Даярлау жүйесін біз дуалдық оқыту мен өндірістік практика тетіктері арқылы жалғастырдық. Дуалдық оқудан 5 000-нан астам студент өтті, ал білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық аясында 100-ден астам меморандумға қол қойылды.

Жастар бағдарламалары

2025 жылы біз жастар бағдарламаларын кәсіби қалыптасудың барлық кезеңдерінде – мамандықты таңдау мен білім алудан бастап жобалық қызметке қатысу, тәлімгерлік және алғашқы жұмысқа орналасуға дейін – кешенді қолдау жүйесі ретінде дамыттық.

Іске асырылып жатқан бастамалар жастардың кәсіби дамуға қол жеткізуін кеңейтуге, техникалық және жұмысшы мамандықтарға қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ өндірістік салалар үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған. GRI 404-2

Инфографика. Жастарға арналған бағдарламалар

| | | |
|---|---|---|
| <p>«Жеті Қадам» Өндірістік орта үшін жас мамандарды даярлау бағдарламасы.</p> <p>«7 Qadam Master» модулі Қолданбалы дағдыларға, өндірістік мәдениетке және кәсіби деңгейдегі жарыстарға дайындалуға назар.</p> <p>«7 Qadam PRO» модулі Кәсіпорындарда қолданылатын шешімдерді әзірлеу арқылы нақты өндірістік міндеттерге бағытталу.</p> <p>Нәтиже Халықаралық AtomSkills және «Хайтек-2025» чемпионаттарында 15 жүлделі орын алынды.</p> | <p>Birgemiz Expedition Қор тобының Жастар кеңесінің портфельдік компаниялардағы жас қызметкерлер арасында кәсіби құзыреттерді дамытуға және тәжірибе алмасуға бағытталған бастамасы.</p> <p>Нәтиже: Ел бойынша 19 өңірден жиналған 10 мың жас маманның арасында үздік тәжірибе алмасу өткізіліп, корпоративаралық байланыстар нығайтылды.</p> | <p>Мұрагер Қатысу өңірлеріндегі талапкерлерге, колледж түлектеріне және бастапқы курстардағы студенттерге арналған білім беру гранттары бағдарламасы</p> <p>Нәтиже: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша оқуға 59 грант бөлінді.</p> |
| <p>АЛЫП Өндірістік трансформация дағдыларын, ұқыпты ойлауды және тиімділікті арттыру жобаларын іске асыруды дамытуға бағытталған жас мамандарды даярлау бағдарламасы.</p> <p>Нәтиже: Жалпы экономикалық әсері 900 млн теңге болатын 24 жоба іріктелді.</p> | <p>Жарқын болашақ Маңғыстау облысы жастарын оқытуға арналған білім беру бағдарламасы.</p> <p>Нәтиже: Жаңаөзеннің 177 тұрғыны колледждерде оқу үшін білім беру гранттарын алды, олардың 111-і оқуын тәмамдады.</p> | <p>Тәлімгер 2025 жылы колледждерді бітірген балалар үйлерінің түлектерін жұмысқа орналастыру бағдарламасы.</p> <p>Нәтиже: 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаладан 109 түлек жұмысқа орналастырылды.</p> |

Экологиялық ағарту және персоналды тарту

Біз жауапты тұтыну тәжірибесін қалыптастыратын және тұрақты даму саласындағы хабардарлықты арттыратын ішкі экологиялық оқыту мен персоналды тарту бағдарламаларын жүйелі түрде дамытамыз. Бұл бастамалар жанама экологиялық әсерді азайту және климаттық стратегияны іске асыру үшін қосымша құрал ретінде қарастырылады.

3.2. Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет Өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат, Өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарт, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту стратегиясы және жыл сайынғы Іс-шаралар жоспары негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттар бүкіл Топ үшін бірыңғай қағидаларды белгілейді және тек Қор қызметкерлеріне ғана емес, еншілес және тәуелді ұйымдарға, сондай-ақ өндірістік нысандарда қызмет жүзеге асыратын мердігерлерге де қолданылады. GRI 3-3 GRI 2-23 GRI 403-1 GRI 403-8

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат өмір мен денсаулыққа қауіп төнген кезде қызметкерлерге жұмыстарды орындаудан бас тарту құқығын бекітеді. Біз бұл құқықты қауіпсіздік мәдениетінің ажырамас элементі ретінде қарастырамыз, оның шеңберінде қызметкер жағымсыз салдар тәуекелінсіз қауіпті операцияны тоқтата алады. GRI 403-2 GRI 403-9

2025 жылы біз жұмысты төрт негізгі бағытқа шоғырландырдық:

1. Адамдар және қауіпсіздік мәдениеті деңгейін арттыру.
2. Жабдықты пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
3. Төтенше жағдайлардың алдын алу.
4. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы.

Адамдар және қауіпсіздік мәдениеті деңгейін арттыру

Жыл ішінде біз Корпоративтік стандартты жаңарттық, қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамытуды жалғастырдық және Топ компаниялары арасындағы тәжірибе алмасуды күшейттік. 2025 жылы HSE Комитетінің үш отырысы өткізілді, оның екеуі Қор мен портфельдік компаниялардың CEO-ларының қатысуымен өтті, бұл өндірістік қауіпсіздік мәселелерін басқарудың жоғарғы деңгейінде қарауды қамтамасыз етті. GRI 403-4

Біз оқытуға ерекше назар аударамыз. Барлық қызметкерлер заңнамада көзделген өндірістік қауіпсіздік саласындағы міндетті дайындықтан өтеді – орта есеппен жылына бір қызметкерге 19 сағат. Сонымен қатар қызметкерлердің 40%-дан астамы халықаралық тәжірибеге негізделген қосымша оқытудан өтеді – орта есеппен бір қызметкерге 47 сағат.

Қызметкерлер NEBOSH, IOSH халықаралық курстары мен «Defensive Driving» («қорғаныс жүргізу») курстарынан өтті, ал басшылар – Ұлыбританияның Қауіпсіздік техникасы мен денсаулықты сақтау институты мақұлдаған «Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы» модульдік бағдарламасынан

өтті. Өндірістік қызметкерлер мен мердігер ұйымдардың персоналы осы Институт аккредиттеген «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқыды.

Практикалық сабақтар дефибрилляторларды пайдалану, өрт және көлік қауіпсіздігі мәселелері, сондай-ақ жоғары қауіптілікті жұмыстарды орындауды қоса алғанда, сыни маңызды қызмет түрлеріне арналды. Тәжірибе алмасу үшін мамандар Dunga Operating GmbH нысандарына барып қайтты. GRI 403-5 GRI 403-7 GRI 403-9

Жекелеген назар біз қызметкерлердің денсаулығына аудардық. Есепті жылы халықаралық сарапшылардың қатысуымен кеңейтілген семинар мен персоналдың медициналық тексерістері мен денсаулығын қорғау бойынша мастер-класс өтті. GRI 403-3 GRI 403-5 GRI 403-7

Жыл сайын біз қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін бағалауды жүргіземіз, ол басшылардың да, қызметкерлердің де жоғары деңгейдегі тартылуын көрсетеді. 2025 жылы сауалнамаға 7 167 адам қатысты; Қор тобы бойынша орташа көрсеткіш 89%-ды құрады (2024 ж. – 87%).

Жабдықты пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету

2025 жылы жабдықты пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті арттыру жөніндегі іс-шаралар 2024–2027 жылдарға арналған техникалық қайта жарактандыру жоспарларына сәйкес іске асырылды.

Бекітілген жоспарлар шеңберінде біз өндірістік жабдықты жанарттық, ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеуден өткіздік, сондай-ақ автокөлік және арнайы техника сатып алдық. Бұл шараларды іске асыру өндірістік процестердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттырды. GRI 403-2 GRI 403-9

Инфографика. Техникалық қайта жабдықтау

| | | | |
|--|--|--|---|
| 91% 2024–2027 жылдарға арналған Техникалық қайта жабдықтау жоспарларын орындау | 13 мың+ Ауыстырылған техникалық құрылғылар | 170 бірлік Сатып алынған автокөлік және арнайы техника | 116 Күрделі жөндеуден өткен ғимараттар мен құрылыстар |
|--|--|--|---|

Инфографика. Проактивті құралдар

| | | | | |
|--|---|---|--|--|
| 227 мың мінез-құлықтық қауіпсіздік аудиттері 2024 жылға +20% | 199 мың Ішкі тексерулер 2024 жылға +18% | 8 мың+ Жұмыстарды тоқтату 2024 жылға +65% | 10 мың+ Анықталған әлеуетті қауіпті оқиғалар 2024 жылға +19% | 60 мың+ Анықталған қауіпті әрекеттер 2024 жылға +34% |
|--|---|---|--|--|

Инфографика. Аудит және мердігерлермен өзара іс-қимыл нәтижелері

| | | | |
|---|---|--|--|
| 101 аудит, CEO-1 деңгейіндегі басшылар жеке өткізген | 1 239 Іріктеме аудиттер барысында анықталған сәйкессіздіктер | 1 644 Мердігерлермен өткізілген бастапқы кеңестер | Мердігер ұйымдармен жасалған шарттарды басқаратын басшылар үшін ӨҚ |
|---|---|--|--|

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | бойынша нысаналы көрсеткіштер белгіленді |
|--|--|--|--|

Төтенше жағдайлардың алдын алу

2025 жылы біз авариялардың алдын алу және төтенше жағдайларға дайындықты ұстау жөніндегі жұмысты жалғастырдық. Қор «АЭС «Шульбинская ГЭС» ЖШС аумағында көктемгі тасқынды қауіпсіз өткізу бойынша нысандық жаттығуға, сондай-ақ «СП «CASPI BITUM» ЖШС қауіпті өндірістік нысанындағы аварияны жоюға қарсы жаттығуға қатысты.

Бір мезгілде біз төтенше жағдайларға, оның ішінде су тасқыны, жер сілкінісі, дауыл, эпидемиялар мен пандемияларға ден қою жоспарларын жаңарттық.

Қызметкерлердің әзірлік деңгейін сақтау үшін біз қауіпті өндірістік нысандарда 284, әкімшілік ғимараттарда 597 және вахталық қызметкерлердің тұрғын орындарында 33 оқу-жаттығу сабағын өткіздік. Қосымша симуляциялық жабдықты пайдалана отырып, алғашқы көмек көрсету бойынша 321 практикалық сабақ ұйымдастырдық. GRI 403-5 GRI 403-9

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы

2025 жылы өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша коммуникация ашығырақ және мазмұндырақ болды. Тәуекелдерді талқылау қызметкерлермен тікелей – дөңгелек үстелдер, тақырыптық сессиялар, зардап шеккендермен кездесулер және оқыс оқиғалар себептерін талдау форматында жүргізілді.

Есепті кезеңде біз 1 800-ден астам осындай талқылау өткіздік, 55 ақпараттық бюллетень шығардық, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру жөнінде қызметкерлерден 595 ұсыныс алдық. GRI 403-2 GRI 403-4 GRI 403-7

Сонымен қатар біз бақылау рәсімдерінің айқындылығын арттырдық. Ақпараттық панельдерді, мердігер ұйымдардың оқиғалары мен инциденттерін есепке алу жүйелерін, сондай-ақ жедел мониторинг құралдарын дамыттық. Industrial Relations рәсімі шеңберінде қызметкерлерге қауіпсіздік деңгейін бағалауға және анықталған мәселелер туралы хабарлауға мүмкіндік берілді. Мұндай формат әлсіз тұстарды жылдамырақ байқауға және өндірістік алаңмен үнемі кері байланыс ұстауға көмектесті. GRI 403-2 GRI 403-3 GRI 403-4

Атқарылған жұмыс нәтижелері негізгі қауіпсіздік көрсеткіштерінің динамикасында көрініс табады. 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің көпшілігі жақсарды: зардап шеккендер саны 27%-ға, ауыр жарақаттар саны 16%-ға, денсаулықтың кенеттен нашарлауы салдарынан болған өлім жағдайларының саны 29%-ға қысқарды. Жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты жарақаттану коэффициенті (LTIF) 0,12-ні құрап, 2024 жылмен салыстырғанда шамамен 8%-ға төмендеді. GRI 403-9 Біз үшін бұл маңызды белгі: өндірістік қауіпсіздікті нығайту жөніндегі шаралар нәтиже беруде.

Сонымен бірге, жыл қорытындысы бойынша салдары ауыр оқиғалар сақталды: еңбек қызметімен байланысты оқиғалар салдарынан 16 қызметкер қаза тапты. Әрбір жағдай егжей-тегжейлі тергелді, ал қорытындылар мен түзету шаралары осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін Топтың барлық компанияларына жеткізілді.

Қосымша біз бес жылдық кезеңдегі өндірістік жарақаттанудың талдауын жүргіздік, бұл бақытсыз жағдайлардың негізгі себептерін анықтауға және зардап шеккен қызметкердің жалпыланған бейінін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ауыр зардаптардың ең жиі себептеріне құлау және заттардың құлауы, қызметкерлердің құлауы, қозғалатын бөліктер мен механизмдердің әсері, жол-көлік оқиғалары және электр тогының соғуы жатады. Талдау оқиғалардың айтарлықтай бөлігі жұмыстарды ұйымдастырудағы кемшіліктерге және қауіпсіздік талаптарын бұзуға байланысты екенін көрсетті. GRI 403-9

Цифрлық шешімдер және ЖИ

2025 жылы біз өндірістік қауіпсіздікті басқарудың заманауи және тиімді жүйесіне тағы бір қадам жасадық. Samruk App платформасы арқылы Өндірістік қауіпсіздік бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша есептілік «бір терезе» форматына көшірілді, бұл деректерді жинауды жеделдетуге, бақылау ашықтығын арттыруға және басшылық пен бейіндік қызметтерге Топ бойынша шоғырландырылған ақпаратқа оперативті қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. GRI 403-9

Бір мезгілде өндірістік нысандарда практикалық тиімділігін көрсетіп отырған цифрлық шешімдер енгізілуде. Атап айтқанда, әлеуетті қауіпті іс-әрекеттер мен жағдайларды анықтау үшін бейне аналитика жүйелері дамытылуда.

Инфографика. TUMAR: ұңғымалардағы өмірді қорғау

| | |
|---|---|
| <p>TUMAR – ұңғымаларды жөндеу кезіндегі инциденттердің алдын алу</p> | <p>Жүйе ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу кезінде нақты уақыт режимінде бейне ағынды талдайды. Алгоритм қауіпті жағдайларды анықтайды: қызметкердің дұрыс емес позициясы, ЖҚЖ жоқтығы, жұмыс аймағын бұзу. Қауіп анықталған жағдайда – дереу жарық немесе дыбыс сигналы. Модель өндірістік нысандардан 15 000 нақты сурет негізінде оқытылған, 16 класс бойынша 183 000 -нан астам нысан таңбаланған.</p> <p><i>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та енгізілген</i></p> |
|---|---|

Инфографика. Бейне талдау

| | |
|---|--|
| <p>Электр станцияларындағы қауіпсіздік бұзушылықтарының бейне аналитикасы</p> | <p>Зияткерлік бейнебақылау жүйесі өндірістегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуын нақты уақыт режимінде тіркейді: тыйым салынған аймақтарда болу, ЖҚЖ-сыз жұмыс, қауіпсіз емес мінез-құлық. АлЭС-те енгізу нәтижелері бойынша бұзушылықтар саны шамамен 70%-ға төмендегені тіркелді.</p> <p><i>«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ және «KEGOC» АҚ-да енгізілді</i></p> |
|---|--|

Инфографика. VR-тренажерлер: тәуекелсіз қауіпсіздік

| | |
|---|---|
| <p>Қауіпті нысандардың персоналына арналған VR-тренажерлер</p> | <p>Виртуалды шындық технологиялары қызметкерлерге өмірге және қымбат жабдыққа қауіп төндірмей авариялық және штаттан тыс жағдайлардағы әрекеттерді қайта-қайта пысықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қызметкер қауіпсіз виртуалды ортада қосалқы станциядағы өрт, жабдықтың істен шығуы, шұғыл сөндіру модельдеуін өтеді. «KEGOC» АҚ-та енгізілген</p> |
|---|---|

Инфографика. HSE бойынша AI ассистент және бақытсыз жағдайларды талдау мен алдын алу бойынша AI Expert

| | |
|--|--|
| <p>HSE-ассистент және AI Expert – қауіпсіздікті басқаруға арналған ЖИ</p> | <p>HSE бойынша AI ассистент жұмыстарды қауіпсіз орындау тәртібі мен талаптарын нақтылауға көмектеседі, оның ішінде биіктікте жұмыс істеу, жабық кеңістіктердегі жұмыстар, отты жұмыстар, жүк көтергіш механизмдер қолданылатын жұмыстар және басқа да жоғары қауіпті жұмыстар. AI Expert бақытсыз жағдайлардың себептерін талдайды, инциденттердің алдын алу үшін болжамды модельдерді құрады, реттеуші және ішкі басқару органдары үшін есептілікті дайындауды автоматтандырады. <i>AI Expert: демо-нұсқа іске қосылды, ақпараттық жүйелерге интеграция жалғасуда</i></p> |
|--|--|

3.3. Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету

Біз үшін әлеуметтік тұрақтылық еңбек қатынастарының сапасымен және әлеуметтік шиеленіс факторларын уақтылы анықтаумен ажырамас байланысты. 2025 жылы бұл бағыт Қор тобы үшін бірыңғай қағидаларды бекіткен және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесін күшейткен Әлеуметтік саясат саласындағы корпоративтік стандартты енгізу есебінен қосымша даму алды. ^{GRI 3-3}

Үйлестіру Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы мен Әлеуметтік тұрақтылықты мониторингтеу орталығы арқылы жүзеге асырылады. Бұл деңгейде бірыңғай тәсілдер қалыптасады, әлеуметтік орта жағдайының мониторингі, қызметкерлер өтініштеріне талдау және әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтау жүргізіледі. Бұл орайда еңбек ұжымдарымен күн сайынғы жұмыс және жергілікті жерлердегі жағдайға жауапкершілік компаниялар мен құрылымдық бөлімшелер басшыларына бекітілген. ^{GRI 3-3 GRI 413-1}

Мониторинг жүйесі тұрақты негізде жұмыс істейді, әртүрлі коммуникация арналары қолжетімді, оның ішінде электрондық пошта, телефон, мессенджерлер, сайт және QR-кодтар. Қызметкерлер үшін бұл мәселе туралы хабарлаудың түсінікті әрі қолжетімді тәсілі, ал біз үшін – туындайтын мәселелерге жедел жауап беру және әлеуметтік шиеленістің күшеюін болдырмау мүмкіндігі. ^{GRI 403-2}

Жауап беру сапасын бағалау үшін кері байланыс тетігі жұмыс істейді, ол қызметкерлерге өтініштерді қарастырудың толықтығын, уақтылылығын және

сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Жалпы көрініске интерактивті Әлеуметтік тұрақтылық картасы көмектеседі, ал дағдарыс жағдайларында Қордың Жедел штабы іске қосылады. Мониторинг орталығы сондай-ақ Омбудсмендер кеңесінің қызметін үйлестіреді және омбудсмендердің, кәсіподақ көшбасшыларының және медиаторлардың қатысуымен жыл сайынғы форум ұйымдастырады. Осылайша, жүйе тек жауап беру функциясын ғана емес, өндірістік ұжымдар ішіндегі әлеуметтік ортаны тұрақты мониторингті де қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі аналитикалық құрал 2013 жылдан бері тұрақты негізде жүргізіліп келе жатқан Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік тұрақтылық зерттеуі болып қалуда. Сауалнама жылына екі рет өткізіледі және әлеуметтік ортадағы өзгерістер динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер тәуекелдерді ерте анықтау және түзету шараларын әзірлеу үшін пайдаланылады. GRI 3-3 GRI 403-9

| | | | |
|---|-----------------------|----------------------------------|---------------------------------------|
| 75% 2025 жылғы SRS индексі <i>2024 жылға +3 п.т.</i> | > 77 мың қызметкер | 10 портфельдік компаниялар | 89 еншілес және тәуелді ұйымдар |
|---|-----------------------|----------------------------------|---------------------------------------|

Оң динамика 9 портфельдік компанияда тіркелді. Ең жоғары өсім «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-де (+20%), «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-да (+12%) және «Самұрық-Энерго» АҚ-да (+8%) байқалды, бұл әлеуметтік тұрақтылықты нығайту бойынша іске асырылып жатқан шаралардың әсерін көрсетеді.

2025 жылғы ақпаннан бастап еңбек жағдайларын бағалауға, әлеуметтік тәуекелдерді анықтауға және ықтимал бұзушылықтарды ерте тіркеуге бағытталған «Әлеуметтік өлшем» құралы жұмыс істейді. Құрал тиісті сақтық тәжірибелерін күшейтті және жергілікті жерлердегі жағдай туралы ақпараттың қосымша көзін қамтамасыз етті. Әлеуметтік өлшем барысында санитарлық-тұрмыстық жағдайлар, еңбекті ұйымдастыру, кадрлық және нормативтік құжаттама, сондай-ақ қызметкерлердің қанағаттану деңгейі бағаланады. GRI 3-3 GRI 403-9

2025 жылы құрал республикалық маңызы бар 3 қалада және 17 облыста орналасқан 10 портфельдік компанияның 106 еншілес және тәуелді ұйымдары мен филиалдарын қамтыды. Біз өндірістік персоналмен 318 фокус-топ өткіздік, вахталық кенттердегі жатақханаларды, тамақтандыру нысандарын, медициналық пункттер мен тұрмыстық бөлмелерді тексердік. Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша басқарушылық шешімдерге арналған басым аймақтар айқындалды және қызметкерлермен қосымша кері байланыс арнасы қалыптастырылды.

2026 жылы біз SRS зерттеуінің кезекті циклін өткізуді жалғастыруды, әлеуметтік өлшем тәжірибелерін кеңейтуді, қызметкерлердің құқықтарын қорғаудың проактивті тетіктерін дамытуды жоспарлап отырмыз. Жекелеген назар

элеуметтік тұрақтылықты мониторингтеуге, талдауға және болжауға арналған жасанды интеллект құралдарын қолдануға, сондай-ақ өтініштерді қабылдау және қарау процестерін автоматтандыруға бөлінеді.

3.4. Қайырымдылық

2025 жылы Қор элеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге бағытталған қайырымдылық бастамаларын іске асыруды жалғастырды. Қолдау шынайы қажет жерге жетуі үшін біз коммерциялық емес ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және әріптестермен бірге жұмыс істедік.

Бұл саладағы қызмет Қордың Қайырымдылық саясатына және Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. GRI 3-3

| | | |
|---|--|--|
| <p>104 млрд теңге 2024 жылға +3% Қайырымдылық</p> <p>Оның ішінде 75 млрд теңге 2024 жылға +50% «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына қаражат бөлу</p> | <p>1 млн адам Тікелей бенефициарлар</p> | <p>39 Samruk Kazyna Trust қайырымдылық жобалары</p> |
|---|--|--|

«Samruk Úmiti» пилоттық жобасы

| |
|---|
| <p>Пилоттық жоба · 2025 жылы алғаш рет іске қосылды</p> <p>«Samruk Úmiti» – балалар үйі тәрбиеленушілеріне арналған кәсіптік бағдарлау</p> <p>Павлодар және ШҚО облыстары</p> <ul style="list-style-type: none"> · 8–9 сынып оқушыларынан 100 жасөспірім · қаржылық сауаттылық, көшбасшылық курстары және практикалық тренингтер · 39 түлек колледждерге жұмысшы мамандықтарына түсті |
|---|

Біз бизнес қоғам алдында нақты істер арқылы жауапты деп сенімдіміз. Сондықтан да біз қайырымдылық жобаларын бес негізгі салада: денсаулық сақтау, инклюзия, спорт, мәдениет және білім беруде жүйелі түрде іске асырамыз.

Инфографика. Денсаулық сақтау

| | |
|--|---|
| <p>«Саламатты Қазақстан» жобасы</p> | |
| <p>123 елді мекен</p> | <p>100 000+ тұрғын жыл сайын</p> |
| <p>Қазақстанның шалғай станциялары бойынша жыл сайынғы рейс – борттағы 36 маман: дәрігерлер, медиаторлар, заңгерлер. Көмек тегін, МӘМС қажет емес.</p> <p>Әсер</p> <p>Бағыттағы кейбір ауылдар үшін медициналық пойыз – жалғыз тұрақты медициналық қызмет: тұрғындар қалаға бармастан диагностика мен консультация алады.</p> | |

Қарт адамдарды қолдау – белсенді ұзақ өмір сүру

| | | |
|---|--------------------------------|----------------------------------|
| 2 белсенді ұзақ өмір орталығы 2025 жылы ашылды | Тараз ≈ 200 адам/күн | Шымкент ≈ 200 адам/күн |
| <p>Жазылмастан және ақысыз бір жерде медицина, психологиялық қолдау және демалыс берілетін тегін кеңістіктер.</p> <p>Қызметтер: медицина, психология, заңдық кеңестер, спорт залы, шығармашылық студиялар, кинозал, кітапхана.</p> <p>Әсер 2025 жылдың жаңа бағыты</p> <p>Өңірлерде алғаш рет қарт адамдарға арналған денсаулық, қолдау және демалысты жақын жерде біріктіретін кешенді кеңістіктер пайда болды.</p> | | |

Инфографика. Инклюзияны дамыту

| | | | | |
|--|---|---|--|---|
| Инклюзивті оңалту орталықтары | | | | |
| 55 Барлығы оңалту орталықтары <i>Оның ішінде 10 2025 ж.</i> | 19 Ерте араласу орталықтары (0–3 жастағы балалар) <i>Оның ішінде 2 2025 ж.</i> | 21 Оңалту орталығы (3–18 жастағы балалар) | 10 Аутизмі бар балаларға арналған орталықтар <i>Оның ішінде 3 2025 ж.</i> | 5 Аралас типтегі Ainala орталықтары <i>Оның ішінде 5 2025 ж.</i> |
| <p>Ерекше қажеттіліктері бар баланы оның бүкіл жолы бойы – алғашқы қадамдардан ересек өмірге дейін – сүйемелдеу: 0–3 жасқа дейінгі ерте көмек, 3–18 жастағы негізгі оңалту, бейіні бойынша бөлу (тірек-қимыл аппараты, аутизм) немесе аудандық орталықтардағы аралас «Ainala» форматы. Әрбір кезең – жеке инфрақұрылым және мамандар, бірақ олар бірлесіп бір тұтас үздіксіз қолдау жүйесін құрайды.</p> <p>2025 жылғы ерте араласу орталықтары – Алматы, Қызылорда.</p> <p>2025 жылы аутизмі бар балаларға арналған орталықтар – Түркістан, Қарағанды және Ақтау.</p> | | | | |
| 2025 жылдың жаңа форматы | | | | |
| «Ainala» – бұрын ірі оңалту жетпеген аудан орталықтары мен ауылдардағы 3–18 жастағы балаларға арналған аралас үлгідегі оңалту орталықтары. Түркістан, Ақтөбе, Маңғыстау және ШҚО облыстарында 5 орталық ашылды – әрқайсысы жылына 800-ге дейін бала қабылдайды. | | | | |
| Әсер | | | | |
| Оңалту орталықтарын құру жобасы іске қосылғаннан бері 21 мыңнан астам бала көмек алды, шамамен 6 мың бала жүре бастады, 8 мың бала алғашқы сөздерін айтты. | | | | |

| | | |
|---|---------------------------------------|--|
| Инклюзивті білім беру | | |
| 31 инклюзия кабинеті <i>Оның ішінде 17–2025 ж.</i> | 500+ Дайындалған педагогтер | 40% Астанадағы барлық ерекше оқушылардың |

2025 жылғы Астанадағы кабинеттер – 11
 2025 жылғы Ақмола обл. кабинеттер – 1
 2025 жылғы Құлсары (Атырау обл.) кабинеттер – 5

Әсер

Ерекше қажеттіліктері бар балалар өз үйінің жанындағы мектепте оқиды. Кабинеттер Charity Samruk Marathon марафонының 3 000 қатысушысы жинаған краудфандинг қаражатының қолдауымен ашылған.

Спорттық инфрақұрылым және инклюзивті спорт

| | | | |
|---|-----------------------------------|--------------------------------------|---|
| 19 барлығы спорттық кешен <i>Оның ішінде 3-еуі – 2025 ж.</i> | 700 000 өңір тұрғындары | 400 республикалық жүлдегер | 15 халықаралық турнирлердің чемпиондары |
|---|-----------------------------------|--------------------------------------|---|

Шалғай ауылдар мен шағын қалалардағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған спорттық инфрақұрылым және лагерьлер.

2025 жылғы спорт кешендері – Қажымұқан а. (Ақмола обл.), Дәулет а. (Маңғыстау обл.) және Жаңаөмір а. (БҚО).

22 қала мен ауылдағы инклюзивті секциялар – 1 000-нан астам бала тегін айналысады «Sheksiz Mumkyndikter» лагері – балалардың церебралды сал ауруы, психо-сөйлеу дамуының тежелуі, аутизм, көру қабілеті бұзылған 250 бала, сондай-ақ олардың ата-аналары, 5 ауысым

Children Paralympic Games, финал – 400 спортшы, 20 өңір.

Әсер

Шалғай ауылдар тұрғындары заманауи спорт нысандарын алды. Ата-аналардың қатысуымен көшпелі инклюзивті спорт лагері іске қосылды – бейімделген спорт, робототехника, психологиялық сессиялар.

Инфографика. Мәдениет және білім

| | |
|---|--|
| 250 000+ экспонаттар – Қызылорда мұражайы | 400 «Туған елге саяхат» (IX маусым) пойыз-лагерінің балалары |
|---|--|

Өңірлердегі жаңа және жаңартылған мәдени нысандар – креативті хабтар, кітапханалар, мұражайлар.

2025 жылғы креативті хабтар – Орал («OzgeEpic Oral»)

Тарихи-мәдени орталық, Қызылорда – 12 зал

Абай атындағы инклюзивті кітапхана, Семей – жылына 15 000+ келуші

Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық музей залдарын жөндеу, Алматы – экспозицияны

жаңарту

«Туған елге саяхат» жобасы (IX маусым)

12–16 жастағы балаларға арналған білім беру поезд-лагері.

Екі ағынның 400 қатысушысы: әртүрлі өңірлерден инженерлік ой-өрісі бар оқушылар және шалғай аудандардан Топ қызметкерлерінің балалары.

Бағыт – 5 қала (Астана, Екібастұз, Балқаш, Түркістан, Алматы) Топ нысандарына бару арқылы.

Әсер

Өңірлер заманауи мәдени инфрақұрылым алды. «Туған елге саяхат» лагері шалғай аудандардағы балаларды қамтыды және инженерлік мамандықтарға қызығушылықты қалыптастырды.

Қайырымдылық жобаларынан басқа, біз жақсы істерді өз қолымызбен жасаймыз. Топтағы корпоративтік еріктілер Жастар кеңесінің күшімен дамытылады – оның қатысушылары әлеуметтік акциялардың ұйымдастырушылары мен белсенді орындаушылары ретінде көрінеді.

2025 жылы қызметкерлер мектеп-интернаттардан және Астана онкологиялық орталығынан 200 баланың Жаңа жылдық тілектерін орындады, 70-тен астам қызметкер донорлық акцияларға қатысты, ал жастар кеңесі көп балалы, толық емес отбасылар мен мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қоса алғанда, астанадағы 100 отбасы үшін азық-түлік жинақтарын қалыптастырып, табыстады.

Жаңаөзен әлеуметтік қызметтің басым өңірлерінің бірі болып қалуда: соңғы он жыл ішінде мұнда 50-ден астам жоба іске асырылды. 2025 жылы қалада Оқушылар сарайы ашылды, орталық қалалық кітапхананың құрылысы басталды, тұрғын үймен қамтамасыз ету мен коммуналдық желілерді жаңғырту бағдарламаларын іске асыру жалғасты.

Біз елдің басқа да өңірлерінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыттық. «Абайға құрмет» бастамасы шеңберінде Семей қаласында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің іргесін қалап, Қазақстанның барлық өңірлерінің қатысуымен қаланың жаңа тұрғын ауданында тағы бірнеше әлеуметтік және мәдени нысан салуға дайындық жүргізудеміз.

Бір мезгілде біз заманауи білім беру мекемелерін салуға, үш ауысымды оқуды жоюға және жаңа оқушы орындарын құруға бағытталған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыруға қатысамыз. Бұл жұмыстың назарында – ірі қалалар мен ауылдық аумақтар арасында сапалы әлеуметтік инфрақұрылымға қол жеткізуді теңестіру.

Әлеуметтік жобалардағы ЖИ

2025 жылы ЖИ оқу процесін мониторингтеу үшін білім беру мекемелерінде, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламалар бойынша өтінімдерді өңдеуге арналған ассистенттер ретінде қазірдің өзінде қолданылады.

Инфографика. AI Мектеп – ақылды мектеп

| | |
|---|---|
| AI Мектеп – білім беру процесінің ЖИ-мониторингі | Бейне аналитика және ЖИ жүйесі сабаққа қатысуды, тәртіпті, оқушылардың тартылуын және оқу процесінің параметрлерін бақылайды. Бейне ағындарды оперативтік басқару орталықтарына және әдістемелік орталықтарға орталықтандырып шығару әкімшіліктерге шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Атырау облысында қамтылған: 202 мектеп Пилот: Қазақстанның 4 облысы |
|---|---|

Инфографика. Қайырымдылық өтінімдеріне арналған ЖИ-ассистент

| | |
|--|---|
| <p>Қайырымдылық өтінімдерді қашықтан сүйемелдеуге арналған ассистент.</p> | <p>ЖИ- Қор жыл сайын ондаған қайырымдылық жобаларын іске асырады. Бұрын өтінім беру жеке өтініш пен маманның сүйемелдеуін талап етті. ЖИ-ассистент бұл кедергіні алып тастады: енді Қазақстанның кез келген нүктесінен өтініш беруші тәуліктің кез келген уақытында қашықтан кеңес алып, өтініш ресімдей алады.</p> <p>24/7 жұмыс істейді. Өтініш берушілерге кеңес береді, құжаттар жинауға көмектеседі, өтінімдерді беруге қолдау көрсетеді</p> |
|--|---|

4. Қоршаған ортаға әсерді басқару

Біз табиғат ресурстарын жауапкершілікпен пайдалануға және биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуға ұмтыламыз. Бұл үшін біз қоршаған ортаға әсерлерді басқарудың дәйекті жүйесін құрдық. ^{GRI 3-3}

Біздің стратегиялық міндеттерімізге ресурс үнемдеу, декарбонизация және «жасыл» қаржыландыруды дамыту болып табылады. Бұл стратегиялық міндеттерді іске асыру портфельдік компаниялар деңгейінде жүзеге асырылады. Біз олардың орындалу барысын Даму жоспарын іске асыруды бағалау аясында жыл сайын талдаймыз. ^{GRI 3-3}

Біз портфельдік компанияларда стратегиялық климаттық бастамаларды енгізудің драйвері болып табыламыз:

- тұрақты дамудың бірыңғай тұжырымдамасы мен ESG-стандарттарды қалыптастырамыз;
- климат саласындағы тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) белгілейміз;
- декарбонизация жөніндегі бағдарламалар мен жол карталарының іске асырылуын үйлестіру мен мониторингтеуді қамтамасыз етеміз;
- портфельдік компанияларда таза технологияларды енгізуді және «жасыл» инвестицияларды дамытуды қолдаймыз.

Қор қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қоршаған ортаға тікелей әсерді басқару портфельдік компаниялар деңгейінде жүзеге асырылады. Қордың портфельдік компаниялардың директорлар кеңестеріндегі өкілдері экологиялық саясатты келісуге, негізгі мақсаттарды, бағдарламалар мен ҚНҚ-ны айқындауға қатысады.

Өнеркәсіп секторы компанияларында ISO 14001 стандарт талаптарына сәйкес келетін экологиялық менеджмент жүйелері жұмыс істейді. Экологиялық тәуекелдерге тұрақты бағалау жүргізіледі, тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылау, қоршаған орта сапасын мониторингтеу және эмиссияның белгіленген нормативтері мен экологиялық заңнама талаптарының сақталуын бақылау жүзеге асырылады.

Сақтық қағидаты

Қор БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясында (1992 ж.) бекітілген сақтық қағидаты ережелерін ұстанады. ^{GRI 2-23}

Жаңа жобалар мен нысандарды іске қосу алдында біз қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) аясында жоспарланған қызмет пен оның ықтимал әсері туралы қоғамды ақпараттандыруға бағытталған кешенді іс-шараларды өткіземіз. Әрбір жобаны іске асыру алдында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі және барлық мүдделі тараптарға ҚОӘБ материалдарына қол жеткізу қамтамасыз етіледі, ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау және тіркеу жүргізіледі. ҚОӘБ материалдары жергілікті билік органдарының ресми веб-сайттарында және БАҚ-

та орналастырылады. GRI 413-1 Бұл тәсіл Қазақстан ратификациялаған Орхус конвенциясының талаптарына сәйкес келеді, ол ақпаратқа қол жеткізуді және экологиялық маңызы бар шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысуын көздейді. GRI 2-23, GRI 413-1

Тау-кен металлургия және мұнай-газ секторларының өндіруші кәсіпорындарында сақтық қағидаты жою қорлары тетігі арқылы іске асырылады. Әрбір жер қойнауын пайдалану жобасын жоспарлау сатысында біз өндіру аяқталғаннан кейін қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін мақсатты қор құрамыз. Бұл қордан қаражат жерлерді рекультивациялауға, жабдықты бөлшектеуге, қалдықтарды кәдеге жаратуға және бұзылған аумақтарда биоәртүрлілікті қалпына келтіруді қоса алғанда, экожүйелерге әсер салдарын жоюға бағытталады. GRI 3-3

«Жасыл офис» қағидаттарын енгізу

Біз қызметкерлердің экологиялық жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған бастамаларды іске асыруды жалғастырамыз, оның ішінде «Жасыл офис» қағидаттарын енгізу.

Бұл жұмыс шеңберінде біз ресурс тұтыну мен қалдықтардың пайда болуын азайту жөніндегі шараларды жүзеге асырамыз. Атап айтқанда, қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастырамыз, оларды кейіннен өңдеуге береміз, электрондық құжат айналымы жүйесін енгіземіз, сондай-ақ энергия мен суды тұтынуды азайтуға бағытталған энергия тиімді шешімдерді (*жарық диодты жарық, қозғалыс датчиктері, сенсорлық араластырғыштар*) қолданамыз.

«Таза Қазақстан» бастамасы

2025 жылы Қор тобы қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға және қатысу өңірлеріндегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасын іске асыруға белсенді қатысты.

Бастама аясында біз 1 млн ағаш отырғызу мақсатын қойдық. 2025 жылғы ұлттық бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша Қазақстанда шамамен 3,8 млн ағаш отырғызылды, бұл орайда осы көлемнің үштен бір бөлігінен астамы Қор тарапынан қамтамасыз етілді.

Бұл іс-шараларға қатысуымыз жасыл аймақтарды қалпына келтіруді, экожүйелердің тұрақтылығын арттыруды және қызметкерлер мен халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруды қоса алғанда, ұзақ мерзімді экологиялық әсерлерге қол жеткізуге бағытталған.

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қор тобы аумақтарды көгалдандыруды, елді мекендерді абаттандыруды және халықты экологиялық ағартуды қоса алғанда, бүкіл ел бойынша 1 500-ден астам экологиялық іс-шара мен акция өткізді.

Экологиялық талаптарды сақтау саласындағы біздің қызметіміз 2025 жылы мыналарды қамтыды:

- ҚОӘБ және қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- шығарындылардың, төгінділердің, қалдықтарды орналастырудың нормативтерін әзірлеу мен бекіту, сондай-ақ эмиссияларға рұқсат алу;
- жоғарыда көрсетілген құжаттарда бекітілген нормативтер мен талаптарды сақтау;
- ластаушы заттардың эмиссияларын мониторингтеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу бөлігінде Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі талаптарын орындау.

5-кесте. Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар, млн теңге

| Атауы | 2023 | 2024 | 2025 |
|--|---------------|---------------|---------------|
| Эмиссияға төлемдерсіз қоршаған ортаны қорғауға шығыстар | 60 862 | 50 412 | 57 049 |
| Технологияларды енгізу | 7 904 | 4 620 | 3 753 |
| Энергия тиімділігі | 4 230 | 3 216 | 8 408 |
| Зерттеулер мен әзірлемелер | 890 | 2 109 | 3 176 |
| Өзгелер | 46 977 | 40 438 | 41 712 |
| Эмиссияларға төлемдер, оның ішінде: | 14 957 | 15 964 | 32 281 |
| Салық нысанындағы эмиссияларға нормативтік төлемдер сомасы ²⁶ | 14 620 | 15 963 | 32 280 |
| Нормадан тыс эмиссияларға төлемдер сомасы | 336 | 1 | 0,4 |

Соңғы 3 жылда қоршаған ортаны қорғауға жиынтық инвестициялар 168 млрд теңгені, оның ішінде 2025 жылы 57 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, портфельдік компаниялар экологиялық мониторинг жүйелерін автоматтандыруға 3,6 млрд теңге, «жасыл» экономикаға өту жөніндегі инновациялық жобалар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге – 3,2 млрд теңге бөлді. Қалған қаражат технологиялық процестерді одан әрі дамытуға, жабдықты жаңартуға және басқа да іс-шараларға бағытталды.

4.1. Климаттың өзгеруі

Климаттың өзгеруі Қазақстан экономикасының іс жүзінде барлық секторларында жұмыс істейтін Қор мен оның портфельдік компанияларының қызметіне айтарлықтай әсер ететін негізгі жаһандық сын-қатерлердің қатарына жатады.

Қазақстан «2060 жылға дейін көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын» қабылдады және 1990 жыл деңгейінен 2030 жылға қарай

26 Біз Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін міндетті төлемдерді, оның ішінде нормативтік және нормадан тыс шығарындылар үшін төлемдерді жүзеге асырамыз. 2025 жылы эмиссиялар үшін нормативтік төлемдер көлемі есептілік периметрінің кеңеюіне және жаңа мұнай-газ активінің енгізілуіне байланысты 38,3%-ға өсті.

парниктік газдар шығарындыларын 15%-ға азайту мақсатын қойды. Біздің қызметіміз осы ұлттық мақсаттармен толық келісілген.

Біз ерікті түрде ең амбициялы «Терең декарбонизация» сценарийін таңдадық және жаһандық жылынуды 1,5°C деңгейінде шектеу траекториясын ескере отырып, инвестициялық және операциялық шешімдерді қалыптастырамыз. GRI 3-3

Климаттық тәуекелдерді басқару Қор тобының тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне енгізілген және инвестициялық және операциялық шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі. Бұл тәсіл климаттық факторлардың активтер құнына, шығындар құрылымына және қаржыландыруға қол жеткізуге әлеуетті әсерін бағалауға мүмкіндік береді (*Толығырақ «Тәуекелдерді басқару» бөлімінде және «Негізгі климаттық тәуекелдер» қосымшасында*).

Біздің климаттық стратегиямыздың негізі – 2022 жылы Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы (ТҚДТ). Тұжырымдама 2060 жылға дейін төмен көміртекті бизнес-модельге өтудің пайымдауын, мақсаттарын және негізгі бағыттарын айқындайды.

Стратегиялық мақсат – Қор тобының көміртек ізін 2032 жылға қарай 2021 жыл деңгейінен 10%-ға азайту (базалық деңгей – 72,2 млн т CO₂-экв.).

Тұжырымдама аясында төрт бағыт бойынша топтастырылған 53 іс-шараны қамтитын Төмен көміртекті бизнес-модельге өту жоспары іске асырылуда:

| Балама энергетика | Ресурс тиімділігі және ПГ шығарындыларын басқару технологиялары | Инфрақұрылым және реттеу | Көміртек ізін тиімді басқару |
|------------------------------------|---|---|--|
| Жаңартылатын энергия көздері | Таза көмір технологиялары | ҰЭЖ жаңғырту және Smart Grid енгізу | Көміртек ізі есебі және есептілік |
| Атом энергетикасы | Ресурс үнемдеу және энергия үнемдеу | Энергияны жинақтау және сақтау жүйелері | Цифрландыру |
| Сутегі энергетикасы | Көмірқышқыл газын ұстау және сақтау | Маневрлік генерация | Компанияның экологиялық мәдениеті |
| Көмірден газға көшу | Өтемақы (карбон фермалары және офсеттер) | «Жасыл» көлік | Әріптестер мен жеткізушілермен өзара қарым-қатынастағы ESG |
| Өзге де төмен көміртекті генерация | | | «Жасыл» қаржыландыру |

Парниктік газдар шығарындыларын басқару

Топтағы парниктік газдар шығарындыларын басқару жүйесі толық цикл қағидаты бойынша құрылған және көздерді түгендеуді, есепке алуды,

мониторингтеуді, шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруды және есептілікті қалыптастыруды қамтиды.

Біз жыл сайын парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу жүйесі аясында квоталанатын қондырғылар бойынша есепке алу жүргіземіз. Парниктік газдардың тікелей шығарындыларын есептеу Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы №9 «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірілуін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Қосымша түрде есепке алу және есептілік тәсілдерін қалыптастыру кезінде халықаралық стандарттар мен әдіснамалар, оның ішінде Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының Басшы қағидаттары (IPCC, 2006), сондай-ақ GHG Protocol (Corporate Standard және Scope 2 Guidance) ескеріледі.

Шығарындыларға квоталар шығарындыларды сату ұлттық жүйесі аясында бөлінеді. Түгендеу қорытындысы бойынша жыл сайынғы есеп қалыптастырылады, ол шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен өзектендіру негізі ретінде пайдаланылады.

Қор тобы CDP және TCFD талаптарына сәйкес көміртек ізі туралы ақпаратты ашу тәжірибелерін енгізеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Oil&Gas Methane Partnership 2.0 (бұдан әрі – OGMP 2.0) мұнай-газ саласындағы метан серіктестігіне қатысу аясында дайындалған метан шығарындыларын түгендеу бойынша есептілікті United Nations Environment Program (UNEP) бағдарламасына жіберді.

«QazaqGaz» ҰК АҚ да OGMP 2.0 серіктестігіне қосылды.

Төмен көміртекті бизнес-модельге өту жоспарын іске асыру стратегиялық мақсатқа сәйкес Топтың көміртек ізін жүйелі түрде азайтуды қамтамасыз етеді: 2025 жылы Қор парниктік газдардың жалпы шығарындыларын 2021 жылмен салыстырғанда 14,5%-ға, 61,9 млн т CO₂-экв. деңгейіне дейін қысқартты. ^{GRI 3-9}

6-кесте. 2025 жылғы парниктік газдар шығарындылары^{27 GRI 305-1, 305-2}

| Сектор атауы | 2025 ж. парниктік газдардың тікелей шығарындылары, млн т CO ₂ -экв. | 2025 ж. парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары, млн т CO ₂ -экв. |
|-----------------------------------|--|---|
| Мұнай-газ секторы | 13,48 | 3,52 |
| Мұнай-химия және химия секторлары | 0,0004 | 0,002 |
| Тау-кен металлургия секторы | 0,13 | 0,8 |
| Көлік-логистика секторы | 2,4 | 2,71 |

²⁷ Жылыжай газдарының шығарындыларын есептеу Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының (КӨУСТ) Алтыншы баяндамасына сәйкес жаһандық жылыну әлеуетінің (ЖЖӘ) мәндерін пайдалана отырып орындалды.

| | | |
|-----------------------------|--------------|-------------|
| Электр энергетикасы секторы | 36,05 | 2,39 |
| Телекоммуникациялар секторы | 0,03 | 0,38 |
| Басқа | 0,03 | 0,03 |
| Жиыны: | 52,12 | 9,83 |

Топтың парниктік газдар шығарындыларының негізгі үлесін тікелей шығарындылар құрайды – 84%, бұл салалық құрылыммен, және өзіндік отын жағуы мен технологиялық шығарындылары бар активтердің едәуір үлесімен байланысты. Басым парниктік газ – көміртек диоксиді (CO₂), оған жиынтық шығарындылардың 92%-ы тиесілі. GRI 305-1

Парниктік газдардың тікелей шығарындыларын қызмет секторлары бойынша бөлу былай көрінеді:

- 69% – электр энергетикасы секторы (энергия өндіру кезінде қазбалы отынды жағудан туындайтын шығарындылар);
- 26% – мұнай-газ секторы (өндірістік объектілерде отын жағудан, көмірсутек шикізатын өндіру, өңдеу және тасымалдаудан болатын шығарындылар).
- 5% – өзге секторлар (көлік-логистика, тау-кен металлургия, мұнай-химия және химия, телекоммуникация)

Жанама энергетикалық шығарындылар құрылымында негізгі үлес сатып алынатын электр энергиясын тұтынуға тиесілі – 8,9 млн т CO₂-экв., ал жылу энергиясын тұтынумен байланысты шығарындылар 0,73 млн т CO₂-экв. құрайды. Негізгі көздер теміржол тасымалдары мен мұнай-газ секторы болып табылады, олар көлік инфрақұрылымының жұмысын және өндіру мен өңдеу өндірістік процестерін қамтамасыз ету үшін энергияны тұтынудың жоғары деңгейімен сипатталады.

7-кесте. Парниктік газдардың кірістерге қатысты үлестік шығарындылары (тікелей және жанама энергетикалық), т CO₂-экв/млн теңге. GRI 305-4

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|----------------------|------|------|------|
| Көміртек сыйымдылығы | 3,8 | 3,5 | 3,3 |

8-кесте. 2025 жылы парниктік газдар шығарындыларын азайту әсері

| | |
|---|--|
| 181 110 тонна CO₂-экв. Тікелей шығарындыларды төмендету GRI 305-5 | 78 834 тонна CO₂-экв. Жанама энергетикалық шығарындыларды төмендету GRI 305-5 |
| Тікелей шығарындыларды төмендетуге ықпал еткен іс-шаралар | Жанама шығарындыларды төмендетуге ықпал еткен іс-шаралар |
| <ul style="list-style-type: none"> • Электр энергетикасы секторында элегаз ажыратқыштарындағы апаттар саны азайтылды, сондай-ақ профилактикалық жұмыстар жүргізілді. | <ul style="list-style-type: none"> • Электр энергетикасы секторында меншікті қажеттіліктерге сатып алынатын электр энергиясын тұтыну азайтылды. |

| | |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • Көлік-логистика секторында отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну азайтылды, локомотив паркі жаңартылды, жылжымалы құрам, жарықтандыру және жылыту жүйелері жаңғыртылды. Бұдан басқа, ЖЖМ берудің орталықтандырылған жүйесін енгізу, автокөліктегі отын шығынын күн сайын GPS-мониторингтеу, нақты жүріске қатысты отын шығынын ай сайын салыстырмалы талдау, сондай-ақ ЕВРО-5 стандартына сәйкес келетін 83 автокөлік бірлігін сатып алу есебінен отын тұтыну төмендетілді. | |
|--|--|

Есепті кезеңде ілеспе мұнай газын өңдеуді басқарудың цифрлық құралы енгізілді, оған цифрлық егіз және өндірістік жүйелермен интеграцияланған болжамдық нейрондық желіге негізделген модуль кіреді. Шешім жабдықтың жұмыс режимдерін нақты уақытқа жақын режимде оңтайландыруды қамтамасыз етеді және технологиялық параметрлердің ауытқуларын олардың нақты пайда болуынан бұрын болжауға мүмкіндік береді. Процестерді тұрақтандыру және штаттан тыс режимдер санын азайту есебінен газдың технологиялық жоғалулары, оның ішінде газды атмосфераға шығарудан және апаттық тоқтаулардан болатын шығарындылар азаяды.

4.2. Энергия тиімділігі


Энергия тұтынуды басқаруды біз Қор қызметінің негізгі секторларында тұтынуды азайту басымдықтарын айқындайтын 2027 жылға дейінгі Энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасы аясында жүзеге асырамыз.

ОЭР тұтынуды азайту, жабдықты жаңғырту және озық цифрлық шешімдерді енгізу жөніндегі бастамаларды іске асыру нәтижесінде Қор тобы бойынша жиынтық энергия тұтыну базалық 2021 жылғы 492 млн ГДж-дан 2025 жылы 452,3 млн ГДж-ға дейін төмендеді. ^{GRI 3-3}

9-кесте. Меншікті қажеттіліктерге арналған отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну, млн ГДж. ^{GRI 302-1}

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|-------|-------|-------|
| Топ компанияларының энергоресурстарды тұтынуы | 431,0 | 444,2 | 452,3 |

1-сурет. Отын-энергетикалық ресурстардың түрлері бойынша бөлінген энергия тұтыну, млн ГДж



Топ энергия тұтынуының негізін жаңартылмайтын ресурстар (көмір, газ, сұйық отын) құрайды – 69%. Тұтыну құрылымындағы сатып алынатын электр энергиясының үлесі 19,0%-ға, жылу энергиясының үлесі – 2,0%-ға жетті. 2025 жылы жаңартылмайтын энергоресурстар құрылымында көмір – 63%, табиғи газ – 17,8% және пеш отыны – 6,7% басым.

10-кесте. Секторлар бойынша энергия тұтыну, мың ГДж GRI 302-1

| Сектор атауы | 2025 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну |
|-----------------------------------|---|
| Мұнай-газ секторы | 155 128,35 |
| Мұнай-химия және химия секторлары | 13 138,19 |
| Тау-кен металлургия секторы | 5 866,16 |
| Көлік-логистика секторы | 43 660,83 |
| Электр энергетикасы секторы | 231 086,3 |
| Телекоммуникациялар секторы | 2 950,95 |
| Басқа | 424 |
| Жиыны: | 452 254,78 |

2025 жылы біз жалпы тұтыну орташа өсуі және жылу энергиясын тұтынудың төмендеуі кезінде сыртқы тұтынушыларға энергия жеткізуді ұлғайттық (электр энергиясы бойынша +6,5% және жылу бойынша +18,5%). Сұраныстың өсуіне қарамастан, біз генерациялаушы қуаттарды тиімді пайдаландық және меншікті тұтынудың сәйкес өсуінсіз сыртқы тұтынушыларға энергия жіберуді ұлғайта алдық. GRI 302-1

Мұнай-газ секторы энергия тұтыну көлемі бойынша электр энергетикасынан кейін екінші орын алады. Бұл процестердің жоғары энергия сыйымдылығымен — шикізатты дайындау және өңдеумен, сорғы және компрессорлық жабдықтың жұмысымен, сондай-ақ үздіксіз өндірістік циклді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты.

11-кесте. Жаңартылатын көздерден энергия тұтыну, мың ГДж. GRI 302-1

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|--------------------------------------|------|------|-------|
| Энергия (ЖЭК-тен генерация есебінен) | 16,9 | 42,5 | 134,6 |

Біз белсенді түрде жаңа ЖЭК нысандарын салып, пайдалануға енгіземіз. Нәтижесінде жаңартылатын көздерден энергияны тұтыну 2024 жылмен салыстырғанда үш еседен астам ұлғайды. GRI 302-1

2025 жылы біз сондай-ақ электр энергетикасында қатты отынды тұтынуды және мұнай-газ секторында табиғи газды тұтынуды азайту есебінен базалық 2021 жылдан ОЭР тұтынуды 8%-ға қысқарттық. GRI 302-4

Есепті кезеңде ОЭР тұтынуды азайту жөнінде бірнеше бастама іске асырылды.

Мұнай-газ секторында газ тасымалдау жүйесі нысандарындағы энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде тиімсіз катодтық қорғау станцияларын, ескірген сорғы агрегаттарын және жарықтандыру элементтерін жарықдиодты баламаларға ауыстыру үлестік энергия тұтынуды 7%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-тағы үлестік энергия тұтынудың төмендеуіне локомотив паркін жаңарту және жылжымалы құрамды жаңғырту арқылы қол жеткізілді, бұл тасымалдау бірлігіне жұмсалатын энергия шығынын азайтуға мүмкіндік берді. Қосымша әсерді нүктелі энергия үнемдеу шаралары, оның ішінде жарықтандыру мен жылыту жүйелерін жаңғырту қамтамасыз етті. Жалпы үнем 111 мың ГДж-ды құрады, бұл тасымалдау көлемдерінің өсуіне байланысты энергия тұтынудың өсуін ішінара өтеді.

Есепті жылы жұмыс режимдерін дәлірек басқару және энергия шығындарын азайту үшін біз деректерді зияткерлік талдау, автоматтандыру және болжамды басқару элементтерін қоса алғанда, цифрлық шешімдерді енгіздік.

2025 жылы «KEGOC» АҚ-да синхрондалған векторлық өлшеулер негізіндегі (WAMS) энергожүйені мониторингтеу жүйесін енгізудің екінші кезеңі аяқталды. Жоба жүйеаралық электр желілерінің жеті филиалындағы 21 қосалқы станцияда жүйеге 59 бақыланатын қосылуды қосуға мүмкіндік берді. WAMS-ты енгізу нақты уақыт режимінде энергожүйенің көрінуін арттырады, тұрақтылық параметрлерін бақылауға мүмкіндік береді және деректер негізінде шешім қабылдауды қолдайды.

Бір мезгілде біз SCADA/EMS диспетчерлік басқару жүйелерін жаңғыртуды және авариядан қорғану автоматикасын (WACS) кеңейтуді қоса алғанда, Smart Grid класының зияткерлік шешімдерін дамытуды жалғастырдық. Бұл жүйелер нақты уақыт режимінде желі параметрлерін бақылауға, ауытқуларды тезірек анықтауға және нысандар арасында жүктемені қайта бөлуге мүмкіндік береді. Энергожүйенің жұмыс режимдерін дәлірек басқару есебінен технологиялық шығындар азаяды, жабдықтың ұтымсыз жүктемесі қысқарады және артық энергия тұтыну азаяды. 2025 жылы Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінде энергияны жинақтау жүйелерін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске

асыру да жалғасты. Біз жинақтағыштарды жаңартылатын энергия көздерінің үлесі өскен жағдайда энергожүйені теңестіру құралы, сондай-ақ жүктемелерді басқарудың икемділігі мен тиімділігін арттыру элементі ретінде қарастырамыз.

Қосымша түрде Samruk Innovation Hub аясында біздің портфельдік компанияларымыздың өндірістік процестеріне цифрлық және зияткерлік шешімдерді енгізуге бағытталған бірқатар бастамалар іске асырылды. Жобалар деректер аналитикасын қолдануға, технологиялық операцияларды автоматтандыруға және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.

4.3. Су ресурстарын басқару

Қазақстан су тапшылығы деңгейі аса жоғары елдердің қатарына жатады. WRI Aqueduct әдіснамасына сәйкес Каспий және Арал теңіздерінің бассейндері, Балқаш көлі, Сырдария және Жайық өзендерінің бассейндері су стрессі жоғары және өте жоғары аймақтар ретінде жіктеледі. Дәл осы өңірлерде біздің өндірістік активтеріміздің едәуір бөлігі: мұнай өндіру, мұнай өңдеу, уран өндіру, көмір генерациясы шоғырланған. Су ресурстарының қолжетімділігінің төмендеуі Қор үшін бір мезгілде операциялық, реттеушілік және беделдік тәуекел болып табылады. GRI 3-3 GRI 303-1

Біз су ресурстарын басқаруды Қазақстан Республикасының Су және Экологиялық кодекстеріне, су пайдалануға арналған рұқсат құжаттамасына, сондай-ақ портфельдік компаниялардың ішкі саясаттары мен стандарттарына сәйкес жүзеге асырамыз. Қор деңгейінде біз су ресурстары жөніндегі күн тәртібін 2027 жылға дейінгі Энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасы шеңберінде үйлестіреміз. Бағдарлама айналымдағы сумен жабдықтау жүйелерін кеңейтуді, өндірістік ағынды сулар көлемін қысқартуды, есепке алу аспаптарын орнатуды және төгу алдында тазарту сапасын арттыруды көздейді. Біз су аспектілерін корпоративтік басқару жүйесіне интеграцияладық: тиісті көрсеткіштер портфельдік компаниялар басшылығының ҚНҚ-іне енгізілген.

Қор тобының ең ірі су тұтынушысы болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ су ізін бағалауды, тәуекелдерді анықтауды және оларды төмендету жөніндегі іс-шараларды қамтитын Су ресурстарын басқарудың он жылдық бағдарламасын іске асырады. 2018 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да сегіз су қағидатына негізделген Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт қолданылады. GRI 303-1 GRI 303-2

| Көрсеткіш атауы | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|----------|----------|----------|
| Су алудың жалпы көлемі, млн м ³ , оның ішінде: | 63 923,7 | 80 431,7 | 71 887,2 |

| | | | |
|---|-----------------|-----------------|-----------------|
| Қордың өндірістік компанияларының қажеттіліктері²⁸, млн м³: | 331,3 | 324,8 | 331,1 |
| Жерүсті су объектілері | 219,3 | 208,0 | 216,4 |
| Жерасты су объектілері | 40,1 | 43,8 | 44,8 |
| Қалалық сумен жабдықтау жүйелері | 51,4 | 52,1 | 48,5 |
| Сыртқы ұйымдардың сулары | 2,8 | 2,8 | 2,3 |
| Басқа сумен жабдықтау жүйелері | 17,7 | 18,1 | 19,1 |
| ГЭС гидрогенераторларын іске қосу үшін су алу, млн м³: | 63 455,5 | 79 966,4 | 71 408,7 |
| Жерүсті су объектілері | 63 455,5 | 79 966,4 | 71 408,7 |
| Өндірілген ілеспе-қабат суы, млн м³ | 137,0 | 140,5 | 147,4 |
| Су бұрудың жалпы көлемі, млн м³, оның ішінде: | 63 682,9 | 80 199,1 | 71 671,7 |
| Қордың өндірістік компанияларынан қабылдаушы объектілер бойынша²⁹, млн м³: | 94,7 | 95,1 | 120 |
| Жерүсті су объектілері | 1,7 | 1,7 | 0,9 |
| Жасанды жерүсті объектілері (сүзу алаңдары, жинақтаушы тоған, буландыру тоғаны және т.б.) | 16,7 | 15,8 | 14,2 |
| Үшінші тараптарға берілді | 3,0 | 2,6 | 24,2 |
| Өзге (күл үйіндісі) | 73,6 | 75,1 | 80,6 |
| ГЭС-тен су бұру, млн м³ | 63 455,4 | 79 966,3 | 71 407,8 |
| Жерүсті су объектілері | 63 455,4 | 79 966,3 | 71 407,8 |
| Ілеспе-қабат суын бұру (айдау), млн м³ | 132,9 | 137,7 | 143,9 |
| Су тұтынудың жалпы көлемі, млн м³, оның ішінде: | 63 923,7 | 80 431,7 | 71 887,1 |
| Өндірістік қажеттіліктерге ³⁰ | 167,9 | 166,2 | 260,5 |
| Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне | 10,8 | 9,9 | 9,9 |
| Пайдаланусыз үшінші тараптарға берілді | 145,7 | 142,0 | 54,3 |
| ГЭС гидрогенераторларын іске қосу үшін | 63 455,4 | 79 966,3 | 71 408,7 |
| Қабат қысымын ұстау | 137,0 | 140,5 | 147,4 |
| Өзге | 6,9 | 6,8 | 6,4 |

Су алу

Қор тобы суды төрт санаттағы көздерден алады: жерүсті су объектілері, жерасты сулы қабаттары, қалалық сумен жабдықтау жүйелері және теңіз суы

28 ГЭС-ті есепке алмағанда.

29 ГЭС-тен су бұруды есепке алмағанда.

30 ГЭС-ті есепке алмағанда.

(Каспий теңізі). Мұнай өндіру барысында алынатын ілеспе-қабат суы ерекше технологиялық ағын ретінде бөлек есепке алынады.

Жалпы су алу 2025 жылы 71 887,2 млн м³ құрады. Негізгі көз – жерүсті су объектілері – жалпы су алудың 99,6%-ын қамтамасыз етеді. Жерүсті су объектілерінен су алудың ең үлкен көлемі электр энергетикасы секторына тиесілі, онда су гидроэлектр станцияларында электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылады.

| Су нысаны / көзі | Тұтынушы және мақсаты |
|---|--|
| Қапшағай су қоймасы (Іле өзені) | Қапшағай ГЭС-і, Алматы ГЭС каскады – электр энергиясын өндіру |
| Үлкен Алматы өзені бассейні (Үлкен Алматы көлі) | АлЭС ГЭС каскады – электр энергиясын өндіру |
| Шардара су қоймасы (Сырдария өзені) | Шардара ГЭС-і – электр энергиясын өндіру |
| Бестөбе су қоймасы, Шарын өзені | Мойнақ ГЭС-і – электр энергиясын өндіру |
| Шүлбі және Өскемен су қоймалары (Ертіс өзені) | Шүлбі және Өскемен ГЭС-тері – электр энергиясын өндіру |
| Қ. Сәтбаев атындағы канал, Шідерті каналы | МАЭС-1, МАЭС-2 – турбиналарды салқындату, гидрокүл шығару жүйесі |
| Еділ өзені («Астрахань–Маңғышлақ» су құбыры арқылы) | ҚМГ – Атырау және Маңғыстау облыстарында мұнай өндіру және мұнай өңдеу өндірістік қажеттіліктері |

Ілеспе-қабат сулары мұнаймен бірге су-мұнай эмульсиясы құрамында өндіріледі. Гравитациялық бөлуден кейін тазартылған су қабат қысымын ұстау (ҚҚҰ) үшін қайтадан қабатқа айдалады. 2025 жылы Қор тобы бойынша өндірілген ілеспе-қабат суларының көлемі 147,4 млн м³ құрады және бұл су қайтадан қабатқа айдалды. Бұл ағын бөлек есепке алынады және табиғи көздерден өндірістік су алу көрсеткіштерімен қосылмайды.

12-кесте. Көздер бойынша жалпы су алу, млн м³GRI 303-3

| Көз | 2023 | 2024 | 2025 |
|------------------------------------|----------|----------|-----------|
| Жерүсті су объектілері | 63 674,8 | 80 174,4 | 71 681,01 |
| Басқа су (тұзды, теңіз, қабат суы) | 188,7 | 195,4 | 206,1 |

Су стрессі бар өңірлердегі су алу

WRI Aqueduct әдіснамасына сәйкес біз су стрессі жоғары және өте жоғары аймақтарда: Каспий және Арал теңіздерінің бассейндерінде, Балқаш көлі, Сырдария және Жайық өзендерінің бассейндерінде су алу мен су тұтынуға күшейтілген мониторинг жүргіземіз. Бұл өңірлерде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ және «Тау-Кен Самұрық» ҰТК АҚ өндіруші активтері шоғырланған.

2025 жылы су тапшылығы бар өңірлердегі жалпы су алу 2024 жылмен салыстырғанда 20%-ға қысқарып, 22,9 млн м³ құрады. Бұл тұщы суды алу көлемінің 44,3%-ға, яғни 6,5 млн м³-ге дейін төмендеуімен байланысты және тұщы су көздерін баламалы көздермен алмастыру жөніндегі мақсатты жұмысты көрсетеді. GRI 303-3 GRI 303-5

13-кесте. Су тапшылығы бар өңірлердегі су алу, млн м³ GRI 303-3

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|------|------|------|
| Су тапшылығы бар өңірлердегі су алу ³¹ | 30,2 | 28,5 | 22,9 |
| — оның ішінде тұщы су | 13,7 | 11,6 | 6,5 |
| — оның ішінде басқа су (тұзды, қабат суы) | 16,4 | 16,9 | 16,4 |
| Су тапшылығы бар өңірлердегі су бұру | 3,3 | 3,3 | 3,6 |
| Су тапшылығы бар өңірлердегі су тұтыну | 26,8 | 25,2 | 19,3 |

Біз су алатын су объектілері елеулі экологиялық, шаруашылық және әлеуметтік құндылыққа ие.

| Су объектісі | Құндылығы | Ықпал ету тәуекелдері |
|------------------------------------|---|--|
| «Астрахань–Маңғышлақ» су құбыры | <ul style="list-style-type: none"> Жаңаөзен қаласы және Маңғыстау облысының 4 ауданы үшін ауыз судың жалғыз орталықтандырылған көзі; «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ реконструкцияны іске асырды (110 мыңнан 170 мың м³/тәулікке дейін). | <ul style="list-style-type: none"> Өнеркәсіптік су алудың өсуі халықтың қажеттіліктерімен бәсекелеседі.. |
| Қапшағай су қоймасы, Іле өзені | <ul style="list-style-type: none"> Траншекаралық өзен ағынын реттеу; Суару; Рекреация; Балық шаруашылығы. | <ul style="list-style-type: none"> Суы аз жылдары ағынның төмендеуі ГЭС өндіруін шектейді; Іле өзенінің ағыны ҚХР аумағында қалыптасады, сондықтан ағын көлемі қытай тарапымен су ресурстарын бірлесіп басқаруға байланысты. |
| Шардара су қоймасы, Сырдария өзені | <ul style="list-style-type: none"> Траншекаралық бассейн (Арал-Сырдария); Тасқыннан қорғау; Суару; Балық шаруашылығы. | <ul style="list-style-type: none"> WRI Aqueduct бойынша су стрессі жоғары; Су жіберу режимін реттеу су шаруашылығы органдарымен келісіледі. |

³¹ WRI Aqueduct су стрессі көрсеткішіне сәйкес

| | | |
|---|---|---|
| Жайық және Қиғаш өзендері, Көкжиде құмдары | <ul style="list-style-type: none"> • Бірегей экожүйе; • Бекіре тұқымдас балықтардың уылдырық шашу алқаптары; • Жоғары мәдени құндылық. | <ul style="list-style-type: none"> • Браконьерлік және гидрологиялық режимнің өзгеруі уылдырық шашатын балық қорының қысқаруына әкеледі; • Жайық өзенінің ағынын реттеу шекаралас мемлекеттермен үйлестіруді талап етеді; суармалауға су алу межень кезеңіндегі ағынды төмендетеді. |
| Ертіс өзеніндегі ГЭС каскады (Өскемен, Шүлбі, Бұқтырма) | <ul style="list-style-type: none"> • Траншекаралық өзен ағынын реттеу; • Тасқындардың алдын алу; • ШҚО-ны сумен жабдықтау. | <ul style="list-style-type: none"> • Траншекаралық пайдалану: Ертіс өзені ҚХР, ҚР және РФ аумақтары арқылы өтеді; ағын көлемі ҚХР-дағы су алуға байланысты; • Семей ГЭС-і (350 МВт) жобалау сатысында және каскадты толықтырады. |

Су бұру

Есепті кезеңде су бұрудың жалпы көлемі 71 671,7 млн м³ құрады, оның ішінде ГЭС бойынша су бұру көлемі – 71 407,8 млн м³. Қордың электр энергиясын өндірумен байланысты емес өндірістік компаниялары бойынша су бұру көлемі шамамен 120 млн м³ құрады. ГЭС-тің электр энергиясын өндіру үшін пайдаланған суын бұру көлемі 71 407,8 млн м³ болды (жалпы су бұру көлемінің 99,6%-ы).

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларын таза техникалық сумен жабдықтау қызметтерін көрсетеді. 2025 жылы бұл көлем 21,99 млн м³ Компанияның өз қажеттіліктері үшін пайдаланылмай, сыртқы тұтынушыларға берілді.

Электр энергетикасы секторында күл-қож қалдықтарын гидрокүл шығару жүйесінде (ГКШ) бұру кезінде 80,6 млн м³ су пайдаланылды. Жасанды су объектілеріне, яғни буландыру тоғандарына, жинақтаушы тоғандарға және сүзу алаңдарына 14,2 млн м³ су бұрылды. Жерүсті су объектілеріне су бұру көлемі 0,97 млн м³ құрады және оған өндірістік аумақтардан жиналатын нөсер сулары мен технологиялық процеске қатыспайтын суларды бұру кіреді.

Өндірістік ағынды суларды жерүсті су объектілеріне тікелей төгу жүзеге асырылмайды.

Барлық ағынды сулар ағызу алдында сапаның нормативтік көрсеткіштеріне жеткенге дейін тазартудан өтеді. Қолданылатын тазарту әдістері: механикалық, физика-химиялық (мұнай ұстағыштар, флотаторлар және т.б.) және биологиялық. Міндетті шарт – ағынды сулар сапасына аккредиттелген зертханаларда алдын ала зертханалық бақылау жүргізу.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ағынды сулардағы ластаушы заттардың құрамы бойынша белгіленген нормативтердің бұзылуы анықталған жоқ. GRI 303-2 GRI 303-4

Су тұтыну

Ең көп су тұтыну энергетикалық секторға (электр және жылу энергиясын өндіруге) тиесілі – 99%. 2025 жылы қайтарымсыз су тұтынудың жалпы көлемі 215,4 млн м³ құрады, бұл өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 7,4%-ға төмен (2024 жылы – 232,7 млн м³). GRI 303-5.

Ең үлкен үлесті электр энергетикасы секторы (салқындатқыш су қоймалары мен күл үйінділерінің бетінен булану), сондай-ақ мұнай-газ секторы құрайды.

Бастапқы су алуды қысқартуды біз ең алдымен тұйық сумен жабдықтау жүйелерін кеңейту есебінен қамтамасыз етеміз. Екібастұз МАЭС-терінде турбиналарды конденсациялау жүйесі үшін айналымдағы салқындатқыш су қоймалары жұмыс істейді. Алматы ЖЭО-ларында градирнялар қолданылады. Айналымдағы су көлемі 9,1%-ға өсті, бұл 2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда бастапқы су алуды шамамен 372 млн м³-ге қысқартуға балама.

Қайта пайдаланылатын су көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 21,1%-ға ұлғайды. Тазартылған өндірістік ағынды сулар өрт сөндіру жүйелерін толықтыруға, жасыл желектерді суаруға және техникалық қажеттіліктерге қолданылады.

14-кесте. Суды айналымда және қайта пайдалану, млн м³

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---------|---------|---------|
| Қайта пайдаланылатын су көлемі (тазартудан кейін) | 22,3 | 23,9 | 28,98 |
| Айналымдағы су көлемі | 3 928,4 | 4 077,2 | 4 448,7 |

Су пайдалану саласындағы негізгі жобалар

«Кендірлі» тұщыландыру зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ)

2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жаңаөзен қаласының маңында тәулігіне 50 мың м³ ауыз су өндіретін жобалық қуаты бар теңіз суын тұщыландыру зауытының құрылысын аяқтады. Жоба Маңғыстау облысындағы ауыз су тапшылығын жояды, өңірдегі жалғыз «Астрахань–Маңғышлақ» су құбырына түсетін жүктемені азайтады және сумен жабдықтау көздерін әртараптандырады. Жоба есебінен 91 тұрақты жұмыс орны құрылды.

«Қаражанбас» қабат суын тұщыландыру зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ/ «Қаражанбасмұнай» АҚ)

Қондырғы тәулігіне 42,5 мың м³-ге дейін қабат суын өңдеп, кен орнының техникалық қажеттіліктері үшін тәулігіне 17 мың м³-ге дейін тұщыландырылған су өндіреді. Бұл Еділ суын тұтынуды шамамен 4 есеге, тәулігіне 21 мыңнан 5 мың м³-ге дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

«Тазалық» жобасы – Атырау МӨЗ («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ)

Атырау МӨЗ-дің механикалық және биологиялық тазарту құрылыстарын реконструкциялау. Механикалық тазарту құрылыстарының өнімділігі сағатына 1 000 м³-ге дейін ұлғайтылды. Көмірсутектердің булануын едәуір төмендеткен

ашық бассейндер жойылды. Жоба 2024 жылы аяқталды, технологиялық әсері 2025 жылғы деректерде көрсетілді.

АМӨЗ-де айналымдағы сумен жабдықтау сапасын арттыру («Самғау» ҒТБО / «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ)

Жоба белсендірілген алюминий негізіндегі кешенді реагенттерді қолдана отырып, айналымдағы сумен жабдықтау жүйесіндегі су сапасын жақсартуға бағытталған. Айналымдағы суды тұрақтандыру коэффициенті 96%-ға жетті.

4.4. Атмосфералық ауаның сапасы

Біз жабдықты жаңғырту, экологиялық таза технологияларды енгізу, өндірістік процестердің тиімділігін арттыру және шығарынды көздерін бақылауды күшейту есебінен атмосфералық ауаға әсерді кезең-кезеңмен азайтып жатырмыз.

*15-кесте. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары көлемі, мың т*³² GRI 305-7

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|-----------------------------------|--------------|--------------|--------------|
| Азот тотықтары (NOX) | 102,0 | 100,5 | 101,7 |
| Күкірт диоксиді (SOX) | 233,9 | 227,7 | 225,7 |
| Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ) | 0,7 | 0,6 | 4,7 |
| Көміртек оксиді (CO) | 40,9 | 39,7 | 35,7 |
| Қатты бөлшектер (PM) | 53,0 | 53,7 | 56,7 |
| Өзгелер | 69,3 | 65,9 | 60,3 |
| Барлығы | 499,8 | 488,1 | 484,9 |

Азот тотықтарының шығарындылары 1,2%-ға өсіп, 101,7 мың тоннаны құрады, күкірт диоксидінің шығарындылары 0,9%-ға, 225,7 мың тоннаға дейін төмендеді. Бұл динамика, оның ішінде, газ тазарту қондырғыларының тиімді жұмысымен байланысты.

Бір мезгілде қатты бөлшектердің шығарындылары 5,8%-ға, 56,7 мың тоннаға дейін өсті, бұл көмірді тұтынудың өсуімен және шаң ұстау жүйелеріне жүктеменің ұлғаюымен байланысты.

³² Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының коэффициенттері мен шығарындылар көлемін есептеу мемлекеттік органдар бекіткен әдістемелерге сәйкес жүзеге асырылады:

- Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі кәсіпорындары үшін атмосфераға зиянды заттардың жалпы шығарындыларын есептеу әдістемесі;
- Жылу электр станциялары мен қазандықтар үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын анықтау әдістемесі;
- Газды тасымалдау және сақтау объектілерінде атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әдістемесі;
- 4-санаттағы объектілерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әдістемесі;
- Ұйымдастырылмаған көздерден шығатын шығарындылар нормативтерін есептеу әдістемесі;
- Кәсіпорын шығарындыларынан атмосфералық ауадағы зиянды заттардың концентрациясын есептеу әдістемесі;
- Қоршаған ортаға шығарындылар нормативтерін анықтау әдістемесі және т.б.

Шығарындылардың негізгі көлемі бұрынғыдай энергетика секторында қалыптасады, оның үлесі 2025 жылы жиынтық көрсеткіштің 70%-ынан асты. Екінші орында негізінен көмірсутектерді өндіру және өңдеумен байланысты шығарындылар бар, үлесі 28% мұнай-газ секторы тұр. ^{GRI 305-7}

Шығарындыларды азайту үшін біз шаң-газ тазарту жабдығын қайта құрып, жөндеп жатырмыз, жекелеген нысандарды табиғи газға аударамыз және өндірістік инфрақұрылымды жаңартамыз. Электр энергетикасында төмен эмиссиялық оттықтарды, селективті каталитикалық бейтараптандыру жүйелерін, электростатикалық және жең сүзгілерді, сондай-ақ түтін газдарын күкіртсіздендіру қондырғыларын қоса алғанда, төмен шығарынды деңгейі бар технологиялық шешімдер енгізілуде.

Экологиялық жағдайдың ашықтығы мен бақылауын қамтамасыз ету үшін біз эмиссияларды мониторингтеудің автоматтандырылған жүйелерін енгіземіз және санитарлық-қорғаныс аймақтарының шекараларында және шығарынды көздерін орналастыру орындарында атмосфералық ауа сапасын тұрақты зертханалық бақылауды жүргіземіз. Бұл ауытқуларды оперативті анықтауға, қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалауға және белгіленген нормативтердің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4.5. Қалдықтармен жұмыс істеу

Қор тобында қалдықтардың өмірлік циклінің барлық сатыларын – түзілуі мен есепке алынуынан бастап өңдеу, кәдеге жарату және қайта айналымға тартуға дейін – қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу жүйесі құрылған.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір өндірістік нысан үшін экологиялық рұқсат қолданылатын кезеңге арналған Қалдықтарды басқару бағдарламалары әзірленген. Бағдарламалар қалдықтардың пайда болу көлемін азайту мен оларды өңдеу үлесін арттыру бойынша нақты көрсеткіштерден тұрады.

Уранды өндіру және өңдеу секторында қатты (ҚРҚ) және сұйық радиоактивті қалдықтар (СРҚ) түзіледі. Оларды басқару Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. СРҚ-ның барлық көлемі қалдық қоймаларында орналастырылады, оларды пайдалану Регламентке және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Тау-кен металлургия секторында корпоративтік стандарттар мен қалдықтармен жұмыс істеу тиімділігін арттыру жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарламалар, оның ішінде Zero Waste тұжырымдамасы аясындағы бастамалар әрекет етеді. ^{GRI 306-2}

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-да басқару тиімділігін арттыруға және әлемдік үздік тәжірибелерді енгізуге бағытталған 2023–2030

жылдарға арналған Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасы іске асырылуда. ^{GRI 3-3}

Біз қалдықтарды түгендеуді жүргіземіз және әрбір түр үшін олардың қауіптілік класын, уыттылығын, физикалық күйін және өзге де сипаттамаларын ескере отырып, оларды жинақтау әдістерін әзірлейміз. Барлық нысандарда қалдықтарды түрлері, көлемі мен сипаттамалары бойынша, оның ішінде қауіптілік дәрежесі бойынша жіктеуді қоса алғанда, жүйелі есепке алу жүргізіледі. Қалдықтарды есепке алу нәтижелері белгіленген есептілік нысанында, оның ішінде өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша тоқсан сайынғы есептерді, қалдықтарды түгендеу бойынша жыл сайынғы есептерді және қауіпті қалдықтардың паспорттарын қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Қауіпті қалдықтар мамандандырылған кәдеге жаратуды талап етеді және бөлек жинау мен өңдеуге жатады. Оларды уақытша сақтау үшін кәсіпорындарда арнайы сақтау алаңдары жабдықталған – мамандандырылған ұйымдарға бергенге дейін 6 айдан аспайды. ^{GRI 306-2}

Кәсіпорындарда қалдықтармен жұмыс істейтін мердігер ұйымдарға мұқият бақылау жүргізіледі: сатып алу процесінде қажетті лицензиялардың болуы мен материалдық-техникалық базаның қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Қалдықтарды тасымалдау мен беру де бақылауда – мердігерлердің көлік құралдары GPS-трекерлермен жабдықталған.

Қор тобы қалдықтарының негізгі көлемі электр энергетикасы секторында қалыптасады – 98%, бұл салалық ерекшелікпен байланысты. Олардың 93%-ы көмір өндіру кезіндегі аршу жыныстарына, қалған бөлігі – көмір ЖЭО-лардың күл-қож қалдықтарына тиесілі. ^{GRI 3-3 GRI 306-3}

Мұнай-газ секторына қалдықтардың жалпы көлемінің 0,4%-ы тиесілі, бұл орайда дәл осы секторда Топтың барлық қауіпті қалдықтарының 96%-ы, оның ішінде бұрғылау ерітінділері, мұнай қамтылған қалдықтар, пайдаланылған катализаторлар мен химиялық реагенттер түзіледі. ^{GRI 306-1}

16-кесте. Қалдықтардың пайда болу динамикасы, млн т. ^{GRI 306-3}

| Көрсеткіш | 2023 | 2024 | 2025 |
|--------------------------------------|-------------|--------------|--------------|
| Қауіпті қалдықтар | 0,39 | 0,37 | 0,39 |
| Қауіпті емес қалдықтар, оның ішінде: | 99,2 | 110,1 | 116,9 |
| Күл-қож қалдықтары | 8,9 | 8,8 | 8,1 |
| Аршу жыныстары | 89,8 | 100,7 | 108,6 |
| Өзге де қауіпті емес қалдықтар | 0,5 | 0,6 | 0,2 |
| Барлығы | 99,6 | 110,5 | 117,3 |

Қалдықтарды басқару тәсілі және оларды азайту мен кәдеге жарату бойынша бастамаларды іске асыру

Қалдықтардың негізгі көлемі өңдеу, қайта пайдалану немесе кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға беріледі. Беру сәтіне дейін қалдықтар

сақтаудың белгіленген мерзімдері мен талаптарын сақтай отырып, кәсіпорын аумағында уақытша орналастырылады, бұл қоршаған ортаға әсер ету тәуекелін барынша азайтуға мүмкіндік береді. GRI 3-3

17-кесте. 2025 жылы қалдықтармен жұмыс істеу GRI 306-4

| | Көлемі, мың т | Түрі бойынша % |
|--|---------------|----------------|
| Қауіпті қалдықтар | 131,6 | |
| Қайта пайдалану | 0,05 | 0,04% |
| Өңдеу | 49,5 | 37,6% |
| Қалпына келтіру бойынша өзге операциялар | 82,1 | 62,4% |
| Қауіпті емес қалдықтар | 107 785,6 | |
| Қайта пайдалану | 34,4 | 0,03% |
| Өңдеу | 8,2 | 0,01% |
| Қалпына келтіру бойынша өзге операциялар | 107 743,0 | 99,96% |

Мұнай-газ секторында тарихи мұнай қамтылған қалдықтарды кәдеге жарату және ластанған жерлерді рекультивациялау бағдарламаларын іске асыру жалғасуда. 2025 жылы 338,8 мың тонна тарихи мұнай қалдықтары кәдеге жаратылды. 2018 жылдан бері 4,6 млн тонна қалдық өңделді, «Қаражанбасмұнай» АҚ келісімшарттық аумағындағы тарихи ластанулар толық жойылды.

Корпоративтік және офис орталықтарында біз қалдықтарды бөлек жинауды – пластик, алюминий және макулатураны – одан әрі өңдеуге берумен қоса енгіземіз. Мәселен, «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-де экологиялық байқау аясында 30 мың дана пластик бөтелке мен алюминий банка жиналды, сондай-ақ өңдеуге 75 кг макулатура өңдеуге берілді. GRI 306-2

4.6. Биоәртүрлілік

Біз Қазақстанның әртүрлі табиғи аймақтарында – орманды далалар мен далалардан бастап шөлдер, шөлейттер мен таулы экожүйелерге дейін – қызмет жүргіземіз. Қатысудың осындай ауқымы биоәртүрлілік мәселелеріне жүйелі тәсілді және экологиялық әсерді тұрақты бақылауды талап етеді.

Қор тобының экологиялық саясаттары флора мен фаунаға әсерді болдырмау және азайту бойынша шараларды бекітеді. Қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша жобалардың биоәртүрлілікке әсерін бағалауды, қатысу аудандарындағы экологиялық мониторингті, жануарлар мен өсімдіктердің мекендеу орындарын сақтауды, бұзылған аумақтарды қалпына келтіруді және экожүйелерге әсер ету сөзсіз болатын жағдайларда өтемдік шараларды іске асыруды қамтитын ішкі рәсімдер мен бағдарламалар әзірленген.

Біз сондай-ақ биоәртүрлілікті басқарудың мамандандырылған бағдарламалары мен ішкі стандарттарын енгіземіз, ғылыми ұйымдармен және бейіндік сарапшылармен ынтымақтастықты дамытамыз, сондай-ақ экожүйелерді мониторингтеу мен қалпына келтірудің заманауи тәсілдерін қолданамыз. Бұл жұмыс аясында қатысу аумақтарында олардың мекендері анықталған жағдайларда МСОП Қызыл тізіміне және ұлттық қорғалатын түрлер тізіміне

енгізілген флора мен фауна түрлерінің тізбесін қалыптастырамыз. Бұл деректерді біз табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау және биоәртүрлілікке ықтимал әсерді бағалау кезінде ескереміз. GRI 3-3

Біз қатысу аумақтарындағы экожүйелердің жай-күйін, оның ішінде флора мен фаунаны, сондай-ақ қоршаған орта компоненттерінің сапасын тұрақты түрде бақылаймыз. Мониторинг нәтижелері табиғат қорғау шараларын түзету және экологиялық басқаруға тәсілдерді жетілдіру үшін пайдаланылады. GRI 304-2

Өндірістік және инфрақұрылымдық желіні – өндіруші нысандарды, энергетикалық инфрақұрылымды, көлік және коммуникация жүйелерін – дамыту кезінде біз жануарлардың миграциялық жолдарын, түрлердің мекендерінің жай-күйін және табиғи ландшафттардың сақталуын қоса алғанда, табиғи экожүйелерге ықтимал әсерді ескереміз. GRI 304-1

Қор тобы экологиялық мониторинг жүйелерін жетілдіруді және экожүйелерге теріс әсерді болдырмауға әрі табиғи аумақтарды қалпына келтіруге бағытталған биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеуді жалғастыруда. GRI 3-3

5. 2026 жылдың негізгі басымдықтары

Қор тобының активтерінің жалпы көлемі 2026 жылдың соңына қарай 50 трлн теңге деңгейінде күтілуде.

1. Инвестициялық жобаларды іске асыру

2026 жылы біз Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртуды, Түркістандағы бу-газ қондырғысының құрылысын, сондай-ақ Каспий теңізінің түбімен Транскаспий талшықты-оптикалық желісін тартуды қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыруға 5,3 трлн теңге бағыттауды жоспарлап отырмыз. Инвестициялардың көлемі 2025 жыл деңгейінен екі еседен астам жоғары. Бұл жобаларды іске асыру елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, халықтың өмір сапасын арттыруға және Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

2. Цифрландыру

2026 жылы біз цифрлық трансформацияның белсенді фазасына өтеміз. 2030 жылға дейінгі жол картасын іске асыру аясында жасанды интеллект саласындағы 51 жобаны іске қосу жоспарланған. Бір мезгілде «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін және негізгі бизнес-бағыттарды: қаржы, сатып алу, HR, инвестициялар, құқықтық сүйемелдеу, өндірістік қауіпсіздік және әлеуметтік саланы қамтитын бірыңғай корпоративтік SKAI экожүйесі дамитын болады.

3. Жаңа капитал нарықтарына шығу

Қаржыландыруды тарту бөлігінде біз капитал көздерін әртараптандыруды жалғастырамыз және халықаралық нарықтардағы қатысуымызды кеңейтетін боламыз. 2025 жылы жүргізілген дайындық жұмысы Азия капитал нарықтарына шығу үшін негіз жасады. Панда-бондтарды, Dim Sum облигацияларын шығару, сондай-ақ нарықтық жағдайларда қаржыландыру тарту жоспарлануда.

4. Әлеуметтік жауапкершілік

Қайырымдылық біздің қызметіміздің маңызды бөлігі болып қала береді. 2026 жылы денсаулық сақтауды, спорт пен мәдениетті қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік бастамаларды іске асыру жоспарлануда.

Астанадағы Балалар оңалту ұлттық орталығына локомоторлық терапияға арналған роботталған кешен, ал Кентаудағы «Дара бала» түзеу орталығына дамуы тежелген және аутистикалық спектр бұзылыстары бар балаларға арналған барокамера берілетін болады.

Бұқаралық спорт саласында хоккей және шаңғы жарысы бойынша ІІ Қысқы Спартакиадасын, 12 спорт түрі бойынша ХІ Спартакиаданы, сондай-ақ Charity Samruk Marathon қайырымдылық марафонын өткізу жоспарлануда.

Мәдени салада Доссор кентінде кітапхана мен мұражай, сондай-ақ Жаңаөзенде орталық қалалық кітапхана ашылады.

6. Қосымшалар

1-қосымша. Есепті дайындау әдістемесі

Есепті дайындау негізінде мүдделі тараптар үшін Қор қызметінің ең елеулі аспектілерін көрсетуді қамтамасыз ететін елеулілік қағидаты жатыр. Ақпарат, егер оны өткізіп жіберу, бұрмалау немесе жасыру біздің негізгі мүдделі тараптарымыз қабылдайтын қорытындылар мен шешімдерге әсер етуі мүмкін болса, елеулі деп танылады.

GRI 3: Material Topics 2021 стандартына сәйкес елеулілікті бағалау Қордың өзінің қызметі мен іскерлік қатынастары барысында экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін немесе тигізуі мүмкін әсерлерді талдауға негізделген.

Елеулі тақырыптарды айқындау төрт кезеңді қамтитын дәйекті процесс ретінде жүргізілді:

1) Тұрақты даму мәнмәтінін талдау

Бірінші кезеңде біз Қазақстанда және халықаралық деңгейде Қор қызметінің мәнмәтінін қалыптастыратын тұрақты дамудың негізгі мәселелерін қарастырдық. Мемлекеттік саясат пен реттеудің негізгі бағыттары, оның ішінде ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Әлеуметтік кодексі, 2060 жылға дейінгі Климаттық стратегия және Париж келісімі мен БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын қоса алғанда халықаралық міндеттемелер ескерілді. Қосымша түрде 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасын, «Жасанды интеллект туралы» Заңды, сондай-ақ онымен байланысты экономиканың әртүрлі салаларында ЖИ-ді енгізу шараларын қоса алғанда, Қазақстандағы ЖИ дамуының мәнмәтіні ескерілді. Біз сондай-ақ Дүниежүзілік экономикалық форум жариялайтын 2025 жылғы Жаһандық тәуекелдер туралы есепті, COP-30 жұмысының нәтижелерін, сондай-ақ GRI есептілік стандарттарындағы соңғы өзгерістерді қарастырдық.

2) Қордың әсерін айқындау

Бұл кезеңде Қор тобының экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға әсері негізгі секторлар бойынша айқындалды: мұнай-газ, мұнай-газ-химия және химия, тау-кен металлургия, көлік-логистика, электр энергетикасы және телекоммуникациялар.

Бұл үшін біз компаниялардың қызмет бейінін, олардың салалық ерекшелігін, бенчмарк-талдау нәтижелерін және портфельдік компаниялардың өздері елеулі деп айқындайтын тақырыптарды талдадық. Қосымша түрде Қор тобы бойынша ақпараттық өріске талдау жүргізілді.

Кезең қорытындысы бойынша елеулі тақырыптардың алдын ала тізбесі қалыптастырылды.

3) Бұл әсердің дәрежесін айқындау

Әр тақырып үшін біз әсердің сипатын – оң немесе теріс, сондай-ақ оның қарқындылығын 3 балдық шкала бойынша әлсізден (1) күштіге (3) дейін талдадық.

Бағалау кезінде әрбір портфельдік компанияның қызмет ерекшелігі мен компаниялар деңгейінде жүргізілетін әсерлерді өзіндік бағалау нәтижелері ескерілді. Қосымша түрде Қор портфелінде ұсынылған әртүрлі секторларда сол немесе басқа тақырыптың қаншалықты жиі елеулі деп айқындалатыны талданды, бұл тиісті әсерлердің ауқымы мен таралуын бағалауға мүмкіндік берді.

4) *Ең елеулі тақырыптарды басымдандыру.*

Бұл кезеңде алдын ала тізбеден Қордың маңызды әсерлерін барынша толық көрсететін және Есепте басым ашуға жататын тақырыптар бөлініп алынды.

Елеулі тақырыптардың қорытынды тізбесі мүдделі тараптардан кері байланысты ескере отырып, қосымша тексерілді және Есеп мазмұнын қалыптастыру үшін негіз ретінде пайдаланылды.

Қордың жоғары басшылығы Есеп пен оның мазмұнын жариялау алдында қарап, бекітеді, ал елеулі тақырыптар тізбесі Басқарма деңгейінде бекітіледі. GRI 2-14 GRI 3-1

18-кесте. 2025 жылға арналған Қордың елеулі тақырыптары. GRI 3-2

| | Елеулі тақырыптар |
|------------------------|---|
| Қоршаған ортаны қорғау | Климаттың өзгеруі |
| | Энергия |
| | Су ресурстары |
| | Атмосфералық ауаның сапасы |
| | Қалдықтарды басқару |
| | Биоәртүрлілік |
| Қоғам | Оқыту және кәсіби даму |
| | Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі |
| | Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету |
| | Қайырымдылық |
| Басқару | Комплаенс |
| | Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау |
| | Экономикалық нәтижелілік |
| | Отандық кәсіпкерлікті қолдау |
| | Инвестициялық қызмет |

Елеулі тақырыптарды басқару GRI 3-3

Біз елеулі тақырыптарды Қордың экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерін тұрақты бағалау арқылы басқарамыз. Энергияны, климаттың өзгеруін, қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды, сондай-ақ корпоративтік басқаруды қоса алғанда, негізгі тақырыптар бойынша біз ұзақ мерзімді мақсаттарды белгілейміз, олар бойынша ілгерілеу тұрақты негізде бақыланады.




Шаралардың нәтижелілігін бағалау ресми кері байланыс арналарын пайдалануды, мүдделі тараптармен тұрақты диалогты және әсер ету



көрсеткіштерін мониторингтеу жүйесін қамтиды.




ESG-тәжірибелер сапасын және нәтижелердің салыстырылуын арттыру мақсатында Қор сондай-ақ ESG-рейтингтерді алу және жақсарту жұмысын жүргізеді.



Әрбір елеулі тақырып бойынша тәсілдердің, басқару шараларының, іске асырылып жатқан бастамалар мен нәтижелердің егжей-тегжейлі сипаттамасы осы Есептің тиісті бөлімдерінде ұсынылған.


2-қосымша. БҰҰ ТДМ-ге қол жеткізудегі ілгерілеу

| БҰҰ ТДМ | БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер | 2025 жылғы ілгерілеу |
|--|--|---|
|  <p>3 ХОРОШЕЕ ЗДОРОВЬЕ И БЛАГОПОЛУЧИЕ</p> <p>Жақсы денсаулық және әлауқат</p> | <p>Жарақаттану деңгейін қысқарту және еңбек қауіпсіздігін арттыру. Денсаулық сақтау мен кәсіби даярлықты қаржыландыруды ұлғайту. Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды қамтамасыз ету.</p> | <ul style="list-style-type: none"> • LTIF жоспарлы 0,13 мәнінде 0,12 болды. • Соңғы бес жылдағы жарақаттану талданды. • Қызметкерлер мен мердігерлерді өндірістік қауіпсіздік саласындағы бағдарламалар бойынша, оның ішінде халықаралық курстар мен қауіпсіздік көшбасшылығын дамыту бойынша оқыту жүргізілді. • Өндірістік қауіпсіздікке инвестициялар 188 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды (2024 жылға +58%). • Апаттар мен төтенше жағдайларға ден қою бойынша оқу-жаттығулар, сондай-ақ алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық сабақтар өткізілді. • Инциденттерді талдау мен алдын алу үшін ЖИ-шешімдерді енгізуді қоса алғанда, өндірістік қауіпсіздік процестерін цифрландыру жалғасты. |
|  <p>4 КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ</p> <p>Сапалы білім</p> | <p>Сапалы мектепке дейінгі білімге тең қолжетімділік. Тегін бастауыш және орта білім. Білім беру саласындағы барлық теңсіздік түрлерін жою. Жастар үшін толық жұмыспен қамту, оқыту және білім. Балалардың мүдделерін, мүмкіндігі шектеулі адамдардың ерекше қажеттіліктерін ескеретін оқу орындарын құру және жетілдіру</p> | <ul style="list-style-type: none"> • 2025 жылы Қор тобының бір қызметкері орта есеппен 25 академиялық сағат оқудан өтті. • Жастармен 200-ден астам кәсіптік бағдар беру кездесуі өткізілді. • Жастарға арналған бағдарламалар дамытылуда, оның ішінде халықаралық жарыстарға шығумен және жобалық тәсілді енгізумен «7 Qadam». • ҚР-дың жетекші оқу орындарында сапалы білім алуға мүмкіндік беретін «Жарқын Болашақ», «Мұрагер», «Алып» жобалары оқушылар мен студенттер үшін жүзеге асырылуда. • Балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне сапалы білім алуға және жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін «Тәлімгер» және «Samruk Úmiti» жобалары жүзеге асырылуда. • Инклюзивті білім беру мен инклюзивті спорт саласындағы жобалар іске асырылуда. |
|  <p>5 ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО</p> | <p>Барлық әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын барлық жерде</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Әйелдер барлық қызметкерлердің 25%-ын құрады. |

| БҰҰ ТДМ | БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер | 2025 жылғы ілгерілеу |
|---|---|--|
| Гендерлік теңдік | жою, сондай-ақ саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерінде әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін көшбасшылық бойынша тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. | <ul style="list-style-type: none"> • Атырау облысында әйелдердің STEM-ге қатысуын кеңейту бойынша STEM Hanym жобасы 1 000-нан астам әйел-педагогты қамтыды, олардың 300-і сертификатталған STEM-тренерлерге айналды. • Әйелдер үшін көшбасшылық пен кәсіби дамуға арналған форум-тренинг өткізілді. |
|  <p>7 НЕДОРОГОСТОЯЩАЯ И ЧИСТАЯ ЭНЕРГИЯ</p> <p>Қолжетімді және таза энергия</p> | <p>Сенімді, тұрақты және төзімді инфрақұрылымды дамыту</p> <p>Жан-жақты және тұрақты индустрияландыруға жәрдемдесу</p> <p>Заманауи энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей қол жеткізу</p> <p>Жаңартылатын көздерден энергия үлесін ұлғайту</p> <p>Экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулерді, технологияларды, инвестицияларды дамыту</p> <p>Тұтыну мен өндіру кезінде ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Қор бойынша жиынтық энергияны тұтыну 2021 жылғы 492 млн ГДж-дан 2025 жылғы 452,3 млн ГДж-ға дейін қысқарды. • Энергожүйелердің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін WAMS жүйелерін, Smart Grid және электр энергиясы жинақтағыштарын қоса алғанда, цифрлық шешімдер енгізілді. • Жаңаөзенде қуаты 50 МВт күн электр станциясы пайдалануға берілді. • Қуаты 300 МВт Sauran Solar Power күн электр станциясын және қуаты 500 МВт Karaganda Wind Power жел электр станциясын салу бойынша жобалық компаниялар іске қосылды. • I-REC сертификаттарын қолдану кеңейтілді. |
|  <p>8 ДОСТОЙНАЯ РАБОТА И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ</p> <p>Лайықты жұмыс және өнімділіктің экономикалық өсуі</p> | <p>Толық жұмыспен қамту және тең еңбекақы төленетін лайықты жұмыс</p> <p>Еңбек құқықтарын қорғау және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі 75%-ды құрады, оң динамикамен. • Оқушылар мен студенттер үшін кәсіптік бағдарлау іс-шаралары өткізілді. • Жұмысшы мамандықтарының шамамен 160 мың қызметкері оқудан өтті. |

| БҰҰ ТДМ | БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер | 2025 жылғы ілгерілеу |
|---|---|--|
| | Жастарға арналған жұмыс, оқыту және білім беру Тұрақты экономикалық өсу Әртараптандыру, жаңғырту және инновациялар | <ul style="list-style-type: none"> • Цифрлық HR-құралдары және ЖИ негізіндегі шешімдер, оның ішінде кадрлық процестерді автоматтандыруға арналған ЖИ-агенттер платформасы енгізілуде. • Ұжымдық шарттармен 95% қамтылған. |
|  <p>9 ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ, ИННОВАЦИИ И ИНФРАСТРУКТУРА</p> <p>Индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым</p> | ҒЗТКЖ мен инновацияларды, жоғары технологиялы өндірістерді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> • Ғылыми-техникалық кеңестің 13 отырысы өткізілді, олардың қорытындысы бойынша 24 перспективалы жоба қаржыландыруға мақұлданды. • 7 ғылыми-техникалық жоба іске асырылды. • «Атырау МӨЗ» ЖШС-де айналымдағы сумен жабдықтаудың сапасын арттыру және мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау бойынша жоба аяқталды. • Суперабсорбциялық полимерлер негізінде ұңғымаларды бітеуге арналған жаңа экологиялық қауіпсіз және өзі еритін сұйықтықты эзірлеу бойынша жоба аяқталды. • Өзірленген арнайы химиялық реагентті қолдана отырып, бұрғылау кезінде сазды шөгінділерді еріту мен жою әдістерін тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау бойынша жоба аяқталды. |
|  <p>10 УМЕНЬШЕНИЕ НЕРАВЕНСТВА</p> <p>Теңсіздікті азайту</p> | Барлық қызметкерлерге арналған тең еңбек жағдайларын құру, жұмыс орнындағы қысым көрсету немесе кемсітушіліктің кез келген нысандарын жою | <ul style="list-style-type: none"> • Жалдаудың ашық жүйесі – Samruk Qyzmet (Qsamruk.kz) жұмыс істейді. • Мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің саны 3 029 адамға дейін өсті. • ДМШ адамдарын жұмысқа орналастыруға тоқсан сайынғы квоталар бөлінеді. • Адам құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы жұмысты күшейту туралы меморандумға қол қойылды. • Кемсітушілік мәселелері бойынша өтініштерді жедел өңдеу үшін «Нысана» call-орталығының сенім телефоны жұмыс істейді. |
|  <p>11 УСТОЙЧИВЫЕ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ</p> <p>Тұрақты қалалар мен елді мекендер</p> | Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету | <ul style="list-style-type: none"> • «Талдықорған – Үшарал» магистральды газ құбырын салу аяқталды. • «Достық – Мойынты» темір жол дәлізін жаңғырту аяқталды (екінші жолдар). • Алматы станциясының темір жол торабын айналып өтетін темір жол желісінің құрылысы аяқталды. • ENI-мен бірлесіп қуаты 50 МВт Жаңаөзен КЭС іске қосылды. |

| БҰҰ ТДМ | БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер | 2025 жылғы ілгерілеу |
|---|---|--|
| | | <ul style="list-style-type: none"> Жылына 2 ГВт-қа дейінгі компоненттер – гондолалар, кіндіктер, мұнаралар шығаратын SANY RE жел генераторлары зауытының құрылысы аяқталды. Маңғыстау облысының су тапшылығын шешу үшін «Кендірлі» тұщыландыру зауытының құрылысы аяқталды. «Caspi Bitum» БК ЖШС зауытында битум өндірісі жылына 500-ден 750 мың тоннаға дейін кеңейтілді. Бірден екі хабтың құрылысы аяқталды: Ақтау порты базасындағы Контейнерлік хаб және Алматыдағы ZHETYSU контейнерлік терминалы. |
|  <p>Климаттың өзгеруіне қарсы күрес</p> | <p>Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясат пен жоспарлауға қосу. Қауіпті климаттық құбылыстарға қарсы тұру мен бейімделу қабілетін арттыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> Іске асыру сатысындағы жобалар бойынша 6,6 ГВт перспективалы жасыл генерация. Парниктік газдардың жалпы шығарындылары 2025 жылы 61,9 млн т CO₂-экв. құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 14,5%-ға азайды (72,24 млн т CO₂-экв.). Климаттық тәуекелдер тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне кіреді, олар қоршаған ортамен байланысты тәуекелдер санатына айқындалған. Бірқатар портфельдік компаниялар Көміртек есептілігі жобасы (CDP) бойынша климаттық ақпаратты ашады. |
|  <p>Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар</p> | <p>Тұрақты даму мүддесінде бейбітшіл әрі ашық қоғам құруға жәрдемдесу</p> | <ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік басқару мәселелері бойынша 350-ден астам құжатқа сараптама жүргізілді. ISO 37001 және ISO 37301 стандарттарына сәйкес комплаенс-функцияның тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілді. Басқару органдарының жұмыс тиімділігін бағалауға арналған ЖИ-құралдары енгізілді. Үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеру және олардың аффилиирлілігі рәсімдерін автоматтандыру және орталықтандыру үшін E-Compliance жүйесін дамыту жалғасты. Жаңартылған корпоративтік талаптарды енгізу және E-Compliance жүйесінде жұмыс істеу бойынша комплаенс қызметтерінің қызметкерлерін оқыту жүргізілді. |

| БҰҰ ТДМ | БҰҰ ТДМ бойынша міндеттер | 2025 жылғы ілгерілеу |
|--|--|---|
| | | <ul style="list-style-type: none"> Комплаенс қызметінің қызметкерлері БҰҰ Есірткі және қылмыс басқармасы (БҰҰ ЕҚБ) Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) бірлесіп іске асыратын САВІН бастамасы аясындағы консультативтік және сараптамалық кездесулерге қатысты. |
